

НЫҒМАТУЛИН ҚАЗАҚША БАЯНДАМА ЖАСАҒАН ДЕПУТАТТЫ ШЕНЕУНІКТЕРГЕ ҮЛГІ ЕТТІ

3-бет



АСТАНАДАҒЫ ҚОНАЕВ РУХЫ

12-13-бет



НЕУТОМИМЫЙ

17-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады || №3-4 (770), 29 қаңтар, 2018




## САН ҚЫРЛЫ ДАРЫН

немесе Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығы туралы сыр

**Ж.Аймауытов – психолог жазушы. «Жан жүйесінің» авторы өз кейіпкерлерінің жан дүниесіне терең бойлап, нәзік сезім ірімдерін жіті бере білген.**

10-11 бет

# РЕСЕЙ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕГІШ ӘКІМ ШЫМКЕНТТЕ ҚАЙДАН ЖҮР?



**Ал Ресей тілін аңсаған әлгі қазақ шал Шымқалада қайдан жүр? Есеп беру жиынына қатысушылардың айтуынша, оның үш сұрағына да аудан әкімі Бауыржан Қалжанов нақты жауап беріпті. Ендеше, неге, «әкім баяндамасын орысша да жасау керек еді» деп, бүйректен сирақ шығарып отыр? Мейлі, ол өз есебі бар қатардағы қарапайым біреу дейік, ал Шымкент қаласының әкімі Нұрлан Сауранбаев кімге де болса, Мемлекеттік тілдің рөлін түсіндіруі тиіс емес пе? Ал оның орнына әкіміз әлгі шалдың алдына түсіп алып, тоқымы жалпылдап шаба жөнелуін қалай түсінеміз?**

3 бет



# ТЕГІН ЖОҒАЛТҚАН – БӘРІН ЖОҒАЛТАДЫ

**«Қазақстандық ұлт» идеясының, одан кейін «Қазақстандық бір текті ұлт» ұғымының саяси айналымға енгізілгеніне біраз уақыт болса да мемлекеттік басқару орындары мен сараптау орталықтары осы саяси әлеуметтік тың байламдардың ғылыми-практикалық нақты анықтамасын берген жоқ. Бұл мәселе жөнінде әредік ой білдіріп жүргендер жекелеген саясаткерлер мен зиялы қауым өкілдері. Олардың баспасөз бетінде жарияланған мақалаларында аталған идеяға ашық қарсылық та, ішінара қостау да, басқа балама ұсыну да бар.**

7 бет



## ЖАҢА ЗАМАНҒЫ РЕСЕЙДЕГІ ИСЛАМ

**Ел халқының 80 пайызға жуығы православ сенімін ұстанады. 2017 жылы «Левада» социологиялық зерттеу орталығы жүргізген сауалнама нәтижесі бойынша сауалға қатысқандардың 90%-ы православиеге құрметпен қарайды, ал 53 пайызы дінге сенеді.**

8 бет

**Интервью Галии КЕРЕЙ:**

# С ПОМОЩЬЮ НЕБЕСНЫХ СИЛ ЖИЗНЬ ЗЕМЛИ И ЗЕМЛЯН ДОЛЖНА НАЧИНАТЬСЯ С ЧИСТОГО ЛИСТА



**В последнее время наша планета претерпевает колоссальные изменения: идет переходный период – Земля вступила в своем развитии в новую эру, эпоху Водолея. Рушатся все привычные климатические, погодные и другие природные данные...**

14 бет

# ЦИФРЛАНДЫРУ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ЕСЕЛЕЙДІ

**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Премьер-Министрдің орынбасары Асқар Жұмағалиевті қабылдады. Кездесуде Мемлекет басшысына «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу барысы және бұған дейін берілген тапсырмаларды орындау үшін атқарылған шаралар жөнінде баяндалды.**



— Цифрландырудың арқасында Қазақстан экономикасы 30 пайызға өсуі керек, ол ақшаға шаққанда 2 триллион теңгеден асады, — деді Қазақстан Президенті. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанда жинақталған тәжірибе мен құзыреттілікті сақтау үшін цифрландыру саласындағы мемлекеттік тапсырыстарды жүзеге асыру мәселелерін саралауға отандық бизнестің белсенді қатысуы қажет екенін атап өтті.

— Цифрландыру бағдарламасы бекітілді. Мемлекет оған аз ақша бөліп отырған жоқ, сондықтан олардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету керек, — деді Мемлекет басшысы.

Асқар Жұмағалиев Қазақстан Президентіне «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының орындалуынан күтілетін нәтижелер жөнінде мәлімдеді.

— Цифрландыруды енгізудің арқасында өндіруші өнеркәсіпте өнімнің өзіндік құны төмендеп, өндіріс көлемі ұлғаяды. Сондай-ақ, электронды коммерция саласында 200 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады деп отырмыз. Біздің есебіміз бойынша, тек кеден және салық қызметтерін цифрландыру нәтижесінде мемлекет қазынасына 100 миллиард теңгеден астам қаржы түседі, — деді Премьер-Министрдің орынбасары.

Қабылдау соңында Нұрсұлтан Назарбаев «Жаһандану дәуіріндегі цифрлық күн тәртібі» атты халықаралық форумды өткізуге дайындық жөніндегі есепті тыңдап, бірқатар нақты тапсырмалар берді.

# ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

**Қазақ жеріне нағыз қыс келді. Еліміздің көптеген өңірлерінде сарышұнақ аяз жұртты әбігерге салды. Жолдар жабылып, мектептерде сабақ та тоқтатылып жатыр. Үкіметтің кезекті отырысында ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев қауіпсіздік шараларына қатысты бірқатар міндеттерді жүктеді.**

«Синоптиктердің болжамы бойынша күшті аяз тағы да бірнеше тәулікке созылады. Қазірдің өзінде еліміздің алты өңірінде ауа температурасы 30-40 °С арасында. Осындай үскірік аяз еліміздің оңтүстігіндегі төрт өңірінде болады деген болжам бар» деп атап өтті Б.Сағынтаев. Осыған орай Үкімет басшысы облыс әкімдеріне жылу орталықтарының жұмысын, соның ішінде шағын қалалардағы жылыту қазандықтарының жұмысын қатаң бақылауға алуды тапсырды. Әсіресе, аурухана, мектеп, балабақшалар сияқты әлеуметтік нысандарға ерекше назар аударылуы қажет. «Білім беру орындарында сабақтың болмайтыны туралы халықты дер кезінде хабардар етіңіздер. Қоғамдық көлік кесте бойынша жұмыс істеуі керек. Кезекшіліктің нақты тәртібі болуы шарт. Қазіргі жағдайға байланысты «102» диспетчерлік қызметі үздіксіз жұмыс істеуі тиіс. Ішкі істер министрлігі автожолдарды бақылап, керек кезде барлық көлік құралдарының қозғалысына шектеу қою туралы шешімді дер кезінде қабылдауы шарт» деді Үкімет басшысы. Сондай-ақ, әкімдіктер көлік жүргізушілері мен жолаушыларды жылытуға арналған жылжымалы бекеттердің жұмысын ұйымдастыруы тиіс. Сол жерде ыстық тамақ берілуі шарт. «Мемлекеттік органдар мен жеке меншік ұйымдардың басшыларына айтарым, өз қызметкерлеріңізді жұмыста ұзақ ұстамаңыздар. Мүмкін болса, барлық қызметкерлерді үйге дейін жеткізуді ұйымдастырыңыздар» деп тапсырды Б.Сағынтаев.



# АНАҒА ТІЛ ТИГІЗУ – АУЫР ҚЫЛМЫС

**Павлодар облысы Шарбақты аудандық сотында өз анасына тіл тигізген ер адамға қатысты әкімшілік іс қаралды.**

Шарбақты тұрғынының жасы 60-қа таяп қалғанына қарамастан, үйде жанжал шығарып, анасына тіл тигізген. «Сотта оның 2018 жылы 7-қаңтарда ешбір себепсіз жанжал шығарып, өз анасын балағаттағаны анықталды. Аталған тәртіп бұзушылық осымен екінші рет қайталанған. Сот отырысы кезінде ер адам өз кінәсін толығымен мойындап, қатты өкінетінін де жеткізді. Дегенмен, сот оны Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабы, 2-тармағы бойынша кінәлі деп танып, 8 тәулікке дейін бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Анаға тіл тигізу ауыр қылмыс екенін көрсеткен бұл сот шешімі өзгелерге де сабақ болар деп сенеміз.



# ЕКІ ҮЙГЕ БІР КӨСЕУ

**Үкіметтің кезекті отырысында құқық қорғау қызметі мен сот сараптамасын цифрлық жүйеге көшіру жайы қаралды. Осы орайда ҚР Бас прокурорының орынбасары Марат Ахметжанов салада орын алған бірқатар мәселелерді көтерді.**

«Қазіргі кезде қылмыстық істі онлайн режимде жүргізуге болады. Мәселен, бүгінде 250 қылмыстық іс электронды форматта қаралып жатыр. Сотқа 33 іс жіберілді. Осының арқасында шалғай жердегі қылмыстық істерді жүргізу жұмысын Ішкі істер министрі де, Бас прокурор да қадағалай алады. Ондайда заңды бұрмалауға жол берілмейді. Адвокат та, зардап шеккен адам да мемлекеттік органдарын табалдырығын тоздырмай, арызын электронды нұсқада бере алады», — деді М.Ахметжанов.

Оның айтуынша, осы салада бірқатар мәселелер бар. Біріншіден, сигналдың күші әлсіз. Соның салдарынан электронды жүйенің жұмысында ақаулықтар болады. Екіншіден, тергеушілерге кеңсе техникалары және тағы басқа материалдар жетіспейді. Қазір бізде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру басталды. Алайда жергілікті жерлерде тергеушілер мен қылмыстық процестің басқа да қатысушылары компьютерлерде кезектесіп жұмыс істеуге мәжбүр. Қазақшалап айтсақ — екі үйге бір көсеу. Бұдан бөлек, кейбіреулері кеңсе техникасын мүлдем қолдана алмайды екен.



# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ЖАҢА ХИКМЕТТЕРІ ТАБЫЛДЫ

**Оңтүстік Қазақстан облысында Қожа Ахмет Ясауидің 100-ге жуық еш жерде жарияланбаған хикметтері табылды. XVI ғасырға тән 475 беттік қолжазба сайрамдық белгілі тарихшы, Тұран ғылым академиясының академигі Мирахмад Мирхалдарұлының қолжазбалар қорында сақталыпты.**

Оңтүстік Қазақстан облысында «Бабалар мұрасы ізімен» жобасын қолға алған болатын. Жоба аясында рухани құндылықтарды іздеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде түрлі кезеңдерде өмір сүрген ақын-жазушыларға тиесілі бірнеше қолжазба мұралар табылды. Сол құнды жәдігерлердің бірегейі саналатын Ясауидің хикметтері бұрын қазақ тілінде жарияланбағаны дәлелденіп отыр. Құнды қолжазба шамамен XYI ғасырға тиесілі және бұрын баспа бетін көрген хикметтерден айтарлықтай айырмашылықтары бар. Ясауидің жаңадан табылған хикметтерін қазақ тіліне аудару, баспаға дайындау — Ясауитану саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бүгінде құнды жазбалардың транскрипциясы мен қазақ-түрік тілдеріне аудару жұмысы қолға алынып, аталған шараға белгілі шығыстанушы ғалым, ф.ғ.к., доцент Төрәлі Қыдыр және түркиялық әріптесі Надирхан Хасан үлес қосуда. Жалпы ғалымдар Ясауи туралы біраз зерттелір, көптеген еңбектер жазылғанымен, әлі күнге дейін жарыққа шықпаған дүниелері жетерлік екенін айтады.

# САТЫП АЛУДЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ҚҰРЫЛАДЫ

**Алдағы уақытта мемлекеттік мүлікке тауар мен қызметтерді сатып алудың орталықтандырылған қызметін құру жоспарлануда. ҚР Қаржы вице-министрі Руслан Бекетаев мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алулар саласындағы заңнамаға өзгерістер мен толықтыруларды таныстырды.**

Руслан Бекетаевтың айтуынша, аталған қызметтер арқылы шеуніктердің қызметтік көліктері де сатып алынады. «Алдағы уақытта тауар мен қызметтерді ғана емес, көлік құралдарын да орталықтандырылған жүйеге келтіру жоспарланып отыр. Енді, аталған мәселе заңда ашық жазылмаса да, тиісті ережелерге сілтеме беріледі. Ал ережелерде біз көлік құралдарын орталықтандырылған жүйемен сатып алу міндетін нақты жазып қоямыз. Бұрын ондай жүйе болмаған. Заң жобасы сатып алудың орталықтандырылған қызметін құруды көздейді. Қаржы министрлігі болса, тауар мен қызметтерден бөлек, көлік құралдарын да аталған қызметтер арқылы сатып алуға ден қояды», — деді Р.Бекетаев журналистерге берген сұхбатында.

Оның айтуынша, мемлекеттік сатып алулар кезінде демпингке қарсы норма енгізіледі. Қазіргі кезде осы салада тауар мен қызметтерді сатып алу мәселесі ушығып тұр. Әсіресе әкімдіктер мен министрліктер миллиондаған қаржыға қымбат көліктерді өз қалауынша сатып алып, көпшіліктің наразылығын тудырғаны белгілі. Бұдан былай қымбат көлік мінгісі келетін шенеуніктерге тосқауыл қойылады.

# ЖЕҢІМПАЗДАРҒА СЫЙАҚЫ ДАЙЫН

**Оңтүстік Кореяда өтетін XXIII қысқы Олимпиада ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері қанша сыйақы алатындары белгілі болды.**




Қысқы Олимпиадада чемпион атанған спортшы 250 мың, күміс медаль жеңіп алған спортшы 150 мың, ал қола медальға қол жеткізген спортшы 75 мың АҚШ доллары көлеміндегі сыйақыға ие болады. Бұл туралы Алматы облысы Талғар ауданында орналасқан AIBA академиясында Олимпиадаға қатысушыларды шығарып салуға арналған арнайы баспасөз мәслихаты барысында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Елсияр Қанағатов журналистерген берген сұхбатында айтты. Сондай-ақ, Олимпиадада 4-орын алған спортшы 30 мың, 5-орын 10 мың, 6-орын алса 5 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақыға ие болатынын да атап өтті. Естеріңізге сала кетейік, Пхенчхандағы қысқы Олимпиада ойындары 9-25 ақпан аралығында өтеді.

# РЕСЕЙ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕГІШ ӘКІМ ШЫМКЕНТТЕ ҚАЙДАН ЖҮР?



**Мемлекеттік тіліміз – Қазақ тіліне жасалып жатқан кедергілерді еліміздің солтүстігінен көп көріп үйреніп қалған жұрттың бұл жолғы тосқауыл қалың қазақтың өлкесі Оңтүстіктің ордасы – Шымкенттен шыққанда шу ете қалуын түсінуге болады.**

Иә, үш ұйықтасаң, түсіңе кірмейтін жағдай. Бәрі Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы әкімі Бауыржан Қалжановтың есеп беру жиынында мемлекеттік тілде жасаған баяндамасы туралы бір тұрғынның: «Әкімдік мемлекеттік мекеме болып табылады. Құрметті аудан әкімі, сіз Конституцияның бір бабын бұздыңыз, орысша да сөйлеуіңіз керек еді» – дегенінен шықты. Сол, сол-ақ екен, Шымкенттің әкімі Нұрлан Сауранбаев:

***– Елбасы бізге пример де көрсетіп жатыр. Везде на всех мероприятиях должны вестись на двух языках. Вот вы Послание Жолдауды соңғы естідіңіз ғой? Два вопросы Елбасы қазақша айтты, екі вопросты орысша айтты. Поэтому в этом отношений доступность информации и Конституционная права они должны всегда соблюдаться. Поэтому Бауыржан 10 балный система, саған... сізге бәрі солай деді. Бірақ, мына жағынан я думаю есть вопросы которые... Баяндама жасағанда тағы да ішінде или дополнение обязательно нетіп неғылыңдар. Ол жағынан я думаю правильное замечание от жителя города была. Поэтому эти вопросы я думаю что надо обязательно соблюдать.***

Осылай деген Сауранбаевтың мемлекеттік тілде сөйлеген аудан әкімі Бауыржан Қалжановқа разылық білдірудің орнына, одан Ресей тілінде де сөйлеуді талап етуін қалай түсінуге болады? Бұндай жалпақшешей құлдық сананы қандай саясатқа жатқызамыз? Жалпы, бізге, Тәуелсіздігіне ширек ғасырдан асып кеткен мемлекетте, қазағы 90 пайыз өңірде бұрынғы қожайын болып қалған кеңес империясы тілін аңсаған әкімді де, министрді де, кез келген шенеунікті орнынан алып тастайтын кез баяғыда келді. Әрине, ондай әкімдер, министрлерді оларды тағайындағандар ала қоймас, біз – халық, яғни қоғам алып тастауға мәжбүр етуіміз керек.

Ал Ресей тілін аңсаған әлгі қазақ шал Шымқалада қайдан жүр? Есеп беру жиынына қатысушылардың айтуынша, оның үш сұрағына да аудан әкімі Бауыржан Қалжанов нақты жауап беріпті. Ендеше, неге, «әкім баяндамасын орысша да жасау керек еді» деп, бүйректен сирақ шығарып отыр? Мейлі, ол өз есебі бар қатардағы қарапайым біреу дейік, ал Шымкент қаласының әкімі Нұрлан Сауранбаев кімге де болса, Мемлекеттік тілдің рөлін түсіндіруі тиіс емес пе? Ал оның орнына әкіміміз әлгі шалдың алдына түсіп алып, тоқымы жалпылдап шаба жөнелуін қалай түсінеміз?

Осындай масқара – өз елінде, өз тілінде – мемлекеттік тілде сөйлегені үшін әкімді өз әкімі кінәлап, өзге мемлекеттің тілінде сөйлеуді талап етуі бізден басқа ешқандай елде болуы мүмкін емес. Осындай орысқұлдық Өзбекстанда болса, Сауранбаевтың саудасы бітіп, әлгі арандатушы шалдың жағдайы тіпті қиын болар еді...

Осы мәселені алғаш көтерген оңтүстіктегі Rgmedia.kz сайтының тілшісі Абылай Есімбайдан бастап, қазақ сайттары мен әлеуметтік желіде барлық қоғам қайраткерлері, журналистер өз пікірін білдіріп, Шымкенттің әкімін шықпыртып сабап жатыр. «Қазақ үні» ұлттық порталы **«Нағыз шала казахский» – Шымкент әкімі өзінің қай тілде сөйлейтінін біле ме?»** атты мақала жариялады. «Оңтүстіктегі 3 миллион қазақтан Шымкенттің әкімі болатын тілі таза, ділі мықты, намысы бар бір қазақ табылмады ма, Жансейіт Түймебаев мырза! Мемлекеттік тілде сөйлеген аудан әкімі Бауыржан Қалжановты мақтаудың орнына, керісінше «Ресей тілінде сөйлеу керек» дейтін, қазақша таза сөйлей алмайтын, мемлекеттік тіл туралы заңды білмейтін Сауранбаев деген сауатсыз қалай әкім болып жүр? Шымкенттің әкімі етіп таза қазақша сөйлеп, баяндама жасаған Бауыржан Қалжановты қойып, Сауранбаевты сауатын арттыру курсына жіберу керек» – деген айыптаулар интернетте иін тіресіп жүр.

Алматының әкімі Бауыржан Байбек ел алдында орысша сөйлеген қазақ қызына «Қазақша сөйлеу керек» деп қайтарып тастайды. Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев орысша сөйлеген қытай кәсіпкеріне «Қазақша сөйлеңіз» деп талап етеді. Нағыз заңды қадағалаушы орган – Бас прокурордың кеңесшісі Нұргүл Қарағойшина Астананың өзінде биік мінберде, бар журналистің алдында орыс тілінде қойылған сұраққа жауап бермей, тек мемлекеттік тілде сөйлейді. Түрік азаматы Оғыз Доған жер түгілі аспанда да Қазақ тілін талап етіп, мемлекеттік тілде қызмет көрсетпеген «Эйр Астананы» сотқа беріп жеңеді. Ал қалың қазақтың ордасы Шымкентте Нұрлан Сауранбаев мемлекеттік тілде сөйлеген әкіміне разылық танытудың орнына одан Ресей тілінде сөйлеуді талап етеді... Нағыз парадокс! Өзінің сөзіне қарасаң, қазақшасы аз, орысшасы басым ойран ботқа! «Шымқалада жоқ, жоқ» – деген ән осы қала әкімінің намысы туралы айтып жүрген жоқ па екен деп ойлап қаласың...

Егер осы жиында Бас прокуратура кеңесшісі Нұргүл Қарағойшина болса, Шымкенттің әкімі Сауранбаевтың сауатын ашып кетер еді... Ал Керекудегі қазақ тілі үшін кеудесімен трамвай тоқтатып жүрген Руза болса, әлгі Ресей тілін сұрағыш обалы жоқ орысқұл шалды алдына салып айдап шығар еді сол жерден...

Бұдан біз Шымкент әкімінің қазақ баспасөзін оқымайтынын айқын аңғардық. Егер оқыса, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ біреу ғана, ол –ҚАЗАҚ ТІЛІ екенін көзі шалып қалар еді де, қаладағы есеп беру жиынында әлгіндей мемлекеттік тіл туралы сауатсыз сөзін айтып, ұятқа қалмас еді...

Біз де қазақ баспасөзінің бірі ретінде Мемлекеттік тіл туралы әкімдер мен министрлерге оқыған тегін дәрісімізді тағы да қайталай кетейік.

## ҚАЙ ТІЛГЕ БОЛСА ДА, ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАУАП БЕРСЕҢІЗ – ЗАҢДЫ БОЛАДЫ!

«Орысша жауап бермеді, қазақша жауап берді немесе қазақша сөйледі» деген шағымдану ЗАҢСЫЗ, себебі ҚАЗАҚ ТІЛІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ! Тілдер туралы заң бойынша, сауал немесе өтініш орыс тілінде бола ма, өзге тілдерде бола ма, бәріне Сіз ҚАЗАҚ ТІЛІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ жауап берсеңіз – ОЛ ЗАҢДЫ!

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» **ҚР Заңының 4-бабына** сәйкес – Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл болып – қазақ тілі танылады және барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға міндетті. **9-бап.** Мемлекеттік органдар актілерінің тілі. Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

**11-бап.** Азаматтардың өтініштеріне қайтарылатын жауап тілі.

«Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі»деп жазылған. Яғни, Тілдер туралы Заңның 4- 9-11-баптары бойынша азаматтар мен заңды тұлғалар тарапынан түскен арыз-шағымдарға жауапты, олардың қай тілде берілгеніне қарамастан, мемлекеттік тіл – қазақ тілінде қайтаруға құқылы!

Яғни, Сіз қай тілде, орыс тілі ме, шүршіт тілі ме, т.б. тіл ме, сұрақ қойылса да, ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЖАУАП БЕРСЕҢІЗ – ЗАҢДЫ БОЛАДЫ. ӨЙТКЕНІ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӨЗІ ҚОЛ ҚОЙҒАН ЗАҢЫМЫЗДА ОСЫЛАЙ ЖАЗЫЛҒАН. Ол үшін Сізді ЕШКІМ ЖҰМЫСТАН ШЫҒАРА АЛМАЙДЫ. ҚАЙТА ПАТРИОТТЫҒЫҢЫЗ ҮШІН АЛҒЫС ХАТ, қалауы болса, тіпті сыйақы беруі керек!

**Тіл туралы занда ең жоғары статус – Мемлекеттік тіл статусы. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл статусынан жоғары статус болмайды. Сондықтан сауатсыздардың (министр ме, әкім бе, депутат па, сатушы ма, бәрібір) қандай да бір орыс тілінің «мәртебесі» туралы «ережелері» МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ қасында бос сөз болып табылады!**

**2007 жылы Мәжіліс депутаты ақын Мұхтар Шаханов бастаған бір топ депутаттың: «Конституция бойынша орыс тілі мемлекеттік тілмен бірдей болып табыла ма?» деген сұрағына Конституциялық Кеңес: » Атазаңның 7-бабы 2-тармағы бойынша «Орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар қолданылады»- деген сөз – орыс тіліне мемлекеттік тілмен бірдей статус бермейді» деп Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 ж. 23-ақпандағы №3 қосымша қаулысымен жауап берген.**

**Яғни, «орыс тілінің статусы мемлекеттік тілмен бірдей» деген сөз ойдан шығарылған, орыс тілінің құқын асыра пайдаланған орыс тілділер жасап алған жалған «статус».**

**P.S. Қоғамдық пікірдің күшейіп, ықпалды болып келе жатқанының жарқын белгісі – бүгін Шымкент қаласы Қаратау ауданының әкімі Ғабит Мәуленқұлов халық алдында есеп беріп, 15 минуттық баяндамасын 100 пайыз мемлекеттік тілде жасады. Бұл қорытынды есеп беру кездесуіне қала әкімі Нұрлан Сауранбаев арнайы қатысып, тек қазақ тілінде сөйледі. Бұл туралы «Кеше елден сөз естіген Сауранбаев бүгін тек мемлекеттік тілде сөйледі» деп хабарлайды Rgmedia.kz ақпараттық порталы.**

**Оңтүстіктен оңды жаңалықтар естігенге не жетсін!**

**Қазыбек ИСА**

*qazaquni.kz*

# НЫҒМАТУЛИН ҚАЗАҚША БАЯНДАМА ЖАСАҒАН ДЕПУТАТТЫ ШЕНЕУНІКТЕРГЕ ҮЛГІ ЕТТІ

**Мәжілісте депутат Наринэ Микаелян «Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» заң жобасы бойынша қосымша баяндамасын бастан-аяқ қазақша жасап шықты.**

Микаелян баяндамасын жасап болған соң мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин: «Рахмет. Жарайсың, Наринэ Гамлетовна!», – деді. Төрағаның бұл сөзіне депутаттар қол соғып, қолдау көрсетті.

«Меніңше, көптеген азаматтарға жақсы үлгі көрсетті. Әсіресе, сол жақта отырғандарға», – деді Нұрлан Нығматулин.



Ал сол жақта заң жобасы бойынша депутаттардың алдында баяндама жасап, олардың сұрақтарына жауап беретін мемлекеттік органдардың өкілдері отырады. Бұл отырыста архив ісі мәселелері туралы заң жобасы бойынша мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы баяндамасын толық дерлік орыс тілінде жасады. Бұдан бөлек бірқатар министрліктің лауазымды тұлғалары қазақша қойылған сұрақтарға ресми тілде жауап берді.

Наринэ Микаелян қазақша баяндаған заң жобасын депутаттар мақұлдады. Депутаттың айтуынша, аталған заң жобасы Қазақстанның халықаралық шарттары туралы заңына сәйкес әзірленді.

«Шарт 2017 жылы 15 маусымда Ханойда жасалды. Бұл шартта қылмыскерлерді экстрадициялау бойынша Қазақстан мен Вьетнамның құқық қорғау органдарының өзара іс-қимыл жасау мәселелері реттеледі. Шартқа ұстап беру саласындағы еуропалық стандарттар енгізілген. Сондай-ақ ұстап беруге әкеліп соғатын негіздер мен ұстап беруден бас тарту шарттары жан-жақты реттеледі. Сонымен қатар шартта уақытша ұстап беру мен ұстап беруді кейінге қалдыруды реттейтін нормалар да бар. Ұстап беру мәселелерінде тікелей өзара іс-қимыл жасайтын екі мемлекеттің орталық органдары айқындалған. Құжаттарды беру тәртібі мен олардың рұқсат етілуі ескерілген. Шартты ратификациялау жоғары аталған барлық мәселелердің реттелуіне кепілдік береді. Бұл шарт біздің елде экстрадицияға байланысты рәсімдік сипаттағы кез келген ықтимал мәселелерді шешуге мүмкіндік жасайды. Шарттың ережелері еліміздің Конституциясына, басқа да қолданыстағы заңдарына халықаралық құқықтық нормалар мен қағидаттарға сәйкес келеді. Сонымен қатар шарт екі ел арасындағы қылмысқа қарсы күресте тиімді ынтымақтастық жасауға оң әсер етеді», – деп баяндады Микаелян.

*qazaquni.kz*

# «АҚ ЖОЛ» СЕРКЕЛЕРІ ӘРІПТЕСТЕРІН АРДАҚТАДЫ

**«Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев пен оның орынбасары, танымал ақын Қазыбек Иса бастаған ұйым серкелері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Әл-Фараби» кітапханасында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Сөйтіп, «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының құрылғанына 100 жыл толуына орай лайықты еңбек сіңірген әріптестеріне зор ризалық білдірді.**
**Бейресми пікір алысу жағдайында өткен шырайлы кездесуде бірқатар танымал ғалымдар мен оқытушы-ұстаздар, журналистер арнайы «Алғыс хат» пен «Алаш ұлттық автономиясының 100 жылдығы құрметіне» атты естелік медалімен марапатталды.**



**Азат ПЕРУАШЕВ,**
**Қазақстанның «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты:**

– Былтыр жыл аяғында «Алаш» қозғалысына байланысты халықаралық конференция өткізгенімізде, Түркиядан келген делегаттардың бірі Алаштың бас ақыны Мағжан Жұмабаев туралы тартымды баяндама жасады. Біз сол сөздің негізінде Үкіметке депутаттық сауал даярлап ұсындық. Онда «Алаш» тақырыбы ауқымын біртіндеп кеңейте беретіндігіміз айтылды. Мағжан оқуларын жылма-жыл үздіксіз өткізуді дәстүрге айналдыру мәселесі көтерілді. Және оны ақынның атамекені Қызылжарда өткізу ұсынылды. Одағы мақсат – солтүстік аймақта орналасқан көршілердің де көзін ашу, сөйтіп, біздің мемлекеттігіміздің аспаннан түспегенін, оның тамырлары тым тереңнен нәр алатынын дәлелдеу еді.

Көп ұзамай Үкіметтен де ресми жауап келді, олар біздің бастамамызға қуана қолдау білдірді. Осылайша, істің лайықты деңгейде атқарылуы үшін жергілікті әкімдіктерге тапсырма берілді.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында экономикаға көбірек назар аударғанын білесіздер. Сондықтан біз де осы бағытты ұстанатынымыз түсінікті. Елбасы сонымен қатар былтыр басталған рухани жаңғыру идеясын да тиісті деңгейде жалғастыруды атап көрсетті. Өйткені бұл, расында да, өте өзекті, күн тәртібінен түспейтін, аса маңызды бағдар екені аян. Біз де сол мүмкіндіктерді ұтқыр пайдалана отырып, бастаған жұмысты сәтті жалғастыруға ұмтыламыз.

Былтыр тарихымызда тұңғыш рет ресми түрде мемлекеттік органдарда «Алаш» қозғалысы тақырыбына айрықша назар аударып, кейбір мемлекеттік органдармен пікір алмастық. Бұл бағытта айтарлықтай шаруалар атқарылды. «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының құрылғанына 100 жыл толуын жақсы атап өттік. Бір атап айтарлығы, бұл мерейтой әдеттегіше даңғаза шумен, аста-төк табақ тартып, бір-бірімізді қолпаштаумен емес, жоғары ғылыми, лайықты парасат, ресми мән-мағына деңгейінде атқарылды. Және «Алаш» тойы ел ішінде ғана сөз болып қана қойған жоқ, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, ақын Қазыбек Иса екеуміз қатысқан Бейжің жиынында да қозғалды. Мысалы, мен сол дүниежүзілік саяси партиялары басшыларының конгресінде екі жүз мемлекеттен келген алты жүзден аса делегаттың алдында орыс және ағылшын тілдерінде баяндама жасадым. Сонда Қазақ еліндегі ең алғашқы саяси «Алаш» партиясының құрылғанына 100 жыл толып отырғанына баса мән берілді. Делегаттар баяндаманы өте қызу қабылдап, ұзақ қол соқты.

Мұны айтып отырған себебім, «Алаш» тақырыбы баяғы Совет өкіметі тұсынан бастап Тәуелсіздік алған жылдарымызға дейін белгілі қысымға ұшырап келгені мәлім. Тіпті, егемендік кезеңінің өзінде де бұл бағытқа қатаң тыйым салынғандай күй кешкеніміз жасырын емес. Мәселен, мына отырған Мәмбет Қойгелдиев, Талас Омарбеков сынды атақты тарихшылардың өзі осы салаға барлық ғұмырларын арнаса да, аса құлаш жаза алмай келгендей еді. Өйткені, кейбір шенеуніктер бұл тақырыпты қозғатпауға тырысқан. Тосқауыл қоюға мүдделі болған. Бейресми болса да, түрлі әрекеттермен қарсылық жасаған. Ал былтырғы жылдан бастап сол сіресken сең сөгілді деуге негізіміз бар. Жол ашылды. Сондықтан осы бағытта аянбай тер төгіп келе жатқан мына сіздерге – аға буын өкілдеріне, ғалымдарға, зерттеушілерге, қаламгер ағайындарға партия жетекшісі ғана емес, жай қатардағы қоғам мүшесі ретінде де шынайы алғыс сезімімді білдіргім келеді.

**Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ,**
**тарих ғылымының докторы, профессор:**

– Мынау отырған зиялылар, оқытушы-ғалымдар, журналист ағайындар «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Тұрлыбекұлы Парламентке барғалы бері қоғамға бір жаңаша леп әкелгендей жағдайды сезініп отырмыз. Біздің халыққа осындай бір айқын, ашық дауыс керек еді; Парламент мінберінен айқайлап, көкейкесті мәселелерді ең жоғары дәрежеде қасқайып тұрып айтатын, Үкіметті жалт қаратқандай қуатты үн қажет еді. Осы даусс ролін біздің Азат бауырымыз мүлтіксіз атқарып жүр деп ойлаймын. Оның көмекшісі Қазыбек Жарылқасынұлы да ортақ іске лайықты атсалып, биік ұлттық мүдде бағытында қыруар міндеттер тындырып жүргенін білеміз.

«Ақ жол» алғаш саясат сахнасына көтерілгенде бұлар «Алаш» ұстанымында болады дегенде, ай, қалай болар екен деп толқығанымды жасырмаймын. Міне, содан беріде қаншама жылдар өтті, мен өз басым алаштанушы ретінде, «Ақ жолдың» біздің ойымызды, зиялылардың, ғалымдардың ойын биік деңгейде айтып жүрген ұйым екеніне куә болып келеміз. Сондай бір партия, осындай бір жарқыраған көрнекті жетекші керек-ақ еді. Сол үшін ұйым жетекшілеріне көптен-көп рахмет айтқым келеді. Азат бұл істі тек партияның лидері болғандықтан ғана атқарып жүрген жоқ, біз соны білеміз. Осы іске оның жаны, жүрегі жақын. Істің нәтижелі болуы да сол себептен. Әлгінде, жақсы айтылды, былтыр Алаштың 100 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтті. Біз көп жағдайда әлі күнге дейін жоғарыдан нұсқау күтіп дағдыланып қалғанбыз, билік тапсырма берсе екен, Үкімет қаулы шығарса деп қарап отырамыз. Олай болып жатса, әрине, құба-құп. Бірақ біз ондайға қарап отырмауымыз керек қой. Алаш мұраттарын жүзеге асыру – ешбір қаулыға қарап тұрмайды. Бұл біздің – зиялы қауым, ғалымдар, ақын-жазушылар, журналистердің ұлттың алдындағы міндеті, қастерлі борышы болуға тиісті. Бәріміздің белсенділік танытуымыз қажет. Ешқандай марапат дәметпестен, қастерлі істі шегіне жеткізуге үлес қосуға тиістіміз. Сондықтан «Алаш» туралы айтылатын сөз әлі алда деп ойлаймын. Біз қазір үлкен істің алғашқы баспалдақтарында ғана тұрмыз. Іске сәт дегім келеді.

**Талас ОМАРБЕКОВ,**
**тарих ғылымының докторы, профессор:**

– Бірден айтайық, «Ақ жол» партиясы – өте бір қажет ұйым. «Ақ жол» – парламенттік партия. Алдағы уақытта да солай бола береді деп ойлаймын. Расын айтқанда, өз басым саяси ұйымдардың қайсысы бар, қайсысы жоқ екенін де ажырата бермейтін сияқтымын. «Нұр Отаннан» басқа партиялардың аттарын да ұмытып қалдым десем, өтірік емес. Ал «Ақ жолдың» орны бөлек. Бұл – халыққа етене жақын партия. «Ұлттық» демейақ қояйық, бірақ дәл қазіргі таңда бүкіл қазақ интеллигенциясының ұйымына айналғанына дау жоқ. Осы партияның арқасында Парламентке де сөзімізді өткізе алатын болдық.

Жоғарыда шет жағасы айтылды, бүгінге дейін Алашордаға байланысты екі ірі конференция өткізген екенбіз. Маңызды іс-шараның бірі Түркия елінде өтті. Солардың барлық қаражатын «Ақ жол» көтерді. Жалпы, алғанда, бұл ұйымның ұлттық мақсаттар жолында атқарып отырған еңбектері қыруар. Партия серкелерінің бізбен ылғи жақын араласып, ғылыми жұмыстарымызға ықылас қойып, ықпал етіп, қолдау жасап отыратының өзі көңіл қуантпай қоймайды. Міне, енді кезекті мәрте арқамыздан қағып, қанаттандырып отыр. Зор алғыс сіздерге!

*qazaquni.kz*

**«АЛҒЫС ХАТПЕН» МАРАПАТТАЛҒАНДАР**

*Өмірзақ Айтбаев, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті;*
*Мәмбет Қойгелдиев, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры;*
*Талас Омарбеков, ҚР ҰҒА Құрметті академигі, профессор;*
*Серік Жанболат, «Алаш айнасы» порталының Бас редакторы;*
*Құлтөлеу Мұқаш, «Қазақ үні» газетінің Бас редакторы.*

**«АЛАШ ҰЛТТЫҚ АВТОНОМИЯСЫНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ» АТТЫ ЕСТЕЛІК МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛҒАНДАР**

*Меңдігүл Ноғайбаева, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих, археология және этнология факультетінің деканы, тарих ғ.к.;*
*Дәулет Байгелдинов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің деканы, Заң ғылымының докторы, профессор;*
*Арман Жұмаділ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, тарих ғ.к., «Ақ жол» ҚДП-ның Алматы қалалық филиалының мүшесі;*
*Серікқали Тыныбеков, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң ғылымының докторы, профессор, Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі;*
*Светлана Смағұлова, Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті, «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, тарих ғ.д.;*
*Әділ Жүнісов, Нархоз университеті Құқық және мемлекеттік басқару мектебі деканы, педагогика ғ.д., профессор;*
*Қалима Түйенбаева, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының директоры;*
*Көгершін Жамықанова, «Ақ жол» ҚДП-ның Алматы қалалық филиалының мүшесі;*
*Ақжамал Оразбаева, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих, археология және этнология факультеті деканының орынбасары, тарих ғ.к., доцент;*
*Дәурен Қуат, «Абай» KZ» порталының Бас редакторы;*
*Досымбек Өтеғалиев, «Заң» корпорациясының президенті;*
*Ақберен Елгезек, «Ұлт KZ» порталының Бас редакторы;*
*Дина Елгезек, омбудсмен, тәуелсіз журналист;*
*Айнұр Төлеу, «Атамекен» газеті Бас редакторының орынбасары;*
*Жазира Байдалы, «Қамшы KZ» порталының редакторы;*
*Қалдарбек Көмекбаев, «Алаш айнасы» порталының редакторы;*
*Нұргелді Әбдіғани, «Абай» KZ» порталының редакторы.*

# «АК ЖОЛ» ТРЕБУЕТ СОКРАТИТЬ РАСХОДЫ И КОЛИЧЕСТВО ЧИНОВНИКОВ В МИНИСТЕРСТВАХ



**Партия «Ак жол» повторно требует сократить на 10 % расходы и количество чиновников в министерствах, передающих полномочия в конкурентную среду – об этом заявил Азат Перуашев 24 января в депутатском запросе фракции «Ак жол».**
**Напомним, что в запросе от 6 декабря 2017 г. «акжоловцы» подняли ряд системных проблем, включая вопросы оптимизации расходов бюджета и сокращения численности чиновников, высвобождаемых в результате передачи их функций в конкурентную среду.**

Основанием для этого предложения послужил инициированный Президентом Н.Назарбаевым План нации «100 шагов», где, в частности, основной целью 97-го шага указано сделать Правительство – цитирую – «компактным за счет сокращения несвойственных государству и избыточных функций» – цитата окончена.

В поступившем ответе Правительство отказывается сокращать бюджетные расходы и чиновников госорганов в ходе передачи их функции самоуправляемым организациям, что прямо противоречит Плану нации.

Своё несогласие с официальным поручением Президента Правительство обосновывает тем, что государственными служащими, помимо передаваемых функций, якобы выполнялись и другие задачи. По этой логике чиновники продолжат получать ту же зарплату и премии, те же кабинеты и персональные автомобили, хотя и за меньший объём работы. И затраты бюджета, хотя и при меньших задачах, экономить никто не собирается. «Мы не можем назвать такой подход ничем другим, как бюрократической отговоркой, неэффективным использованием государственных средств и официально выраженным несогласием с требованием Главы государства», – заявил руководитель парламентской фракции.

Напомним, что передача функций в саморегулируемые организации сопровождается введением обязательных членских взносов предпринимателей в эти добровольно-принудительные учреждения, с их собственным бюрократическим аппаратом и своими аппетитами на зарплаты, премии и офисы.

То есть, правительство осознанно усиливает финансовую нагрузку на бизнес, но от своих расходов отказываться тоже не собирается. Именно на это нацелены законопроекты Правительства по передаче функций, которые преподносятся обществу как «поддержка предпринимательства».

«Сложно говорить о поддержке предпринимательства на фоне саботажа прямого поручения Президента по формированию компактного, а значит эффективного и недорогого правительства, закреплённого в Плане нации по 5 институциональным реформам», – добавил депутат.

Помимо Плана нации, в подпункте 5) Раздела «Ожидаемые результаты» Концепции государственного регулирования предпринимательской деятельности до 2020 г., утвержденной постановлением Правительства от 18 апреля 2014 г. № 380, определено, что прямым результатом развития саморегулирования должно стать снижение расходов бюджета на 10 процентов.

То есть, закреплены не только пожелания по снижению расходов и численности госаппарата, но и их конкретные параметры.

«Каким же образом и когда Правительство успело пересмотреть не только поручения Президента, но и собственную Концепцию?», – задаются вопросом «акжоловцы».

Азат Перуашев привел данные исследования ОЭСР «Government at a Glance», согласно которому доля чиновников в общей численности работающего населения Казахстана составляет 21%. Для сравнения, этот показатель в США и Германии составляет 14%, в Австрии – 10%, в Китае – около 9%, в Японии – меньше 8%, в Южной Корее – 6,5%.

На 18 млн. граждан Казахстана мы имеем около 100 тысяч сотрудников госаппарата, тогда как в Японии на 128 млн. человек населения приходится всего 9 тысяч госчиновников или в среднем 7 чиновников на каждые 100 тысяч населения. У нас же на 100 тысяч граждан приходится более 550 бюрократов.

«Напрашивается вывод об обратно пропорциональной связи между количеством чиновников и эффективностью национальных экономик», – подчеркнул депутат.

«Если в 2014 г. Глава государства на расширенном заседании Правительства обращал внимание, что за последние годы численность госслужащих выросла на 8,5 тысяч человек, превысив 90 тысяч. Теперь же, через 4 года, вместо заявленного сокращения количество госслужащих еще более возросло на более чем 9 тыс. человек, а расходы на содержание госаппарата возросли с 600 млрд. тенге до 1 трлн. 320 млрд. тенге», – говорится в запросе.

По его мнению, вот где настоящие резервы по поддержке предпринимательства, снижению налогов и административного давления на бизнес.

«Мы считаем, что в государственном аппарате работают высококвалифицированные профессионалы, которых так не хватает национальной экономике. Если тысячи этих специалистов, многие из которых имеют лучшее западное образование, придут в бизнес, откроют собственное дело, то результаты такого шага немедленно привнесут свежую струю, расширят экономический потенциал нашей страны», – говорится в запросе.

«Если же этого не произойдёт, то тем более не имеет смысла содержать за счёт предпринимателей тысячи таких управленцев, неспособных к самостоятельной работе», – заключил депутат.

В этой связи, фракция ДПК «Ак жол» повторно ставит вопрос о необходимости исполнения Плана нации и Концепции Правительства по госрегулированию предпринимательства в части передачи госфункций с одновременным сокращением чиновников и расходов бюджета на 10% каждого министерства, передающего свои функции, как это и закреплено в указанной Концепции.

«Такие расчёты должны сопровождать каждый законопроект о передаче госфункций самоуправляемым организациям и в конкурентную среду», – резюмировал он.

*Пресс-служба ДПК «Ак жол»*

# КОГДА ИНОСТРАННЫХ НЕДРОПОЛЬЗОВАТЕЛЕЙ ПРИЗОВУТ К ОТВЕТСТВЕННОСТИ?

**Иностранные недропользователи игнорируют требования казахстанского содержания и права отечественных подрядчиков и поставщиков – об этом заявил Кенес Абсатиров 17 января в ходе пленарного заседания Мажилиса. Запрос фракции был адресован Премьер-министру Бакытжану Сагинтаеву и Генпрокурору Кайрату Кожамжарову.**



Напомним, что 30 ноября 2017 г. фракция уже направляла запрос с требованием раскрыть информацию о выполнении требований казахстанского содержания иностранными недропользователями. Из ответа и.о. министра по инвестициям и развитию следует, что с учётом антикризисного Плана оперативных мер по обеспечению роста в 2015 и 2016 гг. по центральным и исполнительным органам (утвержден Премьер-министром РК 14 сентября 2015 г.), в отношении недропользователей, которые не в полной мере исполняют обязательства, штрафные санкции не применялись, а были заменены альтернативными мерами, по согласованию с другими госорганами и ассоциацией самих горнодобывающих компаний.

«Нас, конечно, радует такая забота о сырьевых гигантах, но почему это делается за счёт ущемления интересов отечественных малых и средних предприятий, которые, в основном, и выступают подрядчиками и поставщиками недропользователей? Почему госорганы позволяют оставлять без работы казахстанские сервисные и подрядные компании, где трудятся тысячи наших граждан, а не заботятся о них так же, как о сырьевиках?», – недоумевают депутаты «Ак жола».

Другой момент: в соответствии с пунктом 2 статьи 61 ЗРК «О недрах и недропользовании» условия контракта должны содержать размеры неустойки (штрафов, пени) за неисполнение, ненадлежащее исполнение недропользователем принятых им обязательств по контракту, в том числе – по местному содержанию. Нарушение установленных Законом требований является основанием для признания контракта недействительным. Но как следует из ответа министерства, вместо этого к нарушителям применялись «альтернативные» меры в виде уведомлений и т.п.

«Возникает резонный вопрос – а разве у министерств есть полномочия действовать в обход требований закона, подменять их ссылками на согласования с кем бы то ни было?

Насколько нам известно, для приостановления действия требований закона должен вводиться хотя бы мораторий, однако и о таковом ничего не известно.

Причём, порой Закон был обойдён в интересах недропользователей с иностранным участием, нарушавших законные права казахстанских предприятий из числа их потенциальных подрядчиков и поставщиков», – отмечается в запросе.

Так, только за 2017 г. Министерством было рассмотрено 71 обращение поставщиков на действия недропользователей при проведении закупок товаров, работ и услуг, и направлено 596 уведомлений о нарушении контрактных обязательств. Среди постоянных нарушителей – крупнейшие корпорации, такие как Казахмыс, КазМинералз, ССГПО, Алюминий Казахстана, Казцинк, Актюбинская медная компания и т.д.

Сообщается, что по результатам 2017 г. будет проведен анализ исполнения контрактных обязательств, в том числе – по местному содержанию, по результатам которого планируется принятие мер, установленных законодательством. Но даже при этом предыдущие нарушения (2014-2016 гг.) анализировать, а тем более – принимать по ним меры никто не собирается.

«Безнаказанность порождает вседозволенность, – уверены депутаты. – И, видимо, не случайно в партию «Ак жол» обращаются казахстанские предприятия по поводу полного игнорирования их прав недропользователями, закрытости и корпоративной коррупции в системе закупок некоторых сырьевых компаний».

Кроме того, Абсатиров отметил, что если в отечественном законодательстве к коррупции относятся только преступления государственных служащих, то по информации ряда европейских посольств, в странах Евросоюза и ОЭСР уголовная ответственность налагается и за коррупционные преступления в частных компаниях. «Такой подход применим и для казахстанских недропользователей, поскольку недра принадлежат государству, а значит, злоупотребления в их использовании также связаны с государственными интересами», – считают в «Ак жоле».

В этой связи депутатская фракция «Ак жол» просит:

1. Провести проверку законности применения так называемых «альтернативных» мер вместо предусмотренных законом действий за нарушения крупными недропользователями контрактных обязательств по казахстанскому содержанию;

2. Обязать госорганы осуществлять исполнение функций Компетентного органа в строгом соответствии с законодательством о недрах и недропользовании и положениями контрактов;

3. Провести ревизию всех контрактов на недропользование на их соответствие требованиям законодательства о недрах и недропользовании;

4. Рассмотреть вопрос о распространении антикоррупционных мер и ответственности на действия должностных лиц крупных недропользователей, связанные с извлечением незаконной личной выгоды при проведении закупок товаров, работ и услуг данными компаниями.

*Пресс-служба ДПК «Ак жол»*

# САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ – АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМЫТУ НЕГІЗІ



**Елбасымыз 2018 жылғы 10-қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауын қазіргі таңда әлем өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келе жатқандығынан бастады. Мұндай «жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде» деп атап көрсетті.**

Елбасы осы жолдауында алдыңғы жолдауларда айтылған жарқын болашаққа жетелейтін ұзақ мерзімді мақсаттардың өзгериссіз қала беретінін айтты. Жолдауда келтірілген бірнеше міндеттердің шешу бағыттарын Президент айқын белгілеп беріп отырғандықтан, осы жолда әрбіріміз белсене жұмыс істеуіміз керек.

Аталған жолдауда Елбасы еліміздің дамуын толық қамтитын негізгі он міндетті белгілеп тұжырымдап берді. Осы міндеттердің ішіндегі жетінші міндет – «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталады және ол тікелей білім беру жүйесіне қатысты болып отыр. Бұл міндетті шешу жауапкершілігі негізінен білім беру саласының қызметкерлеріне жүктеледі.

Осы тарапта біздің алдымызда шешімін табуы тиіс келесі міндеттер қойылып отыр:

- Білім берудің жаңа сапасы, барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету;

- 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу;

- білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту;

- педагогтарды даярлау және жаңартылған білім мазмұнына көшуге байланысты біліктіліктерін арттыру жолдарын қайта қарау.

Бұл міндеттердің орындалуының ойдағыдай жүзеге асуы барлық қазақстандықтардың озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізулеріне бағытталады.

Жолдауда Президентіміз халық жағдайын бәрінен жоғары қоятындығын, мемлекет мүддесінің бәрінен қымбат екенін жастарға жеткізу – зиялы қауымның жауапкершілігінде екенін тағы да нақтылап айтып отыр.

Болашақ мектеп мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық оқу орны ретінде бұл міндеттің маңыздылығын және жүктелген жауапкершіліктің құндылығын бағалай отырып, өз қызмет жолымызда белгіленген міндеттердің орындалуына барынша үлесімізді қосуымыз керек деп санаймын.

Қазіргі уақытта университетімізде Елбасының Жолдауы жан-жақты талданып, сәйкес іс-шаралардың жоспары құрылып жатыр. Бәрімиздің негізге алынып отырған ұстанымымыз – мемлекетіміздің адами капиталының негізін құрайтын студент жастарымызға сапалы білім беру, ғылыми-шығармашылық ізденістерге деген қызығушылықтарын арттыру; бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлау; жаңартылған білім мазмұнына көшуге байланысты білім беру бағдарламаларын қайта қарастырып, жетілдіру; оқытудың әдіс-тәсілдерін, технологияларын дамыту болып отыр.

Елбасы арнайы тоқталып өткен математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту қажеттілігі мәселесіне орай университетіміздің физика-математика факультетінің барлық мамандықтарында оқытылатын пәндердің негізгі үш функциясының іске асыру жолдарын жетілдіру – күнделікті кәсіби іс-әрекетіміздің күн тәртібіне қойылып отыр. Негізгі мәселе қазіргі студенттің ертең шебер мұғалім және кәсіби маман болып қалыптасуына жағдай жасау. Осы орайда, студент жастарымыздың таңдаған мамандығына сәйкес кәсіби жауапкершілігін арттыру проблемасын назарымыздан тыс қалдырмауымыз керек. Барлығымыз осы мәселелерді іске асырумыз үшін жүйелі түрде еңбек етуіміз керек деп ойлаймын.



**Гүлнәз САЛҒАРАЕВА,**
**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Информатика және қолданбалы математика кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты., профессор,**

# ЕЛБАСЫ БІЗДІ «АҚЫЛДЫ ҰЛТҚА» АЙНАЛУҒА ҮНДЕП ОТЫР

**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы жылдағыдан ерекше болып тұр. Олай дейтініміз, Мемлекет басшысы алдымен Қазақстан халқына арнаған Жолдауына қатысты Мәлімдеме жасаған. Егемен ел өміріндегі аса маңызды құжатта алда атқарылатын он негізгі міндет жайында қысқа да нұсқа әрі нақты айтылған. Ал олардың бәрі Жолдаудың толық мәтінінде егжей-тегжейлі мазмұндалған.**

Бүгінде егемен еліміздің 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Даму стратегиясы жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Төрткүл әлемдегі қарқынды дамыған озық отыз елдің қатарына жедел ену – басты мақсатқа айналған. Жаңадан қабылданған «Цифрлы Қазақстан» кешенді бағдарламасының болашағынан да мол үміт күтудеміз.

Елбасы бізді «Ақылды ұлтқа» айналуға үндеп отыр. Жолдаудың өн бойынан осыны айқын аңғаруға болады. Диқан да, құрылысшы да, кәсіпкер де, басшы да, қосшы да, оқытушы да, студент те, құқық қорғау органдарының қызметкерлері де, қысқасы, еліміздің кез келген азаматы үнемі оқу мен ізденісте жүру керектігін ұғындырған. Өскелең заман талабына сай көп ізденіп оқып, сол оқығанды бойға тоқып, адал әрі есеті еңбек еткенде ғана жоғары жетістікке жетуге болатынын байыпты баяндаған. Президент «Ақылды технологиялар», «Ақылды қалалар», «Ақылды ұлт» деген сөздерді бостан-босқа тілге тиек етіп отырған жоқ. Шынтуайтында да біз күн өткен сайын өзгеріп отырған заман талабына сәйкес әрекет жасай алмасақ, бәсекеге қабілетсіз болып қалатынымыз айдан анық.

Білім саласында еңбек етіп жүргендіктен, бізді әсіресе Жолдаудың «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталатын жетінші бөлімі, Елбасы алға қойған жетінші міндет ерекше қызықтыруда. Білім берудің жаңа сапасы басты назарда ұсталып отырғаны аса маңызды дер едік. Осы орайда білім беру жүйесінің барлық деңгейі заман шындығы мен экономика сұраныстарына толыққанды жауап беру керектігі ерекше атап өтілген. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс екені даусыз. Мұғалім мамандығының мәртебесін арттыру керектігі де көңілге қонымды. Балабақшалар, жалпы орта мектептер, колледждер мен жоғары оқу орындарының алдында тұрған мұрат-мақсаттар жан-жақты сараланған. 2019 жылдың 1-қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру бағдарламаларының бірыңғай стандарттары енгізілетін болады. Орта мектептерде басталған жаңартылған мазмұнға көшу жұмыстарын 2021 жылы аяқтау жоспарланған. Осы орайда педагогтарды оқыту мен олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарастыру қажеттігі туындағаны айқын. Оқу бағдарламаларының жаңартылған мазмұны аясында оқудан өткен мұғалімдердің лауазымдық жалақысы біліктілігін дәлелдеуіне байланысты 30 пайыздан 50 пайызға дейін өсетіні де педагог кадрларды қуантып отыр. Жаңартылған мазмұн дегеніміз – Халықаралық стандарттарға сай келетін және Назарбаев зияткерлік мектептерінде бейімделуден өткен заманауи оқу бағдарламалары екенін естеріңізге сала кеткеніміз жөн болар. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту – дәуір талабына айналуы тиіс. Әсіресе математика мен жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту жайы баса айтылған. Тек сонда ғана жастарымызды жаңа технологиялық қалыпқа дайындай аламыз. Барлық қажетті инфрақұрылымдары бар балалар технопарктері мен бизнес-инкубаторларының желісін құру арқылы жас ұрпақтың ойын өрістетуге кең жол ашылмақ.

Президент үштұғырлы тіл – егемен еліміздің ертеңі екенін жалықпай айтып келеді. Мемлекеттік тіл – қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындатқанымыз жөн. Осы орайда латын әліпбиіне көшу – бұл мәселені реттеуге мүмкіндік беретіні белгілі. Ал орыс және ағылшын тілдерін меңгеру арқылы біртұтас ұлтқа айналған нағыз азаматтық қоғам құрамыз.

Жарыс бар жерде табыс, бәсеке бар жерде береке болатыны бесенеден белгілі. Білім беру мекемелерінің арасындағы бәсекелестікті арттырып, жұмысты барынша жандандыру мақсатында үздік мұғалімдер мен оқытушылардың бейнесабақтары мен бейнелекцияларын Интернетке орналастыру арқылы озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізе аламыз. Оны оқып көрген өзгелер де жұмыстарын ширатуға талпынатын болады.

Жоғары оқу орындарында ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту көзделген. Алдағы уақытта қолданбалы ғылыми-зерттеулерді ағылшын тіліне біртіндеп көшіру жүзеге асырылмақ. Жас ғалымдарды қолдаудың жаңа жүйелі саясаты да жүргізілмек.

Елбасы оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартып, әлемдік университеттердің кампустарын ашу қажеттігін тілге тиек етіп отыр. Әрине, мұның бәрі студенттердің білім сапасы мен біліктіліктерінің артуына оң септігін тигізетіні анық.

Бүгінде елімізде рухани жаңғыру бағыты бойынша кешенді іс-шаралар жүргізіліп келеді. Біз білім, ғылым, әдебиет, мәдениет, өнерді өрістету арқылы ғана рухани жаңғыра аламыз. Сайып келгенде, елі мен жерінің тарихын, тілін, салт-дәстүрін жетік білетін, шет тілдерін терең меңгерген озық ойлы студент жастар қазіргі қоғамымыздың идеалына айналуы тиіс екені айтпаса да түсінікті шығар.

Егемен еліміздегі ірі мегаполис қалалар – өңірлік дамудың, инновацияны тартудың және еліміздің барлық аумағында тұрмыс сапасын арттырудың локомотивтері іспеттес. Биыл Еуразияның жүрегіне айналған ару Астананың 20 жылдық мерейтойы атап өтілмек. Оңтүстік астанамыз – Алматы да күн санап құлпыра түсуде. Соларға қарап бой түзеген шырайлы Шымкент шаһары 2020 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің мәдени астанасына айналғалы отыр. Міне, осындай өркендеген, көркемденген елде жасайтын біз, жастар өзіміздің шын мәніндегі бақытты ұрпақтың өкілдеріміз деп санаймыз.

**Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,**
**Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі Ақпараттық білім беру орталығының кітапханашысы, магистрант.**

*Шымкент қаласы*

# ТЕГІН ЖОҒАЛТҚАН – БӘРІН ЖОҒАЛТАДЫ

**«Қазақстандық ұлт» идеясының, одан кейін «Қазақстандық бір текті ұлт» ұғымының саяси айналымға енгізілгеніне біраз уақыт болса да мемлекеттік басқару орындары мен сараптау орталықтары осы саяси әлеуметтік тың байламдардың ғылыми-практикалық нақты анықтамасын берген жоқ. Бұл мәселе жөнінде әредік ой білдіріп жүргендер жекелеген саясаткерлер мен зиялы қауым өкілдері. Олардың баспасөз бетінде жарияланған мақалаларында аталған идеяға ашық қарсылық та, ішінара қостау да, басқа балама ұсыну да бар.**



Қарсы шығушылар бұл идея жүзеге асса, қазақ ұлтының тарихи этникалық тамыры үзіліп, жер иесі ретіндегі мұрагерлік құқынан айырылатындығын, елдегі диаспораларға сіңіп кететіндігін алға тартады. Отанымызда тұрып жатқан ұлттар өкілдерін біріктіріп, ынтымағын жарастыруға «Қазақстандықтар», «Қазақстан азаматы» деген саяси да, әлеуметтік те мәні зор атаулар жеткілікті деп есептейді.

Ішінара қостаушылардың ой-байламдары анық емес. Олар бұл идеяны бірде американдық, енді бірде ғылыми дәйектелмеген осы замандық тәжірибелер мен талаптарға үйлестірмек болады, бірақ сол тәжірибелер мен талаптардың Қазақстан үшін қазіргі күндерде қаншалықты қажет екендігін айқын дәлелдей алмайды. Балама іздеушілердің де тұжырым-пайымдары толқымалы, бұлар атажұртымыздағы диаспораларды біріктіруге қызмет ететін ортақ атауда «ұлт» ұғымының болмауын қолдайды, «халық», «ел» деген сөзбен ауыстыруды ұсынады. Осы пікірдің дұрыстығына көз жеткізу үшін бірі қазақтардың ұлт деңгейіне көтерілмегенін дәлелдеуге күш салады. Енді бірі ұлттың этникалық мән-мазмұнын «халық» пен «елден» төмен қояды. Оның ғылыми-философиялық анықтамасын талдап-саралап жатпайды. Ұлт – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық қауымының жоғары түрі екенін, құрамына енгендердің тұрмыс дағдылары, салт-дәстүрі мен мәдениеті сол ұлтқа бейімделетінін ескерусіз қалдырады. Ал халық дегеніміз – бір елдің барлық тұрғын жұрты, тарихи өзгеріп отыратын қауымы.

Ұлт мәселесі төңірегінде бізден бұрынғы зиялылар да аз толғанбаған. Алаш көсемі Мұстафа Шоқай «Ұлттық зиялы» деген мақаласында неміс ғұламаларына сілтеме жасайды. Атақты алман философтары Кант пен Фихтлердің түсіндіруінше: «Халық бірін-бірі және өзін-өзі басқара алмайтын, басқалардың басқаруында ғана болатын тобырлар. Ұлт – басқаларға тәуелді болмаған, өзінің мекемелеріне ие және өзінің бірыңғай мүддесі бар халықтар жиынтығы. Философияның тұжырымдауынша, халық – объект, ұлт – субъект».

Халық пен ұлттың аражігі әлемдік ауқымда баяғыда осылай ажыратылған. Олай болса, тәуелсіз мемлекеті, дүниежүзілік қауымдастық мойындаған территориясы мен дербес саясаты, бай тілі мен мәдениеті бар қазақтың ұлт екендігін дәлелдеп жатудың өзі артық. Оны елемеу немесе жоққа шығару бос әурешілік.

Әңгімемізге өзек болып отырған мәселенің қиындайтын жері де осы. Бұл орайда қалың ойда жүрген ел этникалық тамыры атажұрттарымен жалғасып жатқан және олардың тарапынан саяси қолдауға ие, барыс-келісі үзілмеген диаспораларды әлгіндей терең астарлы ұлтқа жоспарлы мерзімде қалай айналдыруға болатынын білмей іркіледі. Мұның үстіне олардың кейбірі саны жағынан мемлекет құраушы ұлтқа жуықтаса, экономикалық әл-ауқаты кем түспесе, белгілі бір аймақтарда тығыз отырса, әлеуметтік-рухани талаптарын батыл көтерумен бірге орындатып жатса, туған тілі мемлекеттік тілмен тең тұрса, мәселе күрделене түседі. Жасыратыны жоқ, елімізге XYI ғасырда келе бастаған, қоныс аударған жерінің саяси-экономикалық билігін ұзақ жылдар қолында ұстаған диаспора сырттан таңылған этникалық өзгерістерді оңай қабылдамайды. Оның қазақ жерімен байланысты ұзақ тарихы да, бүгінгі еділ-жайық өмірі де этникалық дербестігін сақтап қалуға ұмтылдырады.

Біз бүгінде Қазақстандағы ұлыстар тарихының күншуағын бөліп алып дәріптеуге құштармыз. Дұрыс әрине, заман ортақ, тағдыр ортақ болған соң бірлікке қызмет ететіннің бәрін игілікке жаратуымыз керек. Алайда ұлт мәселесі, этникалық төркін саяси айналымға түскен кезде тарихты да, қазіргі кезеңді де барлық ақиқатымен тұтас зерделеуге тиіспіз. Онсыз бірігуге тиістілерді біріктіретін дәнекерлерді түгендей алмаймыз.

Өткен төрт ғасырға жуық уақыт негізінен қазақ жеріне сырттан келген, жай келмей қалың келген жұртқа қызмет етті. Жаңа қоныста империялық екпінмен, державалық қарқынмен асқақтатты. Режим ауысты, бірақ бұл бағыттағы саясат өзгерген жоқ. Терең ойластырылған идеология арқылы үсті-үстіне күшейтілді.

Біз осы тарихи ұзақ кезеңнің зардаптарынан әлі күнге арылу үстіндеміз. Ал одан тазарып болмай бір ел, бір ұлт идеясының көсегесі көгермейді.

Ашығын айтсақ, қосарланған тілі бар, қос-қосынан діні бар ұлт болмайды. Болған күнде де идеологиялық жарнама түрінде көрініс табады.

Осыдан кейін тағы да ойды ой қуады. Атажұртымыздағы бір емес, екі емес, жүзден астам ұлыстар өкілдерінің саяси және рухани мақсат-мүддесі қылаусыз үйлескен, қоғамдық өзгерістердің барлық сілкіністерінде тегіне тартып толқымайтын бір ұлт болуды былай қойғанда, саяси субъект бола алмайтын халық түрінде қалыптасуы үшін біз өмір сүріп отырған уақыт аздық етпей ме?!Бүгінгі буын келешек толқынға сондай халықтың негізін қалап кетсе де жарар еді-ау.

Бұл көкейге қонатын пікір. Елімізде мұндай бетбұрыс бар. Республика тәуелсіздік алған жылдардың ішінде елдің бүгіні мен ертеңін үйлестіре алатын, саяси-әлеуметтік міндеттерді тізе қосып шешетін халықты қалыптастыру шараларын жүзеге асыруда. «Біз Қазақстан халқымыз» деген байрақты сөз заманның ырқымен емес, көңіл қалауымен айтыла бастағандай.

Нақ осы ынтымақ мемлекеттің саяси-экономикалық дамуының кепілі ретінде қастерленіп, елдің алдында тұрған мақсат-мұраттарға сәйкес жаңа мазмұнда байытыла бермек. Оған қажетті алғышарттардың бәрі бар.

XXI ғасыр елге жайлы өмір сыйлады. Ал жайлы өмір дегеніміз – халықтың ішкі сұраныстарын қанағаттандыратын, әлеуметтік және рухани болмысына сәйкес келетін өмір. Нақ осындай өмірге ие болған ұлт өкілдері ел жетекшісі мен мемлекетті құрушы ұлтқа сенеді әрі құрметтейді, өздерін игілік атаулының бәрі ортақ тұтас халық ретінде сезінеді.

«Қазақстандық немесе бір текті ұлт» шеңберінде ой қозғағанда ең алдымен осыған зер салып, халық ұғымы ауқымында ұйысудың психологиялық астарларын зерттеуге тиіспіз. Бұл елдегі диаспоралардың бірігу процесі қоғамдық және экономикалық өмірдің қай саласында қандай мазмұнда қаншалықты терең жүріп жатқанын дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

Сол секілді бізге мына жайларды зерделеп алу да артық етпес еді.

90-ыншы қиын жылдары этникалық қауымдардың белгілі бір бөлігі атажұртына бет алды. Бірі күнкөріс қамымен, екіншісі төл отанына деген сағынышпен.

Алғашқыларының жайы түсінікті, санасын тұрмыс билейтіндердің табаны тайғақ. Кешегі кеңес кезінде алып державаның ұланғайыр кеңістігінде 60 миллионға жуық адам жайлы жерлердің бірінен соң біріне көшіп-қонып жүрген. Сондайлардың талайы кетті, талайы ой үстінде. Ал күрделі күндерде ірге аудармағандарды Қазақстанда ұстап қалған не себеп?! Ұлт өкілдерінің қайсы елімізге біржола бауыр басты, қаншасы атамекеніндегі әл-ауқаттың жақсаруын күтіп отыр? Қазақ жеріндегі қандастарына қай мемлекет қандай деңгейде ықылас танытуда?

Біз осы мәселелердің жай-жапсарына қанып болмай, «Қазақстандық ұлт» жөнінде не «иә», не «жоқ» деп кесіп айта алмаймыз. Ел ішінде халық немесе ұлт болып ұйысуға қазіргі заманда ішкі ахуал қаншалықты ықпал жасаса, сыртқы фактор да соншалықты әсер етеді.

Осы жерде Ресейдің ТМД елдеріндегі қандастарымен орнатып жатқан байланысының астарына, атүсті болса да, тоқтала кетейік.

Әлемде қай жағынан да ықпалды осы алып елдің тізгінін Ельциннен кейін қолына алған, атқа қонған күннен державалық идеологияны қайта жаңғыртқан В.Путин орыс адамы қай жерде жүрсе де қай мемлекеттің азаматы екеніне қарамастан қорғалатынын, ол Ресейдің тарихи патриоттық борышы екенін ұдайы айтумен болды. «Россия на рубеже тысячилетий» мақаласында («Технология информационной войны» Москва 2003 ж. 298 бет) соған айрықша мән бере келіп, мемлекеттің ұлттық идеясының өзегі державалық айбындылық, патриоттық берілгендік, этникалық тұтастық екендігін атап көрсетті. Президенттің осы ұстанымына жағалай түсінік берген саясаттанушылар аталған идеяның елдегі және сырттағы ресейліктерге ортақ екенін жарыса жариялады.

Билікке В.Путиннен кейін келген Д.Медведев болса, бұл мәселеде кенже қалған жоқ. Ол Грузия оқиғасы кезінде тарихи отанынан басқа жерлерде өмір сүріп жатқандардың бәрі Ресейдің назарынан тыс қалмайтынын әлденеше рет еске салды.

Ресей мемлекеті мұндай қолдауды сөз жүзінде ғана емес, заңмен дәйектеуде. 1999 жылғы 24 мамырда республиканың шетелдегі отандастарына қатысты мемлекеттік саясаты туралы заңы қабылданды. Онда туған топырағынан шалғайда тұрып жатқан тегі ресейліктердің бәрі саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және азаматтық құқықтарын сақтауды жүзеге асыруда федерацияның қолдауына ие болатындығы нақты атап көрсетілген.

Заңның аясы кең, онда отандастардың туған топырағынан алшақтамауын, жеке бостандығы, ана тілі мен дәстүрі сақталуын, тарихи отанына еркін келіп-кетуін қамтамасыз етуге арналған баптар бар. Негізгі мақсат – бауырларға қатысты саясатты Ресей Федерациясы саясатының құрамдас бөлігіне айналдыру, шалғайдағы ағайындарды атамекеннің осындай қуатты қамқорлығына қай кезде де сүйене алатындығына сендіру.

Аталған заңның сырттағы орыс диаспораларына қолдауы осымен шектелсе, әрі қарай таратпай-ақ қояр едік. Ресей мемлекеті Госдумадан кедергісіз өткен осы саяси құжат арқылы басқа мемлекеттердің ішкі өміріне араласады. Бесінші баптың көп тармақтарының бірінде федерацияның шетелдердегі диаспоралары тұрған жерлерінде ұлттық-мәдени автономиялар құрады. Ресей сол автономиялармен жан-жақты байланыс орнатады делінген. Ал мұның тәуелсіз республикалар үшін қандай саяси салмағы бар екендігі белгілі, оны Украина оқиғасынан айқын көріп отырмыз.

Көрші мемлекеттің бұл бағыттағы ұстанымдарын ондағы саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың үстемелеп отыруы да дәстүрге айналған. В.Путин билікке қайта келген соң ілешала көтерілген «Орыс картасы» ТМД елдерінде қызу талқыланып, қарсылық білдірілді. «Картаны» ойлап табушылар Ресей азаматтарына берілетін құқықтар мен жеңілдіктердің сырттағы отандастарына ортақ болуын қалайды, оларды федерацияның мүддесін бәрінен жоғары қоюға, орыс тілі мен салт-дәстүрін қорғауға, православие дінін қабылдауға шақырады. Бұл ретте, әсіресе Украина, Литва, Латвия, Эстония, Молдавия мен Қазақстандағы ресейліктер белсенділік танытуға тиіс екен.

Мұндай қолдап – қолпаштау шетелдердегі диаспораларға зор саяси демеу болатындығы анық. Ал тегі ресейліктер әлемде аз емес, олар әсіресе ТМД елдерінде, оның ішінде Қазақстанда қалың отыр. Сол көп қауымды Ресей басшыларының қайта-қайта тілге тиек етуінде не сыр бар?

Бұл сауалға мынандай болжам жасауға болар еді. Біріншіден, отандастарын таза бауырмалдық парызбен желеп-жебеу. Екіншіден, жерлестерінің ұлттық сезімі көмескіленуіне жол бермеу. Үшіншіден, сырттағы ағайындарының туған топырағына деген патриоттық құлшынысын күшейту арқылы оларды тұрған жерлерінде Ресейдің мүддесіне қызмет етуге бейімдеу.

Мұның бәрі республикамыздың ұлтаралық саясатында ескерілетіні анық. Сонымен бірге бір ұлт идеясының жүгін ауырлата түсетіндігі де даусыз.

Осы идея туралы ой бөліскендердің бәрі дерлік оның АҚШ пен Еуропадағы тәжірибесін де тарқатып жүр. Ресейде Путиннің кезінде көтерілген «Ресейлік ұлтқа» ұйысу саясатының астарына да үңіле бастадық. Сонда нені аңғардық?

Аталған термин саяси айналымға енгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жазушы Ф.Достаевский арқылы философияның зерттеу объектісіне айналған «Русская идея» тез арада «Российская идея» деген атқа ие болды. Архивте жатқан «Москва – Үшінші Рим» геосаяси концепциясы жарыққа қайта шығарылды. Жаңа кеңістіктерге құлшындырған осы концепция жүзеге асырыла бастаған 1480 жылы Европалық Россияда екі миллион адам болса, 1648 жылы Солтүстік мұзды мұхит арқылы Тынық мұхитқа жол ашылып, халық саны 12 миллионға, 1880 жылы жер көлемі барынша ұлғайғанда 84 миллионға жеткені дүркін-дүркін еске алынды.

*(Жалғасы бар)*

**Алдан СМАЙЫЛ,**
**жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты**

**Ресей – зайырлы көп ұлтты және көп дінді федеративтік мемлекет. 1997 жылы Ресейде ар-ұждан бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңы қабылданды. Заңның кіріспесінде православиенің Ресей тарихы, мәдениеті мен руханиятының қалыптасуы мен дамуында айрықша рөлін мойындайтыны, ислам, буддизм, иудаизм және басқа да діндерді Ресей халықтарының тарихи мұрасының ажырамас бөлшегі ретінде құрметтейтіндігі атап көрсетілген. Ел халқының 80 пайызға жуығы православ сенімін ұстанады. 2017 жылы «Левада» социологиялық зерттеу орталығы жүргізген сауалнама нәтижесі бойынша сауалға қатысқандардың 90% православиеге құрметпен қарайды, ал 53 пайызы дінге сенеді. Елдегі мәдени және ұлттық ерекшеліктер туралы мәліметтерге сүйенсек, «2016 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша Ресейде 1486 автономды этномәдени бірлестіктер тіркелген: оның 19 федералдық, 276 аймақтық және 1191 жергілікті ұйымдар»[1].**



Дағыстанның солтүстігі және Шешенстанның Солтүстік-Шығысын мекендейді. Дағыстан және Шешенстанның басқа да аумағында және Ингушетияда шафии мазхабын ұстанатындар басым. Солтүстік Кавказ аумағында накшбандия, кадирийя және шазилийя сопылық ордендері бар. Дағыстанның оңтүстігінде және Мискинджа ауылында шиитік шағын қауымдар бар. Солтүстік Кавказдың батыс аймағында зайырлы ұстаным мен халықтық дәстүрлі діндарлық кең тараған.

Сонымен қатар, Мордова және Орынбор, Омбы, Астрахань облыстарында тұратын мұсылмандар ханафии мазхабын ұстанады. Ел халқының 18-20% құрайтын мұсылмандар үшін 7500-ден аса мешіт жұмыс жасайды. Ресей мұсылмандарының федеративтік деңгейде РФ мұсылмандар орталық діни басқармасы, РФ мұсылмандар діни жиыны, Ресей муфтилер кеңесі жұмыс жасайды. 1998 жылы солтүстік кавказ мұсылмандарының үйлестіру орталығы құрылды. Орталыққа солтүстік кавказ және оңтүстік федералды округ аумағындағы мешіттер кіреді. 2017 жылы Дағыстан мұсылмандар діни басқармасы солтүстік кавказ мұсылмандарының үйлестіру орталығынан шығатыны туралы мәлімдеді. РФ қоғамдық

# ЖАҢА ЗАМАНҒЫ РЕСЕЙДЕГІ ИСЛАМ

Мұндай мультимәдени ерекшеліктер елдің этномәдени құрылымы мен діни жағдайға ықпал етеді. 1997 жылы белгілі бір конфессияның ілімін ұстанамын деп көрсеткендер 2000 жылы 60,5%, 2001 жылы 57,8%, 2002 жылы 82%, 2003 жылы 61%, 2012 жылы 95% құраған[2]. Жаратушының құдіретіне сенетіндер 2000 жылы 43,5%, 2001 жылы 37,5%, 2002 жылы 45% көрсеткен[3]. 2012 жылы «Левада» социологиялық зерттеу орталығының мәліметі бойынша 76%-ОПШ, 4%-ислам, 1%-католик, протестант, иудей, буддизм ілімін ұстанушылар, 5%-атеист, 11%-ы жауап беруге қиналған [4].

Ресейдегі мұсылмандардың саны 25 млн. шамасында, бұл халықтың 18-20 пайызды құрайды. Кейбір деректерде Ресей мұсылмандарының саны 30-35 млн. Ресей мұсылмандары тұратын аймақтар – Татарстан, Башқұртстан, Дағыстан, Шешенстан, Ингушетия, Қарашай-шеркеш, Қабарда-балқар республикалары. РФ солтүстік Кавказ мұсылмандар аумағын екі топқа Солтүстік-Шығыс (Дағыстан, Ингушетия, Шешенстан) және Солтүстік-Батыс (Солтүстік Осетиядан өзге барлық республикалар) бөлуге болады. Кавказдағы мұсылмандар ханафи мазхабын ұстанады. Олар Адыгей, Қабарда-Балқар, Қарашай-Шеркеш, Дағыстанның солтүстігі және Шешенстанның Солтүстік-Шығысын мекендейді. Дағыстан және Шешенстанның өзге аумағында және Ингушетияда шафий мазхабын ұстанатындар басым. Солтүстік Кавказ аумағында накшбандия, кадирия және шазилия сопылық ордендері бар. Дағыстанның оңтүстігінде және Мискинджа ауылында шағын шиитік қауымдар бар. Дағыстанның Гимри ауылында XIX ғасырдағы кавказ халықтарының ұлт-азаттық күресінің басшылары имам Ғазы Мұхаммет және имам Шәміл дүниеге келген. Дербент қаласында 734 жылы парсылар салған көне мешіт бар. Солтүстік Кавказдың Батыс аймағында зайырлы ұстаным мен халықтық дәстүрлі діндарлық кең тараған. 1990 жылдары бұл аймақта реисламизация үдерісі, яғни дін негіздерінің қайта жанғыруы үдерісі басталды. 1994 жылы Ресейдегі ислам жаңғыру партиясы өзін-өзі таратқанын жариялаған болатын. Шешенстан мен Дағыстанда Түркия, Тауу Шығыстан келген миссионерлер діни ренессанс үдерісінде басым рөл атқарды. 1990 жылы солтүстік кавказ мұсылмандарының I съезінде Дағыстан мұсылмандарының діни басқармасы құрылды. ДМДБ жанында «Ас-салам» газеті және «Ислам» журналы, радио, телеканал және бірнеше сайттарды біріктірген медиа-холдинг жұмыс жасайды. 2017 жылы ДМДБ солтүстік кавказ мұсылмандарының үйлестіру кеңесінен шығатынын мәлімдеді. Дағыстанның дін жоғары діни оқу орындарының саны – 9. Әйелдерге арналған «Муслимат» медресесі жұмыс істейді.

Солтүстік Кавказдың шығыс аймағында діни жағдай өзгеше, мұнда сопылық ордендер өз ықпалын сақтаған. Дәстүрлі діни білім беру жүйесі өз маңызын жоғалтпаған болатын. 1990 жылдары Шешенстан, Ингушетия, Дағыстанда исламның қайта жаңғыруы үшін қолайлы жағдай туындады. Бұл екі бағытта жүрді. Біріншіден, жергілікті дін қайраткерлері, шейхтар, молдалар дәстүрлі діни құндылықтарды қайта жаңғыртуға күш салды. Екінші тарап, яғни Араб елдерінен білім алған жергілікті жастар жергілікті діни дәстүрді мансұқтап, дін қызметкерлерімен қақтығысқа түсті. Діни жаңғыру үдерісін сыртқы мүдделі күштер өз мақсатына тиімді пайдаланды. Діндарлар санасын радикализациялауға арналған діни жобалар аймақтағы дәстүрден тыс діни ілімдер мен жамағаттарды қаржыландырды. Діни экстремистік және террорлық идеологияларды қолдау және тарату мақсатты түрде жүргізілді. Солтүстік кавказ аймағындағы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық үдерістер, қарқынды урбанизация, дәстүрлі қоғамнан постмодернге өту, шешімін таппаған әлеуметтік-экономикалық мәселелер, тайпалық ерекшеліктер, кедейшілік, жұмыссыздық, жемқорлық, қылмыстық топтар діни экстремизмнің өсуіне себептер ретінде көрінеді. 1990 жылдары реисламизация үдерісі, яғни дін негіздерін қайта жанғырту басталды. Солтүстік Кавказ аймағындағы діни жаңғыру процесінде Түркия мен Таяу Шығыстан келген миссионерлер бұл үдерісте басым рөл атқарды. Жаһандық жоба постсәлафилік идеологиясы солтүстік кавказдағы ұлттық көңіл-күйге және ұлт-азаттық қозғалысқа ықпал етті. Заманауи постсәлафиилік идеологиясының түпкі мақсаты – әлем мұсылмандарын бір ілім аясында бірегейлендіру жолымен бірыңғай діни сана мен діндарлық ұстанымын қалыптастыру және біртұтас діни мемлекет құру болып табылады. 2007 жылы зайырлы ұлттық ұстанымның орнына діни бағыттағы «Имарат Кавказ» идеологиясы жарияланды. «Имарат Кавказ» ғаламторда белсенді әрекет етуі салдарынан бұл аймақта діни негіздегі қақтығыстар және діни экстремизм белең алды. Діни жағдайды қалпына келтіру мақсатында ресми билік орындары сопылық мектептерге қолдау көрсетті. 2010 жылы сәләфилер және жергілікті сопылар арасында сұхбат қарқынды басталды. Бұл діни жағдайды сауықтыруға ықпал жасағанымен, кейін бұл діни сұқбат пен қарым-қатынас саябырсып қалды.

Діни сенім тұрғысынан постсәлафия ілімін ұстанушылар парсы бұғазындағы араб елдеріне таралған ханбал мектебін ұстануы тиіс. Қазіргі таңда сәлафия ілімінің қалыптасу мен даму жолын сәлафилік, неосәлафилік, постсәлафилік кезеңдерге шартты түрде бөлуге болады. Алғашқы сәлафилік алдыңғы буын ізгі тақуалардың алтын ғасыр заманы, неосәлафиилик (XIII-XIVғ, XIX-XXғ.), постсәлафиилик (XXғасыр соңы мен – XXIғасыр) қамтиды. Солтүстік кавказдағы жаһандық постсәлафиилік жобадан тараған түрлі жергілікті сәлафийлік ағымдар – мазхабсыздар (лә мазхаб), «Әхл ас-сунна уал-жамағат» дағыстандық сәлафий қауымдары, билікке жақын мадхалилер және катарлық шейх Юсуф әл-Кардауи ықпалындағы ихуаншыл сәлафиилер. Зерттеушілердің пікірінше, аймақта бірыңғай ойлау мен біртұтас идеологияны ұстанатын біртекті салафиилік жамағат жоқ. Қазіргі таңда діни мен діни ұйымдар алпауыт елдердің ықпал жасау тетігінің жұмсақ күші(soft power) ретінде қолданатыны белгілі. 1990 жылдары солтүстік кавказда түркішілдік және діни идеологияны насихаттайтын түркиялық нұршылар қауымы қызмет жасады. 2007 жылы мамырда Мәскеудің Коптев аудандық соты С.Нұрсидің кейбір еңбектерінің аудармасын экстремистік деп тапты. 2011 жылы дағыстандық нұршылардың жетекшісі экстремистік ұйым құрғаны үшін 2 жылға шартты түрде сотталды. Дағыстанда академик И. Крачковский аудармасындағы Құранды ғана қолданатын топ әрекет етеді. Олар Құранды тек ана тілінде оқу керек деп санайды. Шеркеш ұлттық зиялылар арасында –ұлттық тарих қойнауынан бастау алатын хабзизм -«халықтық діндарлық» жобасы да бар. Ресейде оннан аса имамдарды дайындайтын ЖОО және елуден аса медреселер жұмыс жасайды. Ресей билігі отандық дәстүрлі исламдық білім беруді қолдайды. «Радикализмнің алдын-алу мақсатына орай, ислам білім беру орындарына 2008 жылы 800 миллион рубль бөлінген. РФ ислам мәдениетін қолдау қоры құрылған» [5].

Солтүстік кавказдағы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық үдерістер, қарқынды урбанизация, дәстүрлі қоғамнан постмодерндік және постиндустриалды ақпараттық қоғамға қарай секіріс жасау, әлеуметтік-экономикалық мәселелер жұмыссыздық, кедейшілік, жемқорлық және бәсекелес елдердің геосаяси мүдделерінің қақтығысы діни негіздегі радикализмнің өсуіне ықпал етуде. «Росстаттың» дерегі бойынша, 2017 жылы елдегі кедейлер саны 23 миллионға жеткен. РФ солтүстік Кавказ мұсылмандар аумағын екі топқа Солтүстік-Шығыс (Дағыстан, Ингушетия, Шешенстан) және Солтүстік-Батыс (Солтүстік Осетия және барлық республикалар) бөлуге болады. Ресейлік мұсылмандар ханафи мазхабын ұстанады. Олар Татарстан, Башқұртстан, Адыгей, Қабарда-Балқар, Қарашай-Шеркеш, палатасы және діннаралық кеңесінде мұсылман ұйымдарының өкілдері бар. 2015 жылы РФ қоғамдық палатасы жанынан терроризммен күрес бойынша үйлестіру кеңесі жұмыс істейді. Ресейлік мұсылмандардың 100 мың данамен таралатын «Ас-салам» және РФ МДБ «Минбар Ислама» газеті бар. 2015 жылы ақпанда РФ жоғары соты Мордова сотының мектептте хижаб, джинси киюге тыйым салуын заңды деп тапты. 2017 жылы сәуірде Шешенстанда білім беру орындарында қыз балаларға хижаб киюге рұқсат берілді.

1990 жылы Татарстанда алғашқы медресе ашылды. 1994 жылы Қазан қаласының маңында Ескі Аракчино поселкісінде дінаралық орталық – барлық діндер ғибадатханасы салынды. Қазан қаласында мемлекеттік емес Усмания және Мәскеу қаласында Иман жалпы білім беретін орта мектеп жұмыс жасайды. 2008 жылы РФ МДБ педогогиканың жетістіктерін және инновациялық технологияларды және заманауи әдістерді қолдану жолымен білім сапасын көтеруді қолға алды. 2012 жылы Татарстанда мұсылмандық оқу орындарының оқу-әдістемелік бірлестігі құрылды. 2015 жылы орта кәсіби діни білім беру стандартын енгізу мәселесі талқыланды. 2016 жылы Татарстанда республика мұсылман жастарының форумы өтті. Форум жұмысына ресейдің мұсылман аймақтарының жастары қатысты. 2017 жылы қыркүйекте Татарстанда Бұлғар ислам академиясы ашылды. Академияда магистратура және докторантура бөлімдері бар. Оқу – тегін. Билік жаңа оқу орнын ислам білімі және ғылымы саласындағы елдің идеологиялық дербестігінің тұғыры ретінде қарайды. Сонымен қатар, діни радикализмнің таралуының алдын алу, исламтанулық ғылыми мектеп қалыптастыру және діни оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізгі мақсат. Еділ жағалауы федералды округтан шет елдік діни оқу орындарынан білім алғандар саны соңғы бес жылда 2,5 мыңнан асқан. Академия аясында ғұламалар кеңесін құру көзделуде. Ресей президенті әкімшілігінде исламдық жобалардың үйлестіруші-кураторлары ислам мәдениеті, білім және ғылым қорын құрып және мұсылмандық білім беру ұйымдарын мемлекеттік қаржыландыру көздерін іздестіруде бұл көбіне діни экстремизм мен терроризммен күрес мақсатына бағытталады. 2018 жылы қаңтарда РФ тергеу комитеті мұсылман жастарды шет елге діни білім алуын шектеуге шақырды. Ресей билігі үшін жаһандану жағдайында Ресей мұсылмандарының этнодіни бірегейлігін

қалыптастыру мен дәстүрлі діндарлықты жетілдіру маңызды. Шет елдік дін ғұламаларының пәтуасына құлақ салатын және жат-жұрттық дін ұстаздарына еліктейтін діндарлардың қалыптасуы мен көбеюі қауіпті құбылыс. Сондықтан, дәстүрлі діни сана мен діндарлық мәдениетіне сай діни ұстанымды қалыптастыру үшін Ресейде исламтанулық білім берудің үш деңгейі медресе-жоғары оқу орны-академия жүйесін қалыптастыру үшін мақсатты жұмыстар жүруде. 2017 жылы ресейлік 23 мыңнан аса мұсылмандар қажылық парызын өтеді. 2017 жылы Мьянмадағы рохинжа мұсылмандарын қолдау митингтері Мәскеу, Санкт-Петербург, Грозный қалаларында өтті. Ресей мұсылмандары негізінен сүнниттік сенімді ұстанады. Сирия мәселесіне қатысты Иранмен жақындасуы діни жағдай және дін қатынасқа да әсер етуі мүмкін. Деректер бойынша, Сирия аумағында террорлық ұйымдар қатарында 4500-5000-ға жуық ресей азаматтары қатысуда. «Ад-жнад «әл-кавказ», ахрар-ар-шам», «джейш әл-Мухаджирин-уал-Ансар» лаңкестік топтар қатары ресейлік азаматтардан құралған. 2015 жылы халқының басым көпшілігі сүнниттік сенімді ұстанатын Сирияға солтүстік кавказ халықтарынан құралған әскери полицияның жіберілуі сүнниттік араб елдерінің көңілінен шығу мақсатын көздейді. Дегенмен, шииттік (алавиилік) билік басқаруындағы Сирияға қолдау көрсетуші Ресейдің сүнниттік араб елдерінен толық қолдау табуы қиын да күрделі мәселе.

Заманауи Ресейде мемлекет пен дін қатынасы зайырлы негізде жүзеге асуда. Ресейде діндарлық пен діни сана ұлттық руханият және дәстүрге деген құштарлықты көрсетеді. 2017 жылы желтоқсанда Левада-орталық жүргізген сауалнама бойынша әлемдік тарихтағы орыс халқының айрықша рөліне сауалнамаға қатысқандардың 64%-ы сенеді. 1992 жылы бұл 13%-ды құраған, яғни бес есе өскен. Сауалнамаға қатысқандардың 50%-ы Ресейді ұлы держава деп санаса, 82%-ы ұлы державалықты сақтауды қалайды[6]. Мемлекет дәстүрлі діндердің қоғам өміріндегі атқаратын әлеуметтік қызметін айқындауға, әсіресе православтық мәдени дәстүрге ерекше көңіл аударады. Бұл елдегі мемлекет және дін қатынасының өзекті тұстары: ар-ұждан бостандығын қамтамасыз ету, жаңа діни ағымдардың және оккульттік-мистикалық ілімдердің таралуы, сыртқы діни ықпалды тежеу механизмдерін жетілдіру, діни фанатизм көрінісі, клерикалдардың қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуы, өнер мен шығармашылық туындыларына діни сараптама жасау, діндарлық пен ұлтшылдықтың қабысуы, ұлттық сананың діни негізінің өсуі, православтық құндылықтардың қоғамдық-саяси өмірге ықпалының өсуі, діни экстремизмнің қылмыстық әлеммен байланысы, ғылым мен діннің үйлесімділін теологиялық тұрғыдан айқындау, апологеттік позицияның күшеюі, аймақтардағы діни экстремизмнің көрінісі, діндарлықтың сандық және сапалық тұрғыдан өзгеру көрінісі, қоғамдық пікір қалыптастыруда клерикалдар ықпалының артуы. Ресейдегі мемлекет және дін қатынасы өркениеттік және адамзаттық құндылықтар аясында дамуда.

**Бағдат БЕЙСЕНОВ,**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, филос. ғ. д.**
*Алматы*

***Әдебиет:***

*1. Ю. Ерофеев: национально-культурная автономия или этнокультурное объединение? http://finugor. ru/en/node/51468. 5. 01. 2016.*
*2. United Nations Human Rights, Office of the High Commissioner for Human Rights, Universal PeriodicReview – Russian Federation, 33, http://www. ohchr. org/EN/HRBodies/UPR%5CPAGES%5CRUSession4. aspx.*
*3. United States Department of State, International Religious Freedom Report 2012: Russia, athttp://www. state. gov/j/drl/rls/irf/religiousfreedom/index. htm?year=2012&dlid=208360#wrapper.*
*4. At http://www. levada. ru/archive/religiya/kakuyu-religiyu-vy-ispoveduete. But see a much different total reported from a 2012 survey in the «Atlas of Religions and Nationalities of the Russians, «from the the Research Service «Sreda» at http://sreda. org/en/arena, which gives Orthodox belonging to Church at 41 percent and Faith without religion» at 25 percent.*
*5. http://www. sova-center. ru/en/religion/publications/2009/04/d15726/.*
*6. Lenta. ru. 21. 12. 2017.*

■ ҚОҒАМ

# АҚТӨБЕ ТЕМІР ЖОЛЫНДАҒЫ ЖЕМҚОРЛАР ЖӘНЕ АЛДАБЕРГЕН БАТЫР

***«Әділдік әрқашан жеңеді,***
***тек әдетте кешігіп келеді»***
***Б.Момышұлы***



**1.Жекешелендірілген станса жолы**

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан былай қысқаша – «ҚТЖ» ҰК» АҚ) Ақтөбе темір жолы бөлімшесінің басшылары мен ардагер теміржолшы, осы бөлімшенің АСУ (автоматизированная система управления) бөлімінің бұрынғы бастығы Алдаберген Аймағанбетов арасындағы айқасқа жақында он жыл толады. Ол жайлы біздің басылым бірнеше рет жазған да болатын. Айқас алаңының біреуі – Дөң стансасының жолы.

Мәселенің қалай болғанын оқырмандардың есіне түсіре кетейік. 2016 жылы 16-мамыр күні Ақтөбе облысы Хромтау қаласының әкімі А.Жолдыбаев Дөң стансасының ауданынан темір жолға ***жанама жол салу үшін*** «Темир жол-Брокер Сервис» ЖШС-іне 2,2326 гектар жер жекешелендіру құқығы беріліп, 2293997 теңгеге сатылсын деген өзінің №70 шешімін шығарады (1-сурет). Жолы болғыш «Темир жол-Брокер Сервис» ЖШС-іне аумағы 0,1144 гектар жер құқығын беру және оны 15623 теңге сату туралы дәл осыған ұқсас қаулыны бір аптадан соң, 22-мамыр күні Хромтау ауданының әкімі О.Далмағанбетов те шығарады (2-сурет). Темір жол бойындағы бұл екі жер телімінің жалпы аумағы 2,3470 гектарға, ал ұзындығы 730 метрге тең болады. «Жолы болғыш серіктестік» дейтін себебіміз, бұл «Темир жол-Брокер Сервис» серіктестіктігінің тең құрылтайшылары басқа емес, нақ сол ***Ақтөбе темір жолы бөлімшесінің басшысы Ж.Ізғұлов пен оның 1-орынбасары А.Петровтың әйелдері Жанат Ізғұлова мен Оксана Петрова*** болып табылады. Екі жер телімін қосып көрсеткен себебіміз – олар қатар жатқан жер телімдері екені кейін анықталады. Бірақ, «Темир жол-Брокер Сервис» серіктестіктігінің де, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның басшылары да ***«Дөң стансасының ауданынан» берілген жердің тағы да нақ сол станса тұрған №30 «стансалық жолдың» өзі екенін, магистралды желінің бір бөлігі екенін жасырып қалады***. Ал, магистралды темір жол желісі «ҚР темір жол көлігі туралы» 2001 жылғы 8-желтоқсандағы заңының 5-бабының 1-бөлігіне сәйкес жекешелендіруге жатпайды және ұлттық басқарушы холдингке сенімді басқаруға беріледі. Ж.Ізғұлов пен В.Петров өз әйелдерінің ЖШС арқылы жерімен қоса магистралдық темір жол желісінің үстінде орналасқан стансалық жолды сатып алып, оның қызметін пайдалануды көздеді. Пайдаланды да! Мәселе осында...

Ал, «Темир жол-Брокер Сервис» серіктестіктігінің тең құрылтайшылары Ж.Ізғұлова мен О.Петрова 2007 жылы 10-қазандағы «Сату-сатып алу жайлы келісім-шартқа» сәйкес: 1. «***Продавец» продал, «покупатель» купил Железнодорожный тупик, протяженностью 730 метров, находящегося по адресу: г.Хромтау, ул.Новая станция, д.6, с земельным участком площадью 3,3470 гекторов***» деп, «Олжа-2007» ЖШС-іне 1350000 теңгеге сатады да жібереді. Магистралдық темір жол желісіне жататын магистралдық жолға кіретін №30 «стансалық жол» «темір жол тұйығы» аталып кеткен. Бұл – әдейі жасалған жаңылтпаш...







Жоғарыда аталған Хромтау қаласы әкімінің шешімі мен қаулысы заңсыз екенін 2011 жылы 14-желтоқсанда өткен Ақтөбе облыстық сотының апелляциялық алқасы өзінің қаулысында «В настоящее время, после неоднократных сделок, ***собственником указанного земельного участка по праву является АО «НК КТЖ»,*** в соответствии с безвозмездным договором дарения от 8 февраля 2008 года. Таким образом, действие оспариваемого решения ныне аннулировано и исчерпано» (3-сурет) деп көрсетеді.

– *Бірақ, бұл жерде аздаған, жұмсарта айтсақ жаңсақтық бар*, – дейді ардагер теміржолшы. – *мен бұл «договор даренияны» көрдім. Онда «Олжа-2007» ЖШС 2,3470 гектар жердің бар болғаны 0,3558 гектарын қайтарғаны туралы ғана айтылған. Әйтсе де, сот алқасының бұл қаулысы 2,3470 га жердің иелік құқығы «ҚТЖ ҰК-ына жататынын тайға басқан таңбадай анық көрсетіп тұр. Бізге ең керегі де осы!*

Жекешелендіруге жатпайтын магистралдық темір жол желісінің бөлігі заңсыз жекешелендірілуіне байланысты сол кездегі Ақтөбе облыстық қаржы полициясы 2012 жылдың 23-мамыры күні Ақтөбе темір жолы бөлімшесі басшыларының үстінен ҚР Қылмыстық кодексінің (1997 жылғы редакциясы бойынша) 307-бабына сәйкес қылмыстық іс қозғайды. Бірақ, неге екені белгісіз, жер телімдерінің қайда орналасқанын нақты анықтап алмайды; шешім, қаулы шығарғыш қала мен аудан әкімдерінің заңсыз әрекеттері ауызға алынбай қалады. Бірақ, арада бір жыл өтпей жатып аталмыш орган 2013 жылғы 13-қаңтардағы өзінің қаулысымен «темір жол тұйығы мемлекеттің меншігінде ешқашан болмаған» деген күлкілі желеумен – жоғарыда оның жаңылтпаш екенін ескертіп едік қой – өзі қозғаған қылмыстық істі өзі қысқартып тастайды..

Сонымен бірге №7 стансалық жол бойындағы ауданы 658 шаршы метрді құрайтын, есептен шығарылған (списанный) Пакгауз ғимараты тұрған, аумағы 800 шаршы метр болатын ***Түсіру-арту алаңы да, дұрысы тағы да осы Алаңның астында тұрған жер*** Хромтау ауданы әкімінің шешімімен жекешелендіріліп, «Темир жол-Брокер Сервис» серіктестігіне беріледі. Бұл алаңның, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген, жалпы ұзындығы 730 метр түсіру-арту алаңы бар екі жер телімі де Дөң стансасының аумағында орналасқандығына республикалық Бас көлік прокуратурасының комиссия мүшелерінің көзі жетіп, олар 2017 жылдың 11-сәуірінде бұ жөнінде Акт жасайды. Және ***2017 жылдың 1-маусымында жоғарыдағы қылмыстық істі қысқарту туралы қаулының күшін жояды***.

Сондай-ақ, «тәбеті тамақ үстінде ашыла түсетін» «Темир жол-Брокер Сервис» серіктестігі №30 стансалық жол бойынан тағы да 0,3515 г жерді 49 жылға жалға алады. Яғни, Ақтөбе темір жолы бөлімшесінің басшылары мемлекет өздеріне басқаруды сеніп тапсырған темір жол телімдерін өз пайдасына жұмыс істетуде. Осыдан кейін «дорога государственная – карман частный» демей көр...

*– Сонымен, бүгінгі таңға жағдай мынадай, – дейді Алдаберген ағай. –*

***Бірінші****. Хромтау ауданы әкімінің қаулысымен берілген 0,1144 га жер телімінің жекешелендірілуі заңсыз екендігі жайлы сот шешімі жоқ!*

***Екінші.*** *Хромтау ауданы әкімінің қаулысымен берілген 0,080 га жер телімінің жекешелендірілуі заңсыз екендігі жайлы сот шешімі жоқ!*

***Үшінші****. Хромтау қаласы әкімінің шешімімен берілген 0,3515 га жер телімінің жалға берілуі заңсыз екендігі жайлы сот шешімі жоқ!*

***Төртінші****. Хромтау ауданы әкімінің қаулысымен №30 станса жолының 730 метр жері заңсыз жекешелендірілгені жайлы сот шешімі жоқ.*

***Бесінші****. Хромтау ауданы әкімінің қаулысымен берілген 658 шаршы метр жер телімінің жекешелендірілуі заңсыз екендігі жайлы сот шешімі жоқ! Жалғыз ғана 2.2326 га жердің заңсыз жекешелендірілгені жайлы сот шешімі бар...*

А.Аймағанбетов аға жеңіске жететініне шәк келтірмейді. Себебі, қоғамда жемқорлыққа қарсы күрестің күн санап күшейіп келе жатқанын, қалың көпшіліктің жанына бұл жұлын құрт әбден тиіп болғанын көзі көріп отыр...

**Шуақ АЙБАЛТАҰЛЫ**

**ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса дарынды өкілдерінің бірі Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы, кей деректер бойынша 1890, қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жүсіпбек Аймауытов атындағы ауылда туған. Тегі жағынан келгенде, осы өңірден шыққан Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев сияқты атақты ақындармен әрі жерлес, әрі туыс болып келеді. Арғы аталары Дәндебай мен Қуат текті жерден шыққан дәулетті кісілер болғанымен, өз әкесі Аймауыт шағын шаруалы адам екен.**
**Әкесі балаларын жастайынан еңбекке баулиды. Жүсіпбек те әкесінің үйретуімен етікші, ерші, өрімші, ағашшы, тігінші сияқты қол өнерлерін игеріп, күнкөріс кәсіпке айналдырады. Ән салып, домбыра тартуды үйренеді. Оның үстіне сөзге зеректігі Жүсіпбектің қаршадайынан өнерлі болып өсуіне жағдай жасайды.**
**Жүсіпбек бес жасында ауыл молдасынан хат таниды. Он бес жасқа дейін арабша дәріс алады; молдалық құрып, бала оқытады. Орысша сауатын да ауылдан ашады; әкесі Оспанның оқып жүрген немере тусы Қағазбай Жүсіпбекке орысша үйретеді. 1905 жылы Баянауылға барып, орыс мектебіне оқуға түседі. Мұнда бір қыс оқыған соң мектептегі әділетсіздіктерге қарсылық білдірген шәкірттердің ереуіліне қатысамын деп, оқудан шығып қалады.**



# Сан қырлы

## немесе Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығы туралы сыр

**Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,**
**филология ғылымдарының докторы, профессор**

Қыстай етік тігіп күн көреді. Жазда Баянауылға келіп, ондағы мектепте оқуын жалғастырады. Мектепті бітірген соң ауылда бала оқытады. 1911 жылы Керекудегі екі кластық орыс-қазақ мектебіне кіреді. Одан кейін төрт жылдық мектеп-интернатты бітіреді. 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1919 жылы бітіреді.

Семинарияда Жүсіпбек Қаныш Сәтбаевпен бірге оқыған. Мұхтар Әуезовтің де осында оқып, Жүсіпбек Аймауытовпен жақын аралас жүргені, әдебиет кештерін бірге ұйымдастырғандары белгілі.

Семинарияның директоры Нұрғали Құлжанов әдебиет пен мәдениетке бір табан жақындау, ұлтжанды азамат болған. Жиі ұйымдастырылып тұратын мәдени кештерде сегіз қырлы өнерпаз Жүсіпбек ерекше көзге түсті. Ж.Аймауытов Семейде оқыған кезде қазақтың ұлтшыл зиялы азаматтарымен жақын жүреді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов сияқты ұлт-азаттық қозғалыстың саяси көсемдерінің тікелей ықпалында болады. 1917-1919 жылдары Алашорда ұйымына мүше болып, қоғамдық-саяси істерге араласты. 1918 жылы М.Әуезовпен бірге «Абай» журналын шығарысты.

1919 жылы 1-желтоқсанда Семейде совет өкіметі жеңеді. Қазан төңкерісі әкелген өзгерістер қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси бағыттарына тікелей әсерін тигізеді; Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Ыдырыс Мұстамбаев, Әзімбай Лекеров сияқты көптеген оқыған қазақ жастарымен бірге Ж.Аймауытов та жаңа өкіметтің қызметтеріне белсене кіріседі. Семейде Губерниялық төңкерістік комитет құрылғанда Жүсіпбек нұсқаушылар бөлімінің бастығы болып бекітіледі. 1920 жылы қаңтар айында РКП (б) қатарына кіреді (1922 жылы шыққан). 1921 жылы Губревком тарап, Семей губерниялық атқару комитеті құрылғанда Аймауытов Губатком мүшесі және оқу бөлімінің бастығы болады.

Осындай жауапты қызметтер атқара жүріп, ол жазу жұмысынан бір сәт те қол үзбейді. Семейде шыға бастаған тұңғыш советтік газет «Қазақ тілін» ұйымдастырып, алғашқы редакторы болады. 1920 жылы Қазақстан Советтерінің Құрылтайына делегат болып қатынасады. 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мұғалім, 1924-1929 жылдар аралығында Шымкенттегі педагогикалық техникумда директоры болып істейді.

Осындай қызметтер атқара жүріп, қоғамдық-саяси жұмыстарға да белсенді түрде араласады. 1929 жылы Жүсіпбекке Совет өкіметіне қарсы деген саяси айып тағылып, қамалады. 1931 жылы ұлтшылдық ұйыммен байланысты «халық жауы» ретінде айыпталып, атылды.

Ж.Аймауытов өлең шығарумен бала кезден айналыса бастаған. Жастайынан ауыз әдебиетінен мол сусындап өскен бала Жүсіпбек шығыстың қисса-дастандарын ұзақ таңға тыңдап, кейіннен өзі де үйреніп алып, жатқа айтатын болды.

«Ең алғаш менің өлең жазғаным он үш жасар кезім болса керек. Дұғалық жазатын кішкене қара шолақ кітапшама тіленші шалға боранда есігін ашпаған кемпірді, көшкенде байталға мінбеймін деп, әкесін ренжіткен қызды (ол Жәмікен деген апам ғой) өлең қып жазып қойғанымды әкем көріп, маңдайымнан иіскегені әлі есімде. Содан соңғы өлең жазғаным он тоғыз-жиырма жасар кезім болса керек... Абайға еліктеппін. Ең алғаш басылған сөзім 1913 жылы болса керек. Бір ақымақ алыпсатардың болыс болам деп, елге бір месте шай апарып, елдің құлары болыс қоямыз деп, шайларын алдап алып, бос қайтқанын жазып едім, бұл хабар «Қазақ» газетінде басылды. Сол хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды» – деп жазды қаламгер өзінің шығармашылық жолының басталуы турасында.

Сол кездегі көптеген жазушылар сияқты Жүсіпбектің қалам қарымы баспасөз бетінде қатайып, шыңдалды; шеберлік мектебі болды. 1917 жылы «Сарыарқаның сәлемі» атты өлеңі «Сарыарқа» газетінің бірінші нөмірінде жарияланды.

Осы кездерден бастап «Қазақ», «Сарыарқа», «Жаңаөріс», «Ақжол», «Еңбекші қазақ», «Қосшы» газеттерінде, «Абай», «Лениншіл жас», «Жас қазақ», «Әйел теңдігі» журналдарында мақала, әңгіме, өлең, пьесалары жиі жариялана бастайды. Алғашқы туындылары ұлт бостандығы рухында жазылып, елді бірлікке, білімге, еңбек етуге, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге, адамгершілік мұраттарын сақтауға шақырды.

Жүсіпбектің артында қалған әдеби мұра аса бай. Ол әдебиеттің барлық салаларында дерлік қалам тербеп, идеялық-көркемдік сапасы жоғары тамаша туындылар жазды.

Ж.Аймауытовтың алғашқы өлеңдерінен-ақ оның шығармашылық беті айқын көрінеді. «Ұршық» (1917) атты өлеңінде жалғыз баласын әскерге алып кеткен кемпірдің монологы арқылы сол кездегі әлеуметтік жағдайдан хабардар етеді. «Көшу» өлеңінде қазақ ауылындағы көш сән-салтанатының көркем көрінісін жасайды. «Комила», «Ах-ха-ха-ха-хау» өлеңдерінде қазақ қызының ауыр тағдырына назар аударады. Жүсіпбектің «Ұран», «Әскер марсельезасы» атты өлеңдері – халқының қанаудағы халін көрсетіп, одан құтылуға үндеген, азаттық рухта жазылған туындылар. Патша өкіметі құлаған соң енді шын бостандық келді деп сенген ақын былайша жырлайды:

– Қазағым, қамықпа, қамалма,
Ел болар қамыңды амалда.
Кетті түн. Атты таң, шықты күн,
Сал малды, сал жанды аянба...
Зарыққан, тарыққан шағыңда,
Тап болды бостандық бағыңа.
Ұйымдас, ұрандас, жағалас.
Сен де мін бабаңның тағына...

«Әскер марсельезасында» халқымыздың ұлттық тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, елін-жерін қорғаудағы жауынгерлік ерліктерін мақтан тұтады.

– Арғы атам ер түрік,
Біз қазақ еліміз.
Самал тау, шалқар көл,
Сарыарқа жеріміз.
Сай сайлап, мал айдап,
Сайрандап ен жайлап,
Ерке өскен Арқаның
Еркесі серіміз...
Ертүрік етіміз.
Қамығып еш жаудан
Қайтпаған бетіміз.

Өз халқынездіктен құтқарып, егемендікке жету жолында бұрыннан бар ерлік дәстүрді қайта жаңғыртуға үндейді. Осы алғашқы өлеңдерінен-ақ Ж.Аймауытовтың шығармашылық қызметінің ұлтазаттық, ұлтшылдық рухтағы әлеуметтік бағыты айқын көрінді.

«Нұр күйі» (1929) поэмасында (автор «Күйлі сөз» деп атаған) Жібек ананың соқыр боп туған баласының өнерпаз, күйші болып өскендігі, орыс дәрігерлерінің көмегімен көзі көріп, қуаныштан, шаттықтан күй тартқандығы жырланады. Жастарды жаңа өмір үшін күреске білуге үндейді; халықтар достығын насихаттайды. Поэмада ақ өлең үлгісі көбірек қолданылған.

Ж.Аймауытов шығармашылығының салмақты жағы оның прозасында жатыр. Ол – «Әнші», «Елес», «Жол үстінде» сияқты көптеген әңгімелердің, «Күнікейдің жазығы» повесінің, «Қартқожа», «Ақбілек» романдарының авторы. Жүсіпбектің әңгімелері көлемінің шағындылығымен, шынайылылығымен ерекшеленеді. Оларда ел өміріндегі, адам психологиясындағы өзгерістер, қоғам, өмір, өнер жайлы толғаныстар бар.

Жазушы жаңа заманда кедейлердің теңдікке жеткендігіне қуанады («Қойшы Ғастамақ», «Оралдан поезд өткенде»). Ауылда болып жатқан өзгерістерді құптайды («Өзгермесе, бұл не?»). Сонымен бірге ауылды кеңестендіру кезінде орын алған келеңсіз құбылыстарды аяусыз сынайды («Көшпелі Көкебай», «Жарасымды суреттер»). Жағымсыз қылықтарды мінеуге арналған әңгімелерінде юмор, сатира шебер пайдаланылады.

«Елес» әңгімесінде кеңес журналистерінің білім-білігінің таяздығы, даңғаза, жалған саясаттың салдарынан өмір шындығын жаза алмай, бетінде қалқып жүргендігі ащы тілмен сыналады. Жұмыста бей-жай қалыпта есінеп отырған журналист қалғып кеткенде, түсіне елес кіріп, қаламгердің дауырықпаға еріп, дәуір тынысын жаза алмай жүргендігін бетіне айтып, қатты кінәлайды. Бұл әңгімеден жазушылық, жалпы сөз өнері туралы, оның мәні мен маңызы, қоғамда атқаратын қызметі жайлы көзқарасы айқын көрінеді.

«Әнші» әңгімесі атақты әнші Әміре Қашаубаевқа арналған. Қазақтың әншілік дәстүрі бас кейіпкер Әмірханның бейнесінде жаңаша жалғасын тапқан. «Күнікейдің жазығы» (1928) повесі қазақ қызының аянышты тағдырына арналған. Оқи бастағаннан қараңғы үйде қайғыдан күңіренген кейуананы көреміз. «Күнікей ғой бұл жатқан» деп таныстырады бас кейіпкерімен. Шегіністер жасау арқылы бұл иесіз шымқора – жер үйде жалғыз қалған аурудың бір кезде күндей күлімдеген Күнікей екендігі, оның да ақылды да сұлу қыз болып шалықтап өскендігі, бірақ кейіннен өмір толқындарының ауыр соққыларынан есеңгіреп, бақытсыз күйге түскендігі шебер суреттелген. Кедей қызы Күнікей сүйгеніне қосылып бақытты болған сияқтанғанымен, бала көтермей, аяғы қайғылы халге ұшырайды. Шығармада қазақ халқының ұлттық өмірін салт-дәстүрін бейнелейтін қыз ұзату, көшу, ойын-сауықтар, әзіл-қалжыңдар сияқты тұрмыстық суреттер мол. Повесть ақ өлең үлгісімен жазылған; поэзияша төгіліп тұр.

Ж.Аймауытовтың прозадағы көркем де кесек туындыларының бірі – «Қартқожа» романы (1926). Романда қазақ даласында Қазан төңкерісі әкелген өзгерістер шынайы бейнеленген. Шығарманың бас кейіпкері – Қартқожа Жұманов өмірде болған адам. Ол – қарапайым халық арасынан шығып, төңкерісті қуана қарсы алған, кейіннен партия-совет жұмыстарында қызметтер атқарған азамат. Автор өзі жақсы білетін шын өмірдегі Қартқожаның әдебиеттегі көркем бейнесін жасай отырып, алдына дүбірлі кезеңнің қазақ даласына әкелген дүбірлі жаңалықтарын суреттеуді мақсат тұтқан. Қартқожа жүріп өткен жолдар – бір ғана адамдікі емес, сол кездегі саяси-әлеуметтік істерге араласа бастаған ондаған, жүздеген қазақ оқығандарына да ортақ жол. Қартқожа – төңкерістен кейін ояныш, қоғамдық өмірде өз орнына ие бола бастаған көзі ашық қазақ жастарының типтік бейнесі. Бейімбет Майлин Мырқымбай арқылы кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы қазақ кедейлерінің классикалық көркем бейнесін жасаса, Жүсіпбектің Қартқожасы – осы қатарда тұратын оқыған қазақ азаматтарының жиынтық образы.

Романның сюжеттік желісі бір ғана адамның – Қартқожаның өмір жолын баяндауға құрылған. Осы ерекшелігі оған өмірбаяндық-мемуарлық сипатта қосқан. Бірақ шығармадағы оқиғалар біріншi жақтан баяндалмай, автор атынан суреттеліп отырады. Қартқожаның бейнесін жасау ол жүріп өткен өмір жолдарын көркем баяндау арқылы жүзеге асқан. Сөйтіп, қоғамның жеке бір мүшесінің тағдырын көрсету арқылы аласапыран қазақ даласының көркем келбеті жасалады. Романда суреттелген барлық оқиғалардың қақ ортасында Қартқожа жүреді.

Автор бас кейіпкерін өмірдің небір қилы соқпақтарынан өткізеді. Кедей ортадан шыққан оның әкесі Жұман – момын адам. Ал шешесі болса, ол да «біртүрлі момын, біртоға жан». Күйбеңдеп шаруасын істеп, балаларының үстібасын бүтіндеп, анаған да, мынаған да: «Қарағым, шырағым» дегеннен басқа, бар дәмін кісіге бергеннен басқа бөтен мінезі жоқ».

Осындай отбасынан шыққан Қартқожаның момын болуы да сенімді. Оның үстіне қатал тағдыр-тіршілікте еңсесін езіп тастаған. Көптің бірі Жұманның да күн көрісі нашарлап, балашағасын асыраудың өзі қиындай береді. Тіршілік жасап отырған төрт-бес малынан айырылады. Табиғат та тырысып, бар қарін төгеді. Жазушының жұтты суреттеуінен оның тіршілік тынысын терең білетіндігі көрінеді. Осы қоян жылғы жұтта Жұман да қайтыс болады. Артында аңырап балашағасы қалады. Өмір мен өлім белдескен шақ еді бұл. «Тұрымтай тұсымен» болған осы кезде бас кейіпкерді жоғалтып алғандай да боламыз. Сөйтсек, ол күн көру үшін молда болып кетіпті.

Романда жұттан кейін бір-екі жылдан соң қайтыс болған бір кемпірдің підиясында отырған бір молданы көріп қаламыз. Жазушы кейіннен «Қартқожадағы» підия алатын бала молданы оқысақ, ол – өзім. Қартқожаның әке-шешесін көрсек, ол – өз әке-шешем» деп жазды.

Жұттан аман қалған Қартқожа ескіше сауатының арқасында молда болып, жан

бағып жүрген екен. Оның есіл-дерті – оқу. Өлермендігімен елге демалысқа келген шәкірттерден орысша хат таниды. Өмірде болып жатқан қым-қиғаш оқиғалар жас баланы сан ойларға жетелейді. Қартқожа оларға жауап таба алмай, шарқ ұрады. Жауапты тек білім арқылы ғана ала алатынына көзі жетіп, оқудың соңына түседі. Өстіп жүргенде 1916 жылдың оқиғаларына қатысады. Әскердің қара жұмысына алынады. Солдаттық өмір Қартқожаның көзін ашады: оңы мен солын танып, саяси сауаттана бастайды. Романның соңында өмірдің небір қиын баспалдақтарынан өтіп, ысылған, халқын жақсы істерге бастап жүрген азамат Қартқожаны көреміз.

Романда Қартқожа сияқты зорлық-зомбылық сияқты келеңсіз көріністерге батыл қарсы шыққан жастар да көрінеді. Сондай адамның бірі – Дәрмен. Патша жарлығына қарсы шыққан қазақ жігіттерінің ішінде Дәрмен Қартқожаға ерекше әсер қалдырады. Ол нағыз сегіз қырлы, бір сырлы: әрі ақын, әрі әнші, әрі балуан, әрі ақылды, әрі батыр жігіт ретінде ұзақ есте қалады.

«Қартқожа» романы туған жерге, халқына деген ыстық лебіздерге толы: «Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін?.. Ыстық қой, шіркін, туған жер! Туған жерге жеткенше, қайтіп дәтің шыдайды? Кім сағынбас өз қағын? Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе сүймес, зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз... Туғалы ұзап шықпаған, бауырмал әжесінің бауырында еркелеп өскен үлбіреген балапан жүректі Қартқожа қайтіп сүймесін?»



# дарын

Жазушының көркем сөздің хас шебері екендігіне мына үзінді дәлел болса керек:

«Міне, Ертіс. Суы қара барқынданып, жауырынын күжірейтіп, көк ала сең арқалап езуінің көбігі бұрқырап, екпіні үй жыққандай долы Ертіс. Әнебір сеңдер иін тіресіп, үзеңгі қағысып келеді. Оның ар жағында андағайлаған жеке дара сеңдер тұмсығын жұлдырып, күрс-күрс сынып, басы зеңіп, үйдей шомбал кесек мұз майдандағы дәулескер батырдай, жолдағыларды кеудемен соғып, соңынан жол салады. Алыптың айбарына неғып шыдасын? Шошаландаған қағылез сеңдер тұмсығын сындырып, күрс-күрс сынып, басы зеңіп, шыр кебелек айналды. Алыстан бұрқақ теңдеген нөсер келе жатқандай, әйтпесе қамыс кешіп жолбарыс жүргендей, сеңге қақалған Ертіс булығып, кеудесі сар-сар етеді». Бұл жолдарды Лермонтов жырлап, Абай қазақшалаған «Теректің сыйымен» ғана салыстыруға болар.

Романда саяси-әлеуметтік өмірдің өзекті өңірлеріне батыл барып, өміршең ойлар өріс алған. Бір ғана мысал. Қартқожаға бір жігіт «Қазақ саудагер болмаса, ұтылады. Тұрмыс – күнкөріс тартысы. Сауда жүзінде тартысқа жарамаған ел ел болмайды. Елді ішек-құрттай жайлап, теспей сорып, жоғалтатын нәрсе – капитал, сауда-саттық. Қазақ сауда-саттыққа кірісе алмай, қағылып қалса, ұтылғаны, жеңілгені деп ойлау керек» – деп, ақыл айтады. Бұл ойлардың қазір емес, осыдан жетпіс жыл бұрын сауда атаулыға қарсы шығып жатқан кезде айтылғандығын ескерсек, жазушының тіршілік тынысын дөп басып, көрегендік танытқанын айта кетпеске болмайды.

Ж.Аймауытов өз кейіпкерлерінің өзіне ғана тән сыпатты ерекшеліктерін дәл тауып, шебер сомдай біледі. Жан жүйесі жайлы оқулық жазған жазушы ұлттық психологияға жетік. Ирония, юмор, сатира сияқты көркемдік құралдарын пайдалануға келгенде шын шеберлік танытады. Июнь жарлығынан кейінгі ел билеген болысбилердің әнтек іс-әрекеттері осыған дәлел.

«Қартқожада» ел тіршілігі, замана тынысы, оның ұнамды, ұнамсыз жақтары онша әсіреленбей, шынайы бейнеленеді.

Жүсіпбектің реализмі дүбірлі дәуірді көркем кестелей алғандығынан айқын көрінеді. Шығарманың көркемдік-идеялық қыртыстары қалың.

Тұтастай алғанда, «Қартқожа» романы Ж.Аймауытовтың шығармашылық дарынының қуаттылығын танытқан, сонымен бірге қазақ роман жанрының жиырмасыншы жылдардағы елеулі табыстарының қатарындағы шығарма болды.

Жазушының «Қартқожамен» тақырыптық жағынан үндес, композициялық құрылымы жағынан ұқсас жазылған романы – «Ақбілек». Алғашқысында қалың халық арасынан шыққан қазақ кедейінің өмір жолы суреттелсе, соңғысында қазақ қызының тағдырына төңкеріс әкелген өзгерістердің тигізген қилы әсерлері көркем бейнеленеді. «Ақбілекте» Жүсіпбек қазақ сөз өнерінің шын шебері ретінде жарқырап көрінді. Роман идеялық жағынан болсын, көркемдік қасиеттері болсын, бүкіл қазақ прозасының классикалық туындыларының қатарында.

Романда төңкерістен кейін әрі-сәріге түскен қазақ даласының тынысын алыс Алтай өңіріндегі бір ауылдың тіршілігін суреттеу арқылы береді. Түкпірдегі қазақ ауылы...

Баяғыша бір қалыпты тіршілік. Қызылдардан жеңіліп, шетке ығысып кеткен ақгвардияшылар...

«Ақбілекте» өмірдің қатал шындығы қазақ қызының қиын да күрделі тағдыры арқылы бүкпесіз бейнеленген. Азып-тозған ақгвардияшылардың офицерлері үшін адам өлтіру, жеке адам тағдыры түк емес. Қазақ ауылдарына қасқырша тиген олар Ақбілектің де ауылын талап, анасын өлтіріп, өзін олжа қылып алып кетеді. Оң жақта солқылдап бойжеткен, құда түсіліп, әне-міне ұзатылғалы отырған ақылды Ақбілектің тағдыры есірген ақ офицерлердің ойыншығына, бақытты болашағы гүлдей семіп, «беті ашылған» қарабетке айналды.

Бірақ өмір шахмат ойыны іспеттес. Ақбілек те көптеген тауқыметтерді басынан өткеріп, бақытты өмірге қайта оралады, Балташтай азаматпен бақытты шаңырақ құрады. Романның соңында күйеуі Балташпен бірге туған ауылына келеді. Бір кезде күн көрсетпеген өгей шешесіне дейін тік тұрып, қарсы алады. Ауылына баяғы қарабет Ақбілек емес, азамат Ақбілек болып оралады. Бір кезде қаншама өкініш, қасірет әкелген, өлдіге санап келген Ескендірімен табысады.

Жазушының тілі аса көркем; қазақтың байырғы қарапайым тілі бар құдіретімен жарқырап көрінеді. Жалт-жұлт еткен, сәуле шашқан, тылсым тұңғиығына тартқан асыл сөздер сиқыршыдай арбап, елтіп алып кетеді. Тіпті, прозалық шығарма емес, поэзия оқып отырғандай әсерде боласыз. Қалыпты прозаны өлең өлшеміне келтіріп жазсақ:

Өскеменнің ар жағында,
Бұқтырманың оң жағында
Әлемге аян Алтай бар.
Сол Алтайдың күнгейінен
Құбыла жаққа құлай аққан.
Құлай ағып Ертіс түскен,
Күр-күр еткен, Күршім бар, – деген жолдар

өлең сияқты оқылады.

Суреткерлік жағынан келгенде, көркемдіктің кестесі құлпырып тұр. Иә, Жүсіпбектің тілі сұлу, ойы көркем. Романның басты құндылығы да осы құлпырған қызғалдақтай көркем тілінде жатыр. Сырлы сезіммен жан тебіреніспен жазылған «Ақбілекті» сезімсіз оқу мүмкін емес, тілі тым сиқырлы. Әсіресе бірінші бөлім нәзік лиризм мен асқақ шабытқа толы. Автор нені жазса да жанымен, сезіммен бейнелеп, суреттеп жазады; жанды көріністер жасайды. Жай баяндай салу жоқ: «Қара түн жан-жағын қамап жұтып қоятындай ұмтылып келе жатыр», «Түкіріп жіберсе, есіктен өтіп, сары иттің тұмсығына жалп етеді», «Пароход сорпа жалағыш кәрі төбетше суды шолп ұрып, қозғала бастады». Романда көп ұзақ-сонар баяндаулар кездеспейді. Қысқа да жанды образ, айшықты бояулар көз тартады.

Жазушы көбіне үшінші жақтан суреттеу, баяндау әдісін қолданады. Ал, соңғы төртінші бөлім – «Махаббат» Ақбілек пен Кәмиләнің әңгімесіне құрылған. Ақбілектің басынан кешірген ауыр оқиғаларды суреттеу барысында автор өзінің суреткер екенін кейде ұмытып кетіп, болып жатқан жағдайларға өз көзқарастарын қалай білдіріп қойғандығын байқамай да қалатын сияқты.

Ж.Аймауытов – психолог жазушы. «Жан жүйесінің» авторы өз кейіпкерлерінің жан дүниесіне терең бойлап, нәзік сезім иірімдерін жіті бере білген.

«Ақбілек» – қазақ прозасындағы алғашқы психологиялық роман. Образдар жасаудың басты құралы ретінде психологиялық толғаныстар жиі қолданылады. Жазушы кейіпкерлерін алғаш шығарма сахнасына шығарғанда анадай еді, мынадай еді деп, көп тәптіштеп жатпайды. Оларды сахнадағы артистей – бір-бірлеп оқырман алдына шығарып, өзі, өмірі туралы толғаныстарын айтқызады. Бекболатпен, ақ офицермен, Мұқашпен біз осылайша танысамыз. Кейіпкерлердің кім екендігін сыртқы түрінен, іс-әрекетінен ғана емес, ішкі жан сырлары арқылы да танып білеміз.

Жазушы өзінің сүйікті кейіпкері Ақбілекті бейнелеуге барын салған. Ақбілектің жан толғаныстары қоршаған ортамен шебер ұштасып жатады. Өкініш пен өксікке, күйініш пен қуанышқа толы өмір кешкен Ақбілек бар болмысымен, жан дүниесімен көрінеді. Оның жан толғанысы кей тұстарда авторлық баяндаумен жымсыз ұштасып, іс-әрекеттің ішкі мазмұны мен сыртқы көріністері тұтастық табады. Қайшылығы мол қоғамда тағдыры тәлкекке ұшыраған Ақбілектің жан күйзелістері, аянышты халі кімді болса да тебірентпей коймайды.

Мамырбайдың бой жетіп отырған қызы Ақбілектің Мұқаштың опасыздығымен қашқан ақгвардияшылардың қолына түсуін, ондай талай қорлықтар көріп, әйтеуір аман қалуын, жалғыз қалған қызды тау арасында қасқырлардың қамалауын суреттеген тұстар шебер кестеленген. Романда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, салт-санасы, ұлттық психологиясы білгірлікпен бейнеленген. Әсіресе төңкерістен кейін бүрқ-сарқ қайнап жатқан қазақ өмірінің әлеуметтік көрінісі терең талданылған. Ақбаланың саяси жағынан жетілуі даму үстінде табиғи түрде көрінеді. Сондай-ақ, Ақбілектің әкесі Мамырбайдың, оның тоқалы Өріктің, атастырылған жігіті Бекболаттың, кім мықты болса, соның жағындағы Мұқаштың, ағасы Төлегеннің, қаладағы қазақ қызметкері Ықаң мен Тыпаңның, Ақбала, Доға, Балташ, Жорғабек сияқты жастардың бейнелері де шынайылық танытады. Кейіпкерлерін бір жақты жағымды, не бірыңғай жағымсыз етіп суреттеу Жүсіпбекке жат. Өмір қаншалықты қайшылықты болса, суреткер сомдаған образдардың болмысы да соншалықты күрделі. Әрбір кейіпкер өмірмен диалектикалық байланыста бейнеленіп, қоғамдағы қайшылықтар олардың бойынан көрініс табады. Қазақ даласына Қазан төңкерісі әкелген саяси өзгерістерді ауылдың қарапайым қызы Ақбілектің қилы тағдыры арқылы көркем бейнелеген «Ақбілек» романы – ұлттық прозамыздың төрінен орын алған кесек туынды.

Ж.Аймауытов – қазақ драматургиясының негізін салушылардың бірі. Ол қазақ театр өнерінің іргесін қалаушылардың қатарында. 1915 жылы Абайдың қайтыс болуының он жылдығына орай өткізілген әдеби кеште «Біржан-Сара айтысын» сахнаға лайықтап қайта жазып, онда басты рольді ойнаған Жүсіпбек болды. 1922 жылы «Еңлік-Кебектің» сахналық нұсқасын сахнаға шығарады. Кейіннен «Сылаңқыз»(1922), «Ел қорғаны»(1925), «Шернияз» (1926), «Рәбиға» (1926), «Қанапия-Шәрбану» (1926) драмаларын жазды. Жүсіпбектің пьесалары негізінен өз дәуірінің өзекті мәселелеріне айналған. Айтар ойының айқындығымен, драмалық тартыстың өткірлігімен ерекшеленеді.

Жүсіпбек балалар мен жасөспірімдерге арнап «Жаман тымақ», «Шал мен кемпір», «Көк егіз», «Үш қыз» атты ертегілерін жазды. Сондай-ақ мектеп, жоғары оқу орындарының оқушыларына арналған «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер тану» (1926) атты елеулі еңбектері шықты. Сөйтіп ұлттық педагогика, психология ғылымдарының қалыптасып, дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Ж.Аймауытов аудармашы ретінде қазақ әдебиетін байыта түсті. Ол Н.Гогольдің «Бақылаушы», («Ревизор»), А.С.Пушкиннің «Тас мейман», «Сараң сері», А. Дюманың «Дәмелі», Дж.Лондонның «Телегей теңіз», К.Берковичтің «Өрбике», С.Чуйковтың «Тау еліндегі оқиға» атты шығармаларын қазақшалады. Бұларға коса В.Шекспирден, Ги де Мопассаннан, Р.Тагордан, Л.Толстойдан, А.М.Горкийден аудармалар жасады. Бұлардың қатарына Н.И.Бухарин мен Е.А.Покровскийдің «Коммунизм әліппесі», А.А.Богдановтың «Саяси экономиканың қысқаша сипаты», П.И.Стучканың «РСФСР Конституциясы» атты монографиялық еңбектері бар. Аудармаларының ауқымдылығы Ж.Аймауытовтың жан-жақты білімдар, әдебиет пен мәдениетпен бірге қоғамдық өмірдің барлық саласында дерлік қызмет атқарған абзал азаматтың биік тұлғасын толықтыра түседі.

Жүсіпбек сын саласында да жарқырап көрінді. Ол жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің маңызды мәселелері хақында бірсыпыра сын мақалалар жазды. «Абайдан соңғы ақындар» (1918, М.Әуезовпен бірге), «Мағжанның ақындығы туралы» (1923), «Аударма туралы» (1925), «Сұңқар жыры» (1925) сияқты мақалалар күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Әсіресе, шығармалары белгілі себептермен түрліше пікірлер туғызып келген М.Жұмабаевтың өнерпаздық қырларын жарқырата ашып берген мақаласы қазақ әдеби сынының классикалық үлгілерінің санатында. Сонымен бірге театр, музыка, мәдениет мәселелеріне арнап көптеген мақалалар жазған. Ән де шығарған.

Сан қырлы дарын иесі Ж.Аймауытов профессионалды қазақ әдебиетінің барлық саласында дерлік идеялық-көркемдік деңгейі жоғары тамаша туындылар қалдырды. Сөз зергерінің қаламынан туындаған сиқырлы жолдар, көркем көріністер, бедерлі бейнелер ұлттық әдебиетімізді байыта түсті.

# Астанадағы

### ДІНМҰХАМЕД және ӘНШІ ДИМАШ

Астанадағы Дінмұхамед Қонаев атындағы даңғылымен соңғы кездері жиі жүретін болдым. Шығысы Ақордадан басталып, батысы Ханшатырына тірелетін даңғылдың бұрынғы Орынбор, қазіргі Мәңгілік ел көшесінің қиылысында күллі көлік тоқтайтын бес-алты аялдама бар. Қысы-жазы бұл жер жүргіншілердің көп көлік күтетін, жолаушылар төрт тарапқа кететін нағыз тоғыз жолдың торабы.

Астанада бұрын Қонаев көшесімен жүргенде Құдайға сыйынып, аруаққа табынатын Әлмерек әулиенің ұрпағы, шипагер, халықаралық Нострадамус атындағы сыйлықтың иегері марқұм Ермек Мырзакелді қасымда болатын. Димекеңді жиі еске алып, маған ол кісі жайында көрген түсін жиі айтушы еді. Бұл дүниеде дана басшы болған Димекең о дүниеде де кемеңгер кісі, әулие сұңғыла екен. Фәни өмірде билік шыңында, бақилық өмірде Тәңір тағында отырғанын көрген түсі арқылы талай рет айтып еді. Бұған біреу иланады, біреу сенбейді, әрине. Құдай әлемін, Тәңір тылсымын тануға пенденің ақыл-ойы жетпейді. Өзімнің топшылауымша Пайғамбар аттас, әулие рухты Димекең мәңгілік нұрға айналып кеткен. Сол «тылсым-нұрдың» пенделерге әсері де болады екен. Аты «Дінмұхамед», «Димаш» деген қазір балалар көп. Жастай таңылған белгілі азаматтар шығып жатыр. Осы «Дінмұхамед» деген аттан бір ерекше сиқырлы күш сезіледі. Алла Тағала алдымен адамға ат қоюды үйреткен. Ат қоюға байланысты ілім бар. Димаш – Дінмұхамед деген есімі – ерекше қазақ әншісі биыл әлемді таңдандырды. Қытайды дүрліктірген әнші Димаштың азан шақырып қойған аты «Дінмұхамед» екен. Әке-шешесі Д.Қонаев атасы сияқты атақты, адал, қарапайым болсын деп осы атты қойыпты.

Димекең – Димаш бұрын ол елде академик атымен әйгілі болса, оның атын алған Димаш әншілігімен аспан асты елін тәнті етті.

Ол кезде Академия президенті Димекең елуінші жылдардың басында КСРО империя патшасы Н.Хрущевпен бірге Қытайға барған осы сапарында геология ғылымы жөнінде баяндама жасап, сол елдегі күллі оқымыстыларды қайран қалдырып, кездесу, жүздесулерде халықтың шексіз құрметіне бөленеді. Бір айға жуық Аспан асты елінде болған Д.Қонаев ұмытылмастай тұлға болып қалады. Әнші Димаш-Дінмұхамедті бұдан алпыс жыл бұрын аталған елге барған Димекеңнің әруағы, ата қазақтың рухы қолдаған болар. Димекең Қытайдың өнер жұлдыздарымен кездескенде қазақтың белгілі әншілері мен күйшілер туралы және ақын-жазушылары жөнінде әңгімелеген. Қытай елі жөнінде өткен кеңестік дәуірде өте құнды еңбек жазған Димекең екенін біреу біледі, біреу білмейді. «Қытай Халық Республикасындағы 30 күн» деген орыс тілінде шыққан кітабы елге тез тарап кетеді.

Астанада Дінмұхамед Қонаев атындағы көшемен жүргенде маған Дін құдіреті мен Пайғамбар есімі үйлескен Димекеңнің азан шақырып қойған қасиетті аты «Дін мен Мұхамед» қатар баурап, еріксіз ойға батырады. Осы бір әсем ғимараттары көк тіреген, Ақ Орда асқақтаған, «Бәйтерек» жарқыраған, Димекең рухы лаулаған гүлзары көше-даңғыл Астананың «киелі кеңістігі» сияқты. Тіпті, жүрегі десе де болады. Бейне бір ертегі көрініс, әулие рухы мен хан ордасы қатар үйлескен өзгеше әлем өзіне қатты қызықтырып, әсерге бөлейді, нұрға батырады, әрқашан қайран қалдырады. Өйткені Пайғамбар аттас Дінмұхамед (Д.Қонаевтың) рухы көзге көрінбей, құлаққа естілмей, адамға білінбей тылсым тұңғиыққа тартады.

Алматыда да Д.Қонаев атындағы көше бар. Құдайдың құдіреті сол – Қазақстан қалаларындағы бұрынғы В.Ленин атындағы даңғылдар қазір Димекең атымен аталып, дана рухын даралап, мәңгілікке жалғастыруда.

Кемеңгердің сайыпқыран шәкірті, теңдесі жоқ саясат мәмілегері, көреген көшбасшы Нұрсұлтан Назарбаев Астанадағы Д.Қонаев даңғылымен Ақ Орданы бетке алып, кеңсесіне келеді. Кемеңгер мен көреген көшбасшының Тәңір тылсымы арқылы үйлесіп, қатар жүргенін адамдар сезбейді. Көріпкел Ермек қана мұны білетін. Реті келгенде бәрін маған толық баяндаймын деп жүргенде ол оқыс дүние салды.

Астанада «Әлмерек рухани Ордасын» ашқан ол Димекең атындағы даңғылмен жиі жүретін. Аллаға және Әлмерек пен Дінмұхамедтің рухына табынатын оның бойындағы тылсым күш ерекше еді.

Ермек Димекеңді бала кезінде көрген.

### КЕМЕҢГЕР және «КЕҢКЕЛЕС ПАТША»

Бұрынғы Целиноград, қазіргі Астанада Қазақстанға қатысты тарихи оқиғалар кезінде әлем назарын аударды. Кеңестер Одағының дүниені шулатқан Тың игеру экономикалық саясаты Қазақстанның Солтүстік облыстарынан басталды.

Ежелгі аты Ақмолаға алпысыншы жылдары ұрда-жық, есерсоқ мінезімен елді мезі еткен сол кездегі КСРО-ның патшасы Никита Сергеевич Хрущев келеді. Димекең ол кісімен бірге жүреді. Бір әңгіме-дүкен үстінде Никита Акмола деген ат қандай мағына береді деп сұрайды. – Әруаққа қатысты «киелі», «қасиетті» деген ұғым береді, – деп жауап береді. Қасындағы партия қайраткері дәл мағынасы орысша «белая могила» яғни, «ақ мола» деп жағымсыз жер-су атауы екенін оған ұғындырады. Бейіт-қорымға қатысты атауды ұнатпаған Н.Хрущев «бұл тың өлкесі – яғни, целина. Сондықтан Целиноград» болсын деп бұйырады. Орта білімі бар шаруа баласы өзге ұлттың салт-дәстүрінен бейхабар, тарихынан мақұрым «қияли коммунизмнің» кеңкелес көсемі Никитаның айтқаны болады. Сөйтіп, қала Целиноград атанады.

Ақмола жайында лепіріп, ашу шақырып, долданып, ішімдіктен қызара бөртіп, ақылынан адасқан Н.Хрущев соңында Шортандыдағы Астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына келіп, оның бастығымен бажылдасып, ұрысып, әйтеуір ашуын әрең басады. Көп жерде қызба мінезді, ашудан жарылып кете жаздайтын патшаны Димекең амалын тауып, сабырға шақырады. Масқара болып жүрмесін деп көмекшілерімен сөйлесіп, оның беделінің түспеуі үшін ақылды Димекең қолдан келгенше қорғаштайды. Обалы нешік, Димекең естелігінде Н.Хрущевтың Сталиннің жеке басына табынуды әшкерлеуі – батырлық деп бағалайды. Ал, мінезіндегі кемшіліктерді, парасат-пайымындағы өрескелдікті, бүйректен-сирақ шығаратын жетесіздікті жеріне жеткізе айтады.

Қазақстанда өлкелер құрылғаннан кейін өлке бастықтары республика басшыларына бағынбай тікелей Мәскеумен сөйлесіп, мәселені өздері шешетін болған. Бұл сол кездегі бірінші басшы Димекеңе ауыр тиген. Тың өлкесінің басшылары білгенін істей бастайды. Н.Хрущевке жағымпазданған олар Павлодар қаласының атын «Хрущевоград» деп атау жөнінде шешім шығарады. Димекең бұған қарсы болып, қаулыны тоқтатады. Естелігінде бұл оқиға бүге-шүгесіне дейін баяндалады.

Астыққа қатысты үлкен жиында Димекең Қазақстан мен Ресей тың жерлерінің ұқсас емес екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, өлкелердің бірігуі де түбінде жақсылық әкелмейтінін айтады. Өлкелерді қосу саясаты түбінде қазақ жерінің бөлшектенуіне әкелетіндігін көреген Димекең күні бұрын сезіп, мұны астарлап жеткізеді. Сол кездегі Целиноград – қазіргі Астанада қазақ жерінің тағдырына қатысты айтыс-тартыстың туындағаны шындық еді.

Бұрын Қараөткел – Ақмола – Целиноград соңында Астана болып өзгерген осы өлкенің әр елдімекенде жер, су, шабындық, астық алқаптары, қала, кенттері Димекең жадында өле-өлгенше сақталып қалды. Өйткені, қазақ жері үшін айқас осы Тың өлкесін құрудан басталды.

### ГОРБАЧЕВТЫҢ ЦЕЛИНОГРАДҚА КЕЛУІ НЕМЕСЕ ҚОНАЕВТЫ ҚОРЛАУ

Алдыңғы тақырыпта әңгімеге арқау болған Никита патша тақтан түскенде мен 5-сыныпта оқитын едім. Үзіліс кезінде коридорда «Ура, Хрущев орнынан түсіпті» деп жоғары класс оқушыларының айғайлап, мектепті басына көтергені есімде. Тарих пәнінің мұғалімі саясатқа жақын ұстаз улап-шулаған шәкірттерге партия шешімін түсіндіріп, тыныштандырды. Өйткені, Никитаны үлкендер түгілі жеткіншектер де жақсы көрмеді. Ол жайында оқушылар неше түрлі анекдот айтатын. Үлкендер «мына таз елді бүлдіреді, нанның кезегінде тұратын болдық, үшінші дүниежүзілік соғыс басталады, Америкаға атом бомбасын тастайды» деп гулесетін.

Кейінгі патшалар Брежнев, Андропов және Черненколар таққа отырып, бірінен соң бірі қайтыс болғанда мен республикалық газетте қызметкер едім. Бәрінің теледидардағы бет-бейнесі, сөйлеген сөздері жадымда тұр. Соңында «генсек» болған М.Горбачевтың саясаты, «қайта құру» дүрбелеңі, мылжыңдап көп сөйлеуі, әйелімен жұптасып қыдыруы ұнаған жоқ. «Ақырзаман болғанда басында мені бар патша таққа отырады» деп Клава Петровна дейтін сәуегей кемпірдің айтқаны дәл келді. КСРО-ға ақырзаман келіп, империя 5-6 жылдың ішінде күйреп, ғайып болды.

Онсыз да іріп-шіріп, күйреуге айналған мемлекеттің ыдырауына М.Горбачевтың қазақ халқын менсінбей, басшысы Д.Қонаевты қорлауы себеп болды.

Сексенінші жылдардың ортасында бойында шовинизмнің «қаны ойнаған» патша Қазақстанға келді. Алдымен астана Алматыға соқпай Целиноградтан бір-ақ шықты. Бұл барып тұрған менмендік және ақымақтық еді. Белгілі Политбюро мүшесі, Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы, үш мәртебе Еңбек Ері Димекең отырған үйде республика басшыларымен кездесіп, ол кездегі астана Алматыны аралауды ар санады. Қалыптасқан тәртіп, дәстүр бойынша ол сапарын бұрынғы елорда – Алматыдан бастап, соңында облыстарға шығуы жөн еді. Білгенін істеді. Оның бұлай жүргенін халық қош көрмеді. Димекең амалсыз Алматыдан ұшып, Целиноградқа келуге мәжбүр болды. Қала өндіріс орындарындағы кездесулерде ол жанында жүрген Димекеңмен әңгімелеспей, өзінше қыр көрсетіп, сұрқиялығын байқатты. Бір нәрсеге өкпелеген ақымақ адамдардың кейпін танытты. 1980 жылы Мәскеуде қатардағы хатшы болып жүргенде Политбюро мүшесі Д.Қонаевқа жалпақтап, күтіп алып, шығарып салып жүретін адамның аяқ астынан өзгеріп шыға келгені Димекеңді қынжылтты. Бәрінен бұрын астана Алматыны аттап, қазақтың бар зиялы қауымын менсінбеуі оның жанына батты. Целиноградта жеке кездесулерде ақымақ «генсек» бұдан да сорақы қылықтар көрсеткен болар. Ол жағы әрине белгісіз. Қазақстанның алпыс жылдық мерейтойы кезінде (1980) қатардағы хатшы Л.Брежневпен Д.Қонаевтың қыл өтпес сыйластығын көріп, іші күйген. Димекеңнің абырой-атағы, КСРО-дағы беделі, социалистік мемлекеттерде құрметке бөленуі, капиталистік елдерде танылуы, халықаралық маслихаттардағы мәселе көтеруі, Еңбек Ері атағын үш рет алуы М.Горбачевқа ұнамады.

Димекеңді қорлауы өз алдына, тіпті, қалай көзін жоюға дейін қам жасағаны шындық еді. Барлық атағынан айырылып, партиядан шығарып, ескерткішін құлатып, соңында абақтыға отырғызу оның арманы болды. АҚШ-тағы «советтік жүйені» зерттеуші, белгілі ғалым, Марта Оклот М.Горбачевтың екі жылға жуық Д.Қонаевпен алысып, оны жеңе алмағанына қайран қалып, жазады. Шынайы, нақты дерек, оқиғалар арқылы дәлелдейді. Димекеңнің жеке дәрігері Ахат Мүліков: «Димекең тоқсанға келетін еді. М.Горбачевтың қысастығы жүйкесін тоздырып, жүрегін жаралаған. Адамға жат қасиет-қылығы, соңына түсіп, сорақы, жалған, өтірік фактілер іздеуі оның денсаулығына қатты әсер етті. Соның салдарынан көпке бармай оқыс дүние салды».

«Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» заманақыр нышаны бар «меңдібас» патшаның қолында шексіз билігі бар әміршінің Димекеңе әлі жетпеді. Құртамын деп жүріп, өзі тақтан түсті. Әулиені назаландырып, бақытсыздыққа душар болды. Отбасында қайғылы жағдай орын алды. Әйелі дүние салды. Бұл оны табалау емес, шындығы осы.

«Генсек» Горбачевпен зейнеткер Д.Қонаев басында беріспей, соңында құпия жекпе-жекке шығады. Әрине, қару-жарақ, құралмен емес, айла-тәсіл, ақыл-ой арқылы олар шайқасады. Ақылы асқан, төзімі теңіз, сабырлы, мінезінде мін жоқ, адалдығы аңыз болған адамға өмірінде қиянат жасамаған періштедей пәк Димекең ісінде береке жоқ, кекшілді райдан қайтарып, кейін айыбын бетіне басып, дүниені дүрліктірмей жеңді. Басында балға болып ұрған оған төс болып, төтеп берді. Уақыт өткізіп, ұрымтал тұста оны мең-зең қылып тастады. Димекеңнің жиырма жылға жуық оққағары болған, сол үшін жазаланған Анатолий Гориянов қасиетті адам Горбачевты «киесімен ұрды» дегені бар. «Бірде үйінде телефонда Горбачевпен ұзақ сөйлесті. Соңында менен ала алмай жүрген қандай кегің бар Михаил Сергеевич» деп қатты кетті дейді. Ханда қанжар болады. Қажет жерінде Димекеңнің қатты кететін кездері болған. Н.Хрущевпен айтыста Димекең бірде еріксіз дауыс көтеріп, сөйлеуіне тура келеді. Өйткені, ол боқтайды. Сонда жанында отырған Брежнев аяғын басып, «онымен сөз қағыспа, Димаш» деп естіртпей құлағына сыбырлайды. Иә, Димекең Мәскеу дөкейлеріне үнемі бас шұлғи бермеген. Бәрінен бұрын оның М.Горбачевты ақыл парасатымен жеңгені Батыс елдерінде, АҚШ-та дүрлікпе ақпарат болып тарайды.

### БРЕЖНЕВ НЕМЕСЕ НЕМІС АВТОНОМИЯСЫ

Димекеңнің досы Л.Брежневтің өмірінің соңында жазылмас дертке, ақыл-ой сырқатына, психологиялық күйзеліске душар болғаны белгілі. Әйгілі «генсек» туралы шыққан деректі фильмдерде, тарихшылар жазған шынайы еңбектерде бәрі жақсы баяндалады.

Леонид Ильичтің Батыс елдеріне барған сапарында, халықаралық мәслихаттарда сөз сөйлейді. КСРО-дағы немістердің азаматтық құқықтары жөнінде оған сауал қойылады. Бұрынғы неміс автономиясын қалпына келтірсе деген тілек айтылады. Ол кезде ақыл-ой ауруы меңдеген Брежнев көп ойланбай: «бұл мәселені шешеміз» деп уәде береді. Жетпісінші жылдардың соңында оның аузынан шыққан осы сөзі КСРО-да неміс автономиясын қайта қалпына келтіруге түрткі болады. Бұл оқиғаны



# Қонаев рухы

Димекең мұражайында ішкі, сыртқы саясатқа сұңғыла белгілі партия қайраткері айтқан еді.

1979 жылы Целиноградта неміс автономиясының құрылуына қарсы шеру басталды. «Обком» партияның ғимараты алдында соғыс ардагерлері аянбай сөйлейді. Соғыста бір аяғынан айырылған Отан соғысының бір ардагері «Обком» үйі алдында елді қырған неміс-фашистері екенін айтып, Қазақстанда неміс автономиясының құрылуына үзілді-кесілді қарсы екенін ызалана жеткізеді. Өйткені Қазақстанда немістердің ежелгі атамекені жоқ. Волга өзені бойынан олар мұнда жер аударылған, осылай тарих дерегіне сүйенген қазақтар заңға қайшы келетін әрекетті тоқтатты. Автономияға кейбір немістердің өзі қарсы болады.

Осы оқиға жөнінде түбі ақмолалық депутатпен сыр бөліскен едім. Неміс автономиясын болдырмаудың ар жағында көзге көрінбей Д.Қонаев тұрды. Қарсылық ол кісінің нұсқауымен астыртын ұйымдастырылды. Өкініштісі, «Димекең естелігінде бұл шулы оқиға жөнінде ешнәрсе айтылмайды. Мүмкін бір жерде әңгімелеп, сөз еткен шығар. Менің топшалауымша Л.Брежневтің неміс автономиясын құру жөніндегі уәдесі «саяси қулықты» меңзейді. Кезінде В.Сталин Қырымда Еврей республикасын құрмақшы болып, еврейлерді алдап, сан соқтырғаны белгілі. Л.Брежнев те осылай қулыққа барған болар. Димекеңнің «саясатта масаның безі сияқты көзге көрінбейтін нәрселері болады» деген қағидасында шындық жатыр.

Сексенінші жылдардың ортасында мен Целиноградқа іссапармен келіп, одан ары қарай Ерейментауға бардым. Ел аузынан мынаны естідім: «Егер біз немістер автономия алсақ таудың тасына гүл егіп, түйенің сүтінен шұбатты бұлақ қылып ағызар едік» деп өздерінің еңбекқорлығы мен кәсіби іскерлігін үлгі еткен. Әрине, неміс халқының іскерлігі мен еңбекқорлығы, тазалығы мен тәртібі әлемге аян. Д.Қонаевты құрметтеп, балаларына оның атын қойған неміс ұлттарының азаматтары мұны мақтанышпен айтады. Қазақстандағы қазіргі ұлттардың достығы Димекең дәуірінен басталады. «Шектен шыққан «интернационалист еді» деп кезінде Д.Қонаевқа кінә таққандар болды. Бауырмал қазақ барлық ұлтты бауырына тартты. Бұдан жаман болған жоқ.

Қазақстаннан тарихи отанына кетіп, кейін қайта оралған немістер туған жерлерін қазақтар сияқты қатты сағынып, мұнда келгенде мауқымдарын басады. «Қой үстінде бозторғай ұялаған» Димекең заманын еске алады.

### АТБАСАР – ДИМЕКЕҢНІҢ ҚАЙЫН ЖҰРТЫ

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Д.Қонаев Атбасардағы әйелінің әкесі, Кеңес Үкіметінің қас жауы Шәріп Янаевқа мазар салды деп Орталық баспасөзде дүрлікпе ақпарат тарады. Ал, шындығында Димекеңнің жары Зухра ондағы қорымдағы шешесінің басына белгі қойғаны рас екен. Әкесі Шәріп Атбасарда емес, Ташкентте қайтыс болған. Сол кездегі билікте жұлдызы жанып алғаш Еңбек Ері атағын алған, Политбюроға тұрақты мүше болған Димекеңді көре алмайтын біреулер осылай «түймедейді түйедей етіп» көрсетіп, Мәскеуге жалған ақпарат беріп, нәтижесінде кеңестік баспасөздің бірінде сын мақала жарияланады. Бұл оқиға Димекеңнің әйелі Зухра Шәріпқызына ауыр соққы болып, жанын күйзелтіп, жүрегін тоқтата жаздайды. «Мен туған шешем ерте қайтыс болып, өгей шешенің тәрбиесінде өскен мұңлық едім. Мені қойшы, о дүниелік болған марқұм шешемнің әруағын қорлады ғой күншілдер» деп күйзеліп, налиды. Димекеңе «Сенің қызметің өсіп, атағыңның шыққаны маған қайғы әкелді. Бүйткен өмір құрысын» деп жарына мұңын шағады. «Зухра текке қайғырма, бәрі ұмытылады, сабыр ет» деп жары оны жұбатады.

Димекеңнің елу жыл, алты ай отасқан сүйікті жары Атбасардың қызы еді. Жастай қазақтардың арасында өсіп, ат құлағында ойнаған шабандоз қыз өте пысық, әдепті әрі өте іскер болып, елде аты шығады. Кеңес Үкіметінің алғашқы жылдарындағы аласапыран кезінде отбасы Алматыға қоныс аударады.

Қазақта «ер жігіттің үш жұрты болады» дейді. Димекеңнің қайын жұрты Атбасардың «ноғай-қазақтары» екенін көпшілік біле бермейді.

Димекең Зухра Шәріпқызымен жарты ғасырдан астам жұптасып, бақытты өмір сүрді. Өкініштісі, екеуі перзент сүймеді. Тату-тәтті, жұбы жазылмаған жұбайлар бір перзентке зар болып өмірден озды. Іштегі қуса, нала, қайғы-мұңдарын ешқашан сыртқа білдірмеген. Мұсылмандық ілім-өнегені бойларына сіңіріп, Алла жолын ұстанған ерлі-зайыптылар Құдайдың салғанына көнген.

Зухра Шәріпқызы өте діндар, құран кітаптарын жинаған адал әйел болғаны Димекең естеліктерінде айтылады.

Бұрынғы Тың өлкесіндегі Атбасар өңірі тарихи өлке. Бұл жерде қазақтың ұлы жазушысы, Димекеңнің жан досы, рухани сырласы, Ілияс Есенберлин өмірге келген. Қаламгердің «хандарды мақтап, ұлтшылдықты қоздырды» деп жетпісінші жылдары баспасөзде дау-дамай, айтыс тудырған оның «Көшпенділер» кітабы тікелей Димекеңніңқолдауымен жарыққа шыққан. Димекең Кенесары хан жөнінде «Қаһар» кітабын қолжазбадан оқып, өз пікірін білдіріп, қаламгерге шығармашылық табыс тілеген тілекшісі еді.

### ӘУЕ-КЕҢІСТІКТЕГІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Димекең өмірінде іссапарлары, алыс елдерге жолсапарлары кезінде жеті рет қауіп-қатерден, оқыс жағдайлардан аман қалған, қорғаушысы Құдай, жебеушісі Тәңір болған, адамзат тарихында сирек кездесетін тұлға еді. Бұл жөнінде осы жолдар авторының «Дінмұхамедті жаратқанның жебеп-желеуі» атты еңбегі эссе-кітапқа енген болатын.

Өміріне қауіп төнген сондай оқиға елуінші жылдары «совмин» төрағасы кезінде, Мәскеуден ұшып келе жатқанда әуе кеңістігінде болады. Ұшақ Целиноградқа (Астана) жақындағанда ауа райына байланысты мұнда қону болмайтыны ескертіледі. Қараңғыда әуежайға қону керектігі айтылады. Ол жаққа бағыт алса бензин таусылатыны экипаж мүшелерін әрі-сәрі күйге түсіреді. Төтенше жағдайды біліп отырған Димекең рольде отырған ұшқыштың өте тәжірибелі, тәуекелшіл және үрейді білмейтін ерекше қасиетіне қанық еді. Димекең экипаж командиріне «Арқаның табиғаты тез құбылып отырады. Мүмкін ауа райы өзгеріп кетер, тәуекел, Целиноградқа қонайық» дейді. Димекеңмен бірге келе жатқан жары Зухраның бұл жағдайды естігенде түрі бұзылып, үрейден қалтырап кетеді. Табиғатынан діндар Құран кітаптарын жинау «хоббиі» болған, әрқашан Аллаға сыйынып жүретін ана жаратқанға жалынып, жылайды. Көзін жұмып, өксуге дейін барады. Көп өтпей Димекеңнің айтқаны бойынша ұшақ қала (қазіргі Астана) әуежайына аман-есен келіп, қонады. Зухра Шәріпқызы ұшақтан шыққанда сан мәрте Алланы еске алып, ажалдан қорғағаны үшін Құдайға құлдық деп Димекеңді қолтықтап, ұшақтан түседі.

Осы оқиғаның басы-қасында болған, сол кездегі Димекеңнің оққағары, өзі де алып адамға ұқсаған сұңғақ бойлы П.Кравчук «есімде ерекше қалғаны Димекеңнің үрейдің не екенін білмеуі, ал әйелі Зухраның дәмтұзымыздың таусылғаны осы шығар» деп бақилық сөз айтуы еді» деп еске алғаны бар. Айтпақшы, Мәскеуге кетіп бара жатқанда Арыс маңында Димекең отырған вагоннан өрт шыққанда пойыз бастығына хабарлап, «стоп кранды» басқан осы оққағары еді. «Бұл адам жүз жылда бір туатын ұлы тұлға ғой. Ол кісінің қасында оққағары болып жүрген кездерім өмірімдегі ең бақытты күндер болып қалды» деп Димекең мұражайында әулие дананы егіліп еске алатын. Алғашқы жылдары Л.Брежневке оққағар болып, Н.Хрущев Қазақстанға келгенде оның да қасында жүрген П.Кравчуктың суреті Димекең мұражайында ілулі тұр.

Димекең студент кезінде Қоңыратта өндірістік тәжірибеде болғаны белгілі. Кемемен Балқаш көлі арқылы келеді. Бір тұсқа келгенде алапат дауыл соғып, ескі кеме суда шайқалып, апатты жағдайды елестетеді. Бір кезде дауыл басылып, су көлігіндегі күллі жолаушы аман қалады. Бұл оқиға естелігінде баяндалады.

Кейін мұнда тау-кен инженері қызметінде жүргенде алапат жарылыс, зор шығын, адам өлімі болып, табиғат апатына байланысты іс қозғалады. Бұған инженер кінәлі деп ол жауапқа тартылады. Оны кезінде Алашорда партиясында болған, Ресейде оқыған, адвокат заңгер қорғайды. Бұл өз алдына үлкен әңгіме. Жерде жаратқан ие сақтап, көкте Құдай қорғап, суда Тәңір жебеген Димекең о бастан Құдайдың сүйікті ұлы еді. Естелік кітабында Құдай-Тағала, Қақ-Тағала, Тәңір ие деген сөздердің көп айтылуы мұны дәлелдейді.

### ЕЛОРДАДА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛСА...

Ол кезде облыс орталығы Целиноград қазіргі елорда Астанаға мен 1972, 1983 жылдары келдім. Алғаш студенттік құрылыс отрядында Жақсы, Қима, Терісаққан деген жерлерде болдық. Жазда барғанбыз, күзде Целиноград арқылы Алматыға ұштық. Ол кезде қала сол дәуірдің өзіне тән ерекшелігімен есте қалды. Қазір тіпті, басқа әлем ертегі шаһар. Ақорда, Әзірет Сұлтан мешіті, Бәйтерек, Ханшатыры көктен түскендей көз арбайды. Қоғамдық көлікте автобус ішінде жолаушылар кейде жөн сұрасып әңгіме айтады. Бірде «Д.Қонаев даңғылы» деп кондуктор хабарлағанда «бұл кісі кім еді» деп мен әдейі сұрадым. «Д.Қонаев атамызды білмейтін адам жоқ. Шамасы сіз оралман боларсыз» деді жанымда отырған жасы елулерден асқан оңтүстіктің қазағы. Мен «Димекеңді дүние жүзі біледі. Автобустағы студент жастардың есінде жүрсін деп әдейі сұрадым» дедім. «Оныңыз жөн екен. Бірақ, ол кісі туралы көп айтылмайды ғой. Осы депутаттардың, әкімдердің, Үкімет адамдарының Димекең туралы еске алып, айтқандарын естімедім» дейді. «Оқасы жоқ, Д.Қонаев даңғылында ол кісінің аты күнде айтылып, рухы жаңғырып тұр» дегенімде қатты риза болып, ілтипат көрсетті.

1983 жылы Целиноградқа келгенде «Есіл» қонақ үйінде жатып, осы маңға жақын облыстық тарихи өлкетану мұражайын аралап, мұрағаттарымен танысып, қызметкерлермен әңгімелесіп, «Өрнекті өлкенің шежіресі» атты мақала жаздым. Ол «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. О бастағы қазіргі шаһардың тарихы мен мәдениеті, шаруашылығы мен табиғаты және адамдары жайында мұражай деректері негізінде жазған мақаламды оқырмандар қызыға оқыған. Мұражайдағы құнды мұрағат С.Сейфуллиннің костюмі және атақты «Дудар-ай» әнінің авторы Мария Жагорқызы Рекинаның суреті мен тағы да басқа бағалы мұрағаттарды білген оқырмандар ризашылығын білдірген еді. Мұражайда ең ерекше орын алған Тың игеруге арналған зал болатын. Сондай-ақ, Тың өлкесінде бітік шыққан астықты белбурадан кешіп, жанындағы партия қайраткерлерімен, облыс басшыларымен әңгімелесіп тұрған «тау тұлға» сұңғақ кісі Д.Қонаевтың суреті ерекше көзге түседі. Сондай-ақ, тың өлкесіне келген Л.Брежневпен түскен суреті де тартымды болатын.

Биыл Димекеңнің 12-қаңтар туған күні қарсаңында сол мұражай есіме түсіп, мұнда келдім. Өкініштісі, мұражай үйі бір мекеменің кеңсесі болған екен. Бұрынғы тарихи орынның қайда көшкенін ешкім білмейді. Астана тарихы үшін өте құнды ескі мұражайдың мұрағаттары қайда екен деген сауал көкейімде тұрды.

Елордадағы С.Сейфуллин атындағы мемориалдық мұражайды аралап көрдім. Мұнда бұрында мен көрген мұрағаттар жоқ. Қала тарихынан мәліметтер беретін тарихи деректер біраз бар екен. Соған қуанып, риза болдым. Бұрынғы Целиноград қазіргі Астананы Димекең көрген жоқ. Астана ауысардың алдында марқұм болып кеткен болатын. Астанада белгілі даңғыл, гүлзарлы көше және Д.Қонаев атындағы колледж кеменгердің рухын лаулатып, еліне сіңірген еңбегін әлемге әйгілеп тұр. Егер ұлы тұлғаға қалада ескерткіш орнатылып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

**Ораз ҚАУҒАБАЙ,**
**қаламгер, қонаевтанушы**



Интервью Галии КЕРЕЙ:

# С ПОМОЩЬЮ НЕБЕСНЫХ СИЛ ДОЛЖНА НАЧИНАТЬСЯ

**В последнее время наша планета претерпевает колоссальные изменения: идет переходный период – Земля вступила в своем развитии в новую эру, эпоху Водолея. Рушатся все привычные климатические, погодные и другие природные данные. В последние годы наблюдаются температурные рекорды и контрасты, рекордные морозы и снега в одних странах, теплые зимы с дождями в других, летом – снег, небывалые наводнения и ураганы и т.д. Недавно от Антарктиды откололся огромный айсберг – один из крупнейших айсбергов – его сравнивают с островом Кипр. Эти изменения столь очевидны, что ученые оказываются в затруднении объяснить их – они не вписываются в какие-то научные рамки. Одни ученые доказывают, что идет потепление, другие, наоборот, – похолодание, в итоге – неадекватные прогнозы на будущее.**

Однако весь этот, казалось бы, природный хаос имеет свои причины и последствия. Биоэнергетик Галия Керей с 1992 года работает на основе информации от Небесных Сил по восстановлению первоначального климата. Этот «райский» тропический климат кардинально отличается от нынешнего. И переход к будущему тропическому климату вызывает множество сопутствующих неординарных природных изменений, в том числе появление новых водоемов, значительное сокращение и исчезновение многих видов животных и т.д.

В условиях наступающих планетарных изменений, вселяющих тревогу и страх в сердца людей, у человечества появился шанс переосмыслить происходящие события, адекватно оценить и понять их, адаптироваться к ним и начать новую жизнь «с чистого листа». Пришло время обратить на явные знаки Природы. Несомненно, новая ступень развития планеты вызовет и изменения сознания человека, его отношение к людям, жизни, природе и т.д.

Как ни странно, главная проблема – увидеть эти реальные перемены Земли и адекватно отнестись к ним. Хотя для этого есть существенная основа: знания, которые необходимы для понимания неизбежных переходных процессов, сопровождающих начало новой эпохи, и информация о будущем развитии Земли и человечества имеются у целителя-медиума Галии Кажигалиевны Керей.

Касательно южного мегаполиса есть обнадеживающая информация Галии Керей: в Алма-Ате никогда не будет разрушительного землетрясения (вопреки прогнозам наших сейсмологов). К тому же именно в Алма-Ате восстановлен информационный канал с Небесными Силами благодаря работе контактера Галии Керей – основная информация двусторонней связи зафиксирована в «Книге Луны о новой модели жизни», на сайтах galiya.kz, travelbook.kz, proza.ru и др.

На пороге климатических и социальных изменений мы беседуем с Галией Кажигалиевной о глобальных проблемах.

— Дастан, Я, Йога – представитель Небесных Сил, хотел сказать к твоим вступительным словам о Галие Керей, что Галия Керей недоступна для рядового человека, который мыслит упрощенно, по земным меркам. Но когда ее не хотят понять мыслящие передовые ученые, Мне этого не понять. Галия Керей всегда говорит свои мысли, полученные от Небесных Сил, то есть от Меня, Йоги, просто, доступным языком, понятным простому человеку. Когда ученые говорят об информации Галии Керей, переданной простым языком, то считают, что это ненаучно – это тоже непонятно. Когда ученые выражают свои мысли с помощью научной терминологии, Я точно знаю, что это недоступная для простого человека информация. А Галия Керей старается передать всю информацию, полученную от Небесных Сил, простым человеческим языком, чтобы было понятно рядовому человеку, живущему на Земле. Вообще-то она передает информацию не для ученых. Она считает, что ее аудитория – это простые, рядовые люди, которые хотят услышать правдивую информацию о жизни вообще, что происходит.

**— Галия Кажигалиевна, разрешите задать несколько вопросов. Ныне Вами заявлено, что начинается первая Эра Новой жизни. Означает ли это, что жизнь начинается с чистого листа?**

— Да, Дастан. Я, Йога, хочу сказать, что с тобой разговаривает Галия от имени Йоги. Хотя ты задаешь вопросы Галие, ответы от Йоги будут передаваться Галией тебе. Можешь обращаться к Галие, но Галия передает ответы от Йоги на вопросы – она получает информацию от Меня. Поэтому за все ответы на вопросы отвечаю Я, Йога. Поэтому Я прошу читателей не предъявлять претензии Галие за любые ответы. Ее предназначение таково в этой жизни, когда она пришла, чтобы быть контактером между Небесными Силами от Небес и землянами.

Тут Я хочу разъяснить человечеству, что означает слово «Небес». Боги – это те, кто создал на небесах (небе) эту Землю, которая когда-то называлась «Ай» (не Земля, а Ай). А небо – это Луна. Человечество считает, что Луна и Ай на двух языках означает одно и то же. Это ошибочное объяснение тех великих ученых, которых называли астрономами. Так что Ай – это Земля, на которой вы живете, а Луна – это небо над вашими головами, где живут Боги (Небес) и Небесные Силы. Но об этом будет в дальнейшем объяснено в специальных книгах, где будет описываться всё как есть.

Дастан, так и есть – эту жизнь, которую называем новой, надо начинать с чистого листа. 6-ая Лунная эра закончилась с ее 13 жизнями. 13-ая жизнь вообще не должна быть. Жизнь на Земле «Ай» и вообще в пространстве должна была закончиться 6-ой Лунной эрой, 12-ой жизнью. Потому что каждая эра закачивалась 2 жизнями – предыдущая эра заканчивалась потомками предков той же эры. Потому что они настолько испоганивали жизнь предков, желавших что-то исправить своими потомками жизненную линию предыдущей жизни на Земле, которые могли исправить ошибки, упущенные на их линии жизни. А потомки еще больше испоганивали, потому что они получали всё от предков задарма для продолжения своей жизни. И заканчивалась каждая Лунная эра очередным потопом.

Никогда жизнь не заканчивалась вечной мерзлотой, как предполагают ученые; мерзлота была просто внутри Земли, когда Земля обугливалась огнем, Землю засыпала лавой и сверху заливала водой сама природа – Бог Юпитер. Просто Он не хотел, чтобы Земля была испоганена предками и потомками той (предыдущей) эры. Получался очередной потоп в конце каждой Лунной эры, потому что ни один посланник Богов к землянам никогда не смог выполнить свое предназначение. Закрытые темной силой пути Божественной Силы к землянам никто не смог разрядить, потому что посланники Богов, попадая к землянам, утопали в их черной энергии. Поэтому никто из них не смог устроить обратную связь Земли к Небесным Силам, а Небесные Силы не смогли передавать никакой информации землян к Небесам.

**— Как был восстановлен информационный канал Небесных Сил с Землей?**

— Теперь хочу сказать о том, как у Небес зародилась мысль открыть тунель к землянам в этой 6-ой эре, дать шанс как-то выжить самим и спасти Землю от тьмы, опутавшей пространство вокруг Земли, и землян, и спасти одновременно своих создателей – Богов. Потому что, если угасла бы Земля, то угасло бы Небо – они связаны одной белой энергией. Но об этом в дальнейшем будет объяснено в специальной книге. Это тоже будет писаться Галией Керей под диктовку Небесных Сил в книге жизнеописания пространства и Земли.

Хочу сказать, что 13-ая жизнь началась очень жутко на Земле, потому что от предков и потомков 11-ой и 12-ой жизни в этой эре образовывались неизвестные ранее в обществе всевозможные феодалы, баи, ханы, цари – появилось разделение на богачей и бедняков – это было начало 13-ой жизни. Это Я не буду описывать – это всем известно по истории жизнеописания этой 13-ой жизни, хотя не знали, что это 13-ая жизнь. Тогда Омега – отец человечества, Юпитер – Бог всей природы, Рустем – сын Юпитера, Бог созидания, Бенедикт – Бог Вселенной, отец Омеги, Цилена – супруга Омеги создали Богиню матери человечества Темірқазық, живущая отдельно от всех Небес на звезде Тан Шолпан (Венера). Это хрустальный домик, который Бенедикт создал для своей внучки Темірқазық, ставшей в дальнейшем матерью человечества. Тоже будет дано разъяснение по каждому из Них.

В начале 13-ой жизни все Боги решили отправить к землянам исправить то, что испор-





# ЖИЗНЬ ЗЕМЛИ И ЗЕМЛЯН С ЧИСТОГО ЛИСТА

чено по линии жизни предыдущими посланниками, двух своих сыновей: Атлантов – Ленина и Керея – своих письменосцев для землян. И к ним на помощь еще отправили Сталина. По этому поводу в дальнейшем будет разъяснено в книгах Луны. Все трое, по предназначению – посланники, должны были появиться на земле Алтын-Орда. Так называлось на том уровне, где находилась эта Земля (Ай), то урочище, где в последующем родилась мой контактер с Землей Галия в семье Керея, у его единственного сына Кажигали с супругой Талжибек (Талмаш).

Это урочище – то место, где находилось село Сартогай Тайпакского района Уральской области, в котором образовали колхоз «Жулдыз». Отец работал главным бухгалтером этого колхоза, а дед Керей в молодости преподавал в местном медресе. В последующем при взрослении он понимал себя письменосцем от Божественных Сил – принести людям алфавит нового письма, он называл «латынь». Ему всё это пришло от божественного слышания и видения, внутри себя понимал себя письменосцем нового алфавита от Высших Сил. Об этом тоже будет разъяснено в книге Луны.

Эти трое были посланы Высшими Силами к землянам, чтобы создать у землян новую линию жизни от Божественных Сил к землянам, от землян к Божественным Силам, в дальнейшем – в послании самими Высшими Силами. Так как у них не получилось родиться в одном месте, между ними не установился энергетический канал и в дальнейшем пошло не так, как предполагали Небеса. Об этом в дальнейшем будет разъяснено в книге Луны.

Но неудачно начавшаяся 13-ая жизнь удачно закончилась. Потому что Я, Йога – представитель Небесных Сил, смог устроить связь Небеса через Нас, Небесных Сил, с землянами через оставшегося в живых на Земле одного единственного проводника – Галию Керей. Таким образом, Мы, Небесные Силы, хотим эту начинающуюся жизнь обозначить 1-ым веком и 1-ой жизнью, у которой есть вот это начало. Его Мы, Небесные Силы, образовываем появлением всего нового – того же тропического климата, новой воды на Земле, следствием чего является – изменение Земли и землян должно быть все по-новому.

Разъяснено будет это всё тем, что человечество должно видеть само и все изменения, которые будут происходить на Земле в дальнейшем, живущими должны восприниматься осознанно, а не так, как воспринимали до этого исчезновение на Земле неугодных для жизни человека живностей. Как это случилось, например, с сокращением и исчезновением мошек, мух, тараканов, комаров, мышей, крыс и т.д. – как будто само разумеющееся. Они исчезали с Земли путем переноса космической белой энергией к Земле Небесными Силами через контактера Галией, где она смогла открыть энергетический канал с космоса к Земле.

Поэтому эту жизнь надо начинать с чистого листа, т.е. не должно быть никакой связи с прошлыми веками, которую человечество имело с прошлыми жизнями через пупок, и каждый раз люди умирали, не доживая до 70-летнего возраста. Предначертано было племенем Марса и Сатурна жить человеку на Земле до 70 лет, а долгожителями становились совсем по другой причине. Об этом будет написано в книгах Луны. Эта жизнь начинается с возвращения исконной воды этой Земли. Всё, что содержалось в этой Земле до испоганения племенами Марса и Сатурна, которые смогли изменить человеческое тело и сознание. Это тоже будет описываться в будущем.

В начале новой жизни возвращается чистая вода. С водой изменятся растительный и животный миры. Поэтому Я хочу сказать человечеству: не надо хвататься за старое, не надо держать музейные экспонаты как реликвии о старом, надо стараться жить по-новому. Если что-то нужно досконально узнать, можете задавать вопросы Галие – Я постараюсь ответить на ваши вопросы через контактера Галию Керей.

**– Человечество живет во тьме – нет никакой уверенности в завтрашнем дне. Что будет с человеческой цивилизацией?**

– Можно сказать, не было никакой цивилизации. Всё, что в этой жизни, было и в прошлой жизни, но более светлее. Например, во 2 веке 4-ой жизни были и компьютеры, и промпредприятия, но тогда связь с Небесами была более крепкой. Тогда Земля еще не была обуяна черной энергией. Новой цивилизации как таковой, полезной для человека, ученые в этой 13-ой жизни не успели создать – создание союза всех землян Ленину не удалось, потому что все трое посланников родились в разных местах. Сталин родился в Грузии, Ленин родился в России. И в последующем оба оказались в России – там, где вообще не было связи с космосом (об этих трех персонах – Ленине, Сталине, Керее – будет специальное объяснение в книгах Луны, потому что в двух словах всё это не объяснишь сейчас). Только Галии дед Керей смог появиться в предназначенном месте. Но на том месте давно не было никакой космической цивилизации.

Но когда Керей появился в том месте, та земля еще благоухала, воды, зелени было еще предостаточно. По мере того, как до Керея достигала земная темная энергия, эта земля начала истощаться. В конце концов, это урочище перестало существовать по указу Хрущева, когда он пришел к власти. Всю жизненную силу азиатской стороны реки Урал, по его указу, перебросили на европейскую сторону, и там оставили испепеленную землю и как таковая остается по сей день.

Но сейчас хочу сказать, что все новые изменения начнутся с того места, где появился первый контактер космоса с Землей в начале 13-ой жизни. Пока жила семья Керея, та земля еще благоухала. Но с исчезновением в том месте последнего контактера с этой семьи Галии, можно сказать, перестало существовать это урочище. Земля как таковая там, но всё содержание энергии космоса ушло в другие места, осталась испепеленная земля.

На том месте в первый раз в этой жизни заново появится огромное озеро, которое когда-то местные жители называли «Пісем». Но это будет «Аққөл» – по всей Земле все озера будут называться «Аққөл» (белое озеро), потому что там будут плавать белые лебеди, появившиеся с неба со своим энергическим каналом от Небеса.

Сейчас потомки предков 12-ой жизни творят такие ужасные дела в интернете и никогда не пишут о себе ничего. Анонимно, с разными никами, аватарками творят, что хотят: могут обозвать, оскорбить, могут воровать банковские данные, деньги с карточек, ломать сайты, информационные каналы, совершать хакерские атаки. На радио и телевидении тоже творят что попало: если берут интервью, то оттуда урезают неугодные для начальства места, и журналисты дают, что хотят. Вот так прогремела и 13-ая жизнь и шла к своему концу.

Предрек когда-то Нострадамус, что будет конец света к 2000 году. Он случился бы в 1997 году, когда тут ожидали небывалое землетрясение. Тогда Галия давала Небесным Силам об этом информацию. Тогда Небесные Силы через канал Галии проникли к Земле, очистили пути проникновения разрушения в центре Земли, которые шли со стороны Астаны – там такая зона, что проникает до нижней земли. Вот так Небесные Силы тогда закрыли пути проникновения землетрясений с тунели Астаны с нижней земли.

С тех пор Галия пишет, что в Алма-Ате не будет землетрясения. Если бывали какие-то тряски, то это была работа Небесных Сил, которые перестраивали пласты земли, чтобы не возникли трения между пластами. Когда Галия говорила, что не будет землетрясения, то считали, что она сумасшедшая, плюет против ветра. Потому что все ученые мира считают, что Алма-Ата должна исчезнуть с лица Земли в потоке землетрясения. А казахстанские ученые так и ждали, когда случится землетрясение в Алма-Ате; неизвестно, почему так они ожидали этого – ведь они сами живут тут. Но вопреки всему, что сказали ученые, Галия говорила: в Алма-Ате не будет землетрясения, и это сбылось, потому что она передавала информацию Небесных Сил. А это никто не считал нужной информацией, потому что это было ненаучно, потому что она не требовала денег за информацию, а только хотела, чтобы люди услышали, что она говорит.

Почему Я сказал, что не было в 13-ой жизни никакой новой цивилизации? Потому что всё это было. Я давал эту цивилизацию 13-ой жизни, собрав со всех 6 Лунных эр, как-то приукрасить последнюю жизнь. Мало того, что разрушили былую цивилизацию, связанную с компьютером, интернетом, придумали всевозможных киборгов, роботов, которые вообще недопустимы, как бы менять действия живого человека машиной – это недопустимо, это разрушение человеческого мозга. Об этом в будущем будет досконально описано, что происходило с человечеством, когда вместо них использовали всевозможных роботов, киборгов и т.д., оживляли всевозможных мультяшных персонажей – тоже происходило разрушение человеческого мозга и ума. Поэтому и цивилизацию на Земле начнем тоже с чистого листа, собрав все цивилизации со всех 6 Лунных эр, и выберем из них самые чистые и самые честные для ума человека, который будет жить на этой обновленной земле в обновленное время.

**– Готово ли человечество к встрече с новой жизнью?**

– Мы, Небесные Силы, пока не знаем, кто из живущих на Земле готовы жить по-новому. Вот Я, Йога – Небесная Сила, и мои соплеменники, облетая весь мир днем и ночью, забираем у Галии тунель попасть к Земле, к любой точке мира. Потому что она же живет здесь, в Алма-Ате, хотя алматинцы не хотят ее признавать и не понимают, кто живет рядом с ними. Мы ищем такие пути, чтобы влить в ихние мозги мысли о новой жизни. Но пока не очень много мы нашли. Мы ищем пути изменить Землю и землян так, чтобы был безболезненный переход от старой жизни к новой. Правда, мы нашли пути перехода, но пока рано об этом говорить. Пусть после Моих ответов люди подумают, как вообще жить, чтобы попасть в новый мир.

*(Продолжение в следующем номере)*

**Дастан ЕЛДЕС**
*d.eldesov@mail.ru*

# ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА ДАЕТ ВЕСОМЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ

**В послании Президента Казахстана определены задачи, которые улучшат благосостояние населения и ускорят экономическое развитие страны. Прежде всего, это оздоровление банковского сектора, оптимизация финансовой системы, развитие малого и среднего бизнеса и борьба с коррупцией. По мнению экономиста Рахмана Алшанова, озвученные направления уже дают положительные результаты, призванные обеспечить уверенное вхождение в число самых развитых стран.**



**Рахман АЛШАНОВ, доктор экономических наук:**

– Все акценты расставлены, сбалансированы. И это важный посыл в этом послании. Потому что эти приоритеты выстроены, это залог успеха. Это уже мы неоднократно апробировали, они дали свои результаты, и в прошлом году Казахстан добился почти 4% роста. В России 1,8%, мировая экономика еще меньше. Поэтому в этих условиях Казахстан получил эти достижения. Это говорит о том, что в целом стратегия выверена, проводимая экономическая политика дает весомые результаты. Нурсултан Назарбаев в своем Послании отметил, что все модернизационные процессы основаны на человеческом капитале. И главная задача государства – развитие и инвестиции, в этот немаловажный фактор.

*Kazakh-tv.kz.*

# ОТЗЫВЫ УЧЕНЫХ НА ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА

**9 января 2018 года Президент выступил с Посланием народу Казахстана. Своими впечатлениями поделились с редакцией портала NDH ученые Института истории государства**
**В Послании Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» были четко определены основные задачи по развитию страны. Данное Послание определяет, что необходимо сделать для успешной навигации и адаптации в новом мире – мире Четвертой промышленной революции. Ученые одними из первых отреагировали на Послание, дав свою, историческую, оценку.**

**Аяган Б.Г., д.и.н., профессор, директор Института истории государства КН МОН РК:**



– Огромное значение Послания Президента, потому что главное условие развития Независимого Казахстана – это модернизация индустриального сектора. Общеизвестно, что успешность любого государства зависит от развития индустрии промышленности новых технологических методов. Проведение индустриализации позволит создавать новые точки роста: строительство жилья, заводов, медицинских центров. Не менее важно то, что в Казахстане будут строиться очень много дорог, что позволит уменьшить безработицу. В связи с этим я вспоминаю, что в 20-40-е годы Советская власть тоже проводила индустриализацию в Казахстане, но та индустриализация проводилась административными и силовыми методами, с использованием труда заключенных. Такие города Казахстана как Караганда, Экибастуз, Жезказган строились при участии заключенных, и та индустриализация повлекла за собою и трагические страницы коллективизации. Но нынешняя индустриализация проводится цивилизационными методами с использованием мирового опыта и инновационными приемами. И я верю, что она будет успешна.

**Смагулов А.Ж., магистр, МНС Института истории государства КН МОН РК:**



– Ежегодное Послание Президента Республики Казахстан – это одно из ключевых событий для нашей страны, так как в нём Глава государства традиционно обозначает основные векторы развития нашего общества. Нурсултан Абишевич обозначает, что несмотря на успехи, государство не должно останавливаться на достигнутом, оно должно всегда находится в поиске новых возможностей развития. Перечисляя десять основных задач, стоящих перед Казахстаном, Президент делает особый упор на активное внедрение современных технологий во все сферы жизни казахстанского общества – промышленность, финансы, образование и другое. Таким образом, в Послании Президента поставлены конкретные задачи и предложены актуальные пути их решения, которые четко продуманы, выверены временем и заставляют задуматься каждого жителя страны.

**Автор: Арман СУЛЕЙМЕНОВ**
*e-history.kz (в сокращении)*

# Цифровое финансовое будущее

**В Послании Президента подчеркивается важность «перезагрузки» финансового сектора. При этом основной акцент сделан на повышение ответственности владельцев банков, поскольку, в свете последних событий – собственники лоббируют в большей степени финансирование своих проектов. В этой связи усиление надзора со стороны регулятора должно способствовать соблюдению пруденциальных нормативов БВУ и снижению проблемных кредитов.**



**Айжан МУХЫШБАЕВА, ведущий эксперт Института мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента РК – Елбасы**

Вместе с тем, вывод акций нескольких квазигосударственных компаний на IPO в рамках запуска Международного финансового центра должен дать толчок развитию фондового рынка и формированию широкого класса инвесторов.

Президент также поручил ускорить приватизацию, в том числе за счет сокращения количества подведомственных организаций госорганов. Например, в Великобритании сотни новых частных компаний выведены из правительственного сектора и оказывают госуслуги стоимостью почти 1,5 млрд долларов в год.

В Послании Главы государства во главу угла ставится цифровизация отраслей экономики. Это обусловлено тем, что сейчас государственные органы и частный сектор сталкиваются с большим потоком информации, что, в свою очередь, не только порождает проблемы, а напротив, создает для них большие возможности.

При грамотном структурировании и управлении большие данные открывают доступ к ценной информации, что, в свою очередь, позволит снизить себестоимость продукции и повысить производительность.

Еще один двигатель цифровых реформ – урбанизация населения. Ускоряющийся рост городского населения создает большую нагрузку на инфраструктуру городов, что показывает необходимость оптимизации городских расходов.

Комплексное внедрение концепции «Смарт Сити» в городах Казахстана помогает выявить точки неэффективности и снизить городские расходы. Цифровизация поможет извлечь выгоду особенно таким странам, как Казахстан с огромной территорией, позволяя управлять бизнес-процессами издалека.

Таким образом, отражение последних трендов мировой экономики в Послании Президента предоставляет возможность своевременно ответить на вызовы быстроменяющегося мира.

# Надо работать над общественным статусом учителей

**Глава Государства обратился с очередным Посланием к народу Казахстана. Хотел бы поделиться своим мнением. Послание Президента страны является основным документом, руководством к действию на среднесрочную перспективу. Для меня является знаковым, что делается упор на развитие человеческого капитала.**



**Ерлан САИРОВ, политолог, заместитель председателя Федерации профсоюзов РК**

Это правильный шаг, поскольку человеческий капитал является главным условием и фундаментом экономического роста, социального развития государства. Хочу обратить внимание наших коллег на следующее обстоятельство.

Существуют общепринятые мировые индексы развития. Например, сегодня благосостояние любой страны принято исчислять ростом внутреннего валового продукта страны. Здесь кроются некоторые издержки и противоречия. Если, скажем, в Казахстане за 2016 год рост ВВП составил 2%, то эти 2% должны ощущать все домохозяйства страны, в том числе конкретные люди. В противном случае граждане начинают чувствовать неравенство, будет девальвировано доверие к статистическим данным, что приводит к издержкам на государственном уровне и способствует изменению системы поведения в обществе.

В целом в мире и в нашей стране тоже, есть существенная разница между статистическими данными государства и жизненным уровнем граждан. Это и понятно, каждый гражданин по-своему, согласно своим способностям и возможностям, вносит блага в общую корзину благосостояния общества и государства.

Государство должно регулировать доходы граждан таким образом, чтобы люди чувствовали справедливость распределения этих общественных благ.

В порядке обсуждения можно было бы определить одну функцию – государственное регулирование общественных благ. Это один из главных аспектов, над которым стоит задуматься. Мы должны быть способными выходить из зоны стандартного и традиционного образа мышления. На мой взгляд, мы должны учитывать нематериальные общественные блага, которые не поддаются «исчислению», но являются одним из главных факторов благосостояния общества и граждан.

Может нам стоит работать над разработкой собственной, казахстанской модели индекса благосостояния благополучия государства, общества и граждан? Мы в своей работе должны смотреть не только на так называемый «развитой запад», следует провести анализ социального замера развития и других стран. Например, есть такая страна Бутан. С 2008 года Бутан исчисляет благополучие страны таким индексом, как «Индекс национального счастья».

Я бы предложил по этому вопросу организовать национальную дискуссию совместно со всеми слоями населения, с экспертным сообществом, учеными.

У нас активное, интеллектуально развитое гражданское общество. Общими усилиями мы могли бы сформулировать общие цели этой работы и предложить Правительству видение гражданского общества по вопросу своей, собственной модели благополучия и благосостояния нашей страны.

Самое главное, индекс развития человека входит в «Повестку дня» нашего государства и это хороший и обнадёживающий тренд!

В Послании говорилось о повышении заработной платы учителям и преподавателям. Об этом много писалось, я сам этот вопрос поднимал, думаю это важный аспект выступления Главы Государства. У нас в стране более 800 000 тыс. учителей и преподавателей. От их жизненного уровня, морального состояния зависит очень многое. Их титанический труд начали оценивать достойно. Думаю, теперь надо работать над их общественным статусом. Это уже должна быть совместная работа гражданского общества и государства.

# Неутомимый

**Он никогда не нуждался в наградах или похвале и не старался их добиваться. Признание и авторитет нашли его сами, когда вчерашний целеустремлённый юноша стал грамотным специалистом, а затем и требовательным руководителем. Недавно Кызыру Ибраевичу Жумабаеву исполнилось 75 лет, он, как и прежде, полный сил и энергии, продолжает жить активной жизнью, с мыслями и заботой о будущем своей Родины.**



Мне выпала честь бок о бок трудиться с этим замечательным человеком, когда он стал первым секретарем Енбекшильдерского райкома партии (ныне район имени Биржан сала). Я в тот момент занимал должность заведующего организационным отделом.

Новый руководитель, засучив рукава, сразу же взялся за развитие сельскохозяйственного производства, улучшение жизни сельчан. Вскоре по его задумкам были приняты районные программы «Ауыл» и «Культура - 90», с конкретными задачами и сроками каждого пункта, закреплены ответственные за их выполнение.

В результате всего за 3 года круто изменилась работа и экономическое положение совхозов. Кызыр Ибраевич ставил развитие производства главной задачей райкома, предлагал новые решения по организации процесса, активно внедрял механизацию, находил необходимые финансовые ресурсы. Причём производственные показатели достигались во многом благодаря улучшению условий труда: вместо прежних машинных дворов под открытым небом в отделениях возводились закрытые гаражи, мастерские для ремонта техники. Были построены скотоводческие базы, полевые станы, что вкупе с другими решениями повысило производительность труда механизаторов и животноводов.

Кызыр Жумабаев изыскал возможности проложить дороги к каждому из 20-ти ранее изолированных малых населенных пунктов района. Ко всем им была протянута связь, построены клубы, бани, открыты лечебные пункты, детские сады. Нужно особо подчеркнуть, что по настойчивому требованию первого секретаря, 10 начальных школ в малых аулах были преобразованы в средние и неполные средние школы с казахским языком обучения. Это дало возможность детям оставаться в семьях и не переводиться в городские интернаты, где они забывали родной язык и родной аул.

Из социальных вопросов Кызыр Ибраевич всегда выделял обеспечение жильём. Конечно, в райцентре и раньше строились дома. Однако в совхозах и аулах крайне не хватало жилья для прибывающих из вузов учителей, медработников, молодых специалистов сельского хозяйства.

В этих условиях Жумабаев пошёл на невиданный для сельского района эксперимент: при совхозах были созданы строительные кооперативы, открыты кирпичные цеха, закуплена строительная техника, приглашены профессиональные строители.

В результате резко возросли темпы строительства и в каждый год были построены по 23 тысячи квадратных метров жилья. Для сравнения, тогда в других районах области объем возведенного жилья не превышал 6-7 тысяч квадратных метров в год. Поэтому показатели нашего района в то время считались небывалым достижением в жилищном строительстве.

Вместе с совхозами неузнаваемо изменился внешний облик районного центра города Степняка. Улицы были благоустроены и заасфальтированы, проложены тротуары, установлены красивые остановки, посажены деревья, отремонтирован заброшенный было стадион, построены спортивный комплекс, кафе, торговые точки. Были возведены просторная автостанция, необычно красивые для того времени жилые дома, оздоровительный центр с плавательным бассейном, капитальные пионерские лагеря в окрестных местах отдыха. Впервые в истории Степняка открыт казахский детский садик «Ертостик» на 150 мест.

Так же, как и в сёлах, Кызыр Ибраевич потребовал от городских предприятий улучшить социальную атмосферу в коллективах, и прежде всего – ликвидировать отсталость в строительстве жилья. Если до него в Степняке в 2-3 года за счет бюджета возводилось только одно 15-18 квартирное здание, то теперь первый секретарь добился ежегодного возведения 2-3 домов каждым предприятием, за счёт внутренних резервов. Таким образом, каждый год в районном центре сдавались в эксплуатацию не менее 20-25 домов и многие семьи обрели долгожданное жилье.



Вместе с социальной сферой развивался производственный потенциал города. Были открыты отделение Кокшетауской швейной фабрики, новый хлебозавод, в селе Казгородок разместились мебельный цех, небольшой мясокомбинат, подсобное хозяйство Васильковского рудника и другие объекты.

Успешное решение экономических и социальных вопросов вскоре позволило достичь весомых показателей развития района. Производство мяса и молока стабильно росло до 5 процентов в год, а в 1990 году наш район, получив от каждого гектара по 18,5 центнера зерна, вошёл в число основных производителей зерновых области.

Отдельно нужно сказать о том патриотизме, который проявил первый секретарь Жумабаев в деле возвращения казахов на историческую Родину. До сих пор помню, как в 1990 году он послал меня, чтобы привезти первую партию оралманов из Монголии. Тогда, несмотря на все экономические трудности, сразу половину из 100 семей, переехавших в Кокчетавскую область, принял один наш район. Для их компактного размещения был открыт аул Каскат, построены целые улицы с новыми домами в совхозах «Донской» и «Кенащинский», выделен домашний скот, все прибывшие были устроены на работу. Тёплый приём и устройство возвращающихся на историческую родину оралманов, выходящие далеко за рамки обычных мер, продолжались всё время работы первого секретаря райкома, который лично контролировал все детали. В этом проявилось большое сердце патриота, которое, оказывается, скрывалось за внешней строгостью Кызыра Ибраевича и его репутацией требовательного и даже жёсткого руководителя.

Эти его человеческие и организаторские качества по достоинству оценили люди. В 1990 году, когда впервые состоялись альтернативные выборы в Верховный Совет Казахской ССР, К.Жумабаев с огромным преимуществом победил конкурентов, хотя его округ включал не только Энбекшильдерский, но и другие районы. И будучи депутатом, наш герой в полной мере оправдал доверие земляков, выполнив целый ряд наказов своих избирателей.

С обретением Независимости Казахстана, Кызыр Жумабаев становится акимом Кокшетауской области. В те трудные годы новый аким изыскал средства и открыл в Кокшетау первый казахский драматический театр, построил терапевтический корпус областной больницы; перевёл вечернюю школу рабочей молодежи в новое здание.

Для решения острых вопросов снабжения, аким области лично привез из Турции оборудование для производства мыла, стирального порошка и других гигиенических товаров и запустил их производство. Кызыр Ибраевич активно продвигал рыночные реформы в регионе, создавал условия для частного предпринимательства, вовлекая туда людей с деловой хваткой и передавая им в рамках приватизации простаивающие или нерентабельные объекты, помогая с кредитами и решением других организационных вопросов. Например, он добился запуска нового цеха Айдабульского спиртного завода, что позволило вдвое увеличить производственную мощность предприятия и его отчисления в бюджет.

Естественно, все эти шаги Кызыр Ибраевич предпринимал не сам по себе, а в русле политики Первого Президента РК Нурсултана Абишевича Назарбаева, взявшего курс на рыночные преобразования экономики, приватизацию и привлечение инвестиций.

У народа есть поговорка: «Если джигит в двадцать лет не взял крепость, то и в тридцать лет он не совершит подвига». Если взглянуть на жизненный путь Кызыра Ибраевича, то его лидерские качества были заметны с ранней молодости. Уроженец аула Машен Щербакульского района Омской области, после окончания сельскохозяйственного института работал в хозяйствах Павлодарской и Кокшетауской области. В 31 год стал директором совхоза имени Гагарина (Койтас) Валихановского района и за короткое время вывел отстающее хозяйство в число передовых, за что по представлению первого секретаря обкома Еркина Ауельбекова был награжден орденом «Знак Почёта».

Возглавив затем совхоз «Шарыкский» Рузаевского района, сумел вернуть ему былую славу, дважды приведя хозяйство к победам во Всесоюзных соревнованиях. В результате в 1981 году Кызыр Ибраевич был награждён орденом «Дружбы народов».

Вдумчивого и эффективного руководителя назначают председателем Чистопольского райисполкома, затем – заместителем областного управления сельского хозяйства, откуда К.Жумабаев и пришёл возглавить Энбекшильдерский район.

После руководства Кокшетауской областью, где положение начало поправляться, наш неутомимый земляк стал заместителем министра сельского хозяйства – президентом государственной акционерной компании племенного животноводства. А перейдя с 1999 года на дипломатическую службу, Кызыр Жумабаев раскрыл себя с новой стороны как достойный представитель своего государства на международном уровне.

На ответственной должности Консула, временного поверенного в делах Казахстана в Узбекистане, Кызыр Ибраевич способствовал добрососедским отношениям с соседней страной, реализации и продвижению важных международных инициатив Нурсултана Абишевича Назарбаева. Не случайно, при выходе на заслуженный отдых, Елбасы в специальном послании выразил ему свою благодарность за большой и честный труд на благо Родины.

Достойного человека в любой ситуации отличают скромность и благородство. И у Кызыра Жумабаева в жизни было немало ситуаций, когда он протягивал руку помощи людям, в том числе и мне, но никогда не кичился этим, как никогда ни в чей адрес за глаза не говорил плохого. Дела и решения, которые Кызыр Ибраевич принимал на разных постах, иногда вопреки начальству, в прямом смысле слова обогрели сотни семей, дали им крышу над головой, работу, достойную жизнь и веру в будущее.

Сам же Кызыр ага всегда заряжен на позитив, говорит только о хорошем – в частности, добрым словом поминает тех, кто помогал ему советом и делом, кого считает своими наставниками и старшими товарищами – Еркина Нуржановича Ауельбекова, Оразбека Султановича Қуанышева, Махтая Рамазановича Сагдиева, Қасыма Аппасовича Тәукенова, Нажмидена Иксановича Ескалиева, Ивана Антоновича Алимова и многих других достойных людей.

Иногда, оглядывая пройденный путь, человек жалеет об ошибках, упущенных возможностях. Удивительно, что с такой насыщенной судьбой и многими поворотами, Кызыр Жумабаев остаётся верен себе и с улыбкой смотрит в завтрашний день.

- Если бы мне было суждено дважды жить на этом свете, то точь-в-точь повторил бы свою жизнь! – говорит Кызыр Ибраевич.

Так может сказать только человек, который живёт с честью и продолжает творить во имя своего народа и своей страны.

И пока есть в обществе такие люди – ответственные, строгие, кристально честные и с большим человеческим сердцем в груди – у такого общества всегда будет достойное настоящее и большое будущее.

**Орынбай ШӘЙКЕНОВ,**
**член Союза журналистов Казахстана, ветеран труда**

# ЗИЯЛЫЛЫҚТЫҢ үлгісіндей еді

**Қоғамдық ортада адамның ғұмыры өнегелі өмір жолымен, өресі биік іс-әрекетінен көрініс табатыны белгілі. Осы орайда, кейбір азамат адами, азаматтық тұрғыдан білім мен ғылымның тұңғиық тылсым күшін өзінің зердесі мен бойына сіңіру арқылы, елі мен жұртына жасаған елеулі еңбегінің нәтижесі бойынша өнегелі өмірдің, өресі биік іс-әрекеттердің үлгілерін жасап, қоғамдық ортаға аса қажетті рухани ізгіліктің, интеллектуалдық таусылмас қазына жасайтыны белгілі. Сондай азаматтардың бірі де, бірегейі Қазақстан білімі мен ғылымына, оның ішінде экономикалық ілімнің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан және жоғары оқу орнында білікті, білімді мамандар даярлауға өзінің қажыр-қайратын аямай жұмсаған Қазақстанның Еңбек сіңірген қызметкері, Қазақстанның жоғары мектебі ғылым академиясының академигі, Еуразия Халықаралық экономикалық академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Қаби Оқаевтың орны ерекше еді.**



Қаби Оқаұлының өмір жолы үлкенге өнеге, кішіге үлгі боларлықтай. Ол 1929 жылы 2-қыркүйекте Гурьев облысының Теңіз ауданының (қазіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданы) Өтері ауылында шаруа отбасында жарық дүние есігін ашты. Оның балғын балалық шағы коллективтендіру, бүкіл қазақ халқына нәубат әкелген ашаршылық, Алаш арыстарын қынадай қырған репрессия, сұрапыл соғыс жылдары мен одан кейінгі ауыртпалық арқалаған кезеңдерге тап келіп, бұғанасы қатпаған, белі бекімей 15 жастағы жасөспірім еңбек жолын колхозда қарапайым жұмысшы болудан бастады. Бұл оның өмір жолындағы ең қиын кезеңдердің бірі еді. Өйткені оның үш ағасы отан қорғау үшін соғысқа аттанып, отбасына бас-көз болуды өзіне басты мақсат тұтқан болатын. Сондықтан да ол оқудан қол үзіп, күндіз-түні еңбек етуге мәжбүр болды. Өзінің алғырлығы мен еңбексүйгіштігінің арқасында небәрі 16 жасында «Коммунизм жолы» колхозының есепшісі, ал 18 жасында бас есепшісі қызметіне көтеріліп, өмір мен еңбектің шыңдалу мектебінен өтті. Осы орайда орыс халқының ұлы жазушысы А.П.Чеховтың «Менің өмірімде балалық шақ болған емес» деген сөзі ойға оралады.

Жастайынан еңбекке араласып, мектептегі оқуынан қол үзген Қаби Оқаұлы, орта мектептегі оқуын Ресейдің Иркутск облысындағы Братск қаласында совет армиясының құрамында азаматтық әскери борышын өтеп жүрген кезінде жұмысшыларға арналған кешкі мектепте жалғастыруға мүмкіндік алды. Осы орайда ерекше ескеретін жағдай, армия қатарында жүрген азаматтардың ол кезде жұмысшыларға арналған кешкі мектепте оқуға құқығы мен мүмкіндігі болмайтын. Дегенмен, Қаби Оқаұлы азаматтық борышын өтеп жүрген әскери құрама басшылығы, оның оқу-білімге деген ынтасын, алғырлығын және әскери қызметін үздік атқарып жүргенін ескеріп, қалыптасқан тәртіп пен тәжірибеден тыс, кешкі мектепте оқуға мүмкіндік береді. Өзінің жүрек жарды бір әңгімесінде «әскери борышымды өтеп жүріп, кешкі мектепте дәріс алуым білім мен ғылымға деген құштарлығымды еселеп арттырды, саналы ғұмырыма және еңбек жолыма сәулелі нұрын төкті...» дегені бар. Әскери борышын өтеп келгеннен соң, 1954 жылы 25 жасында Атырау облысының Қосшағыл елді мекенінде орта мектепті бітіру емтихандарын тапсырады.

Кешкі мектепті бітіргеннен кейін, оқу-білімге деген ынтасы мен жігерлігінің арқасында және өз қатарынан бұрын еңбектің ащы-тұщысын татқан, шаруашылық жүргізу мен экономикалық күрделі үдерістердің нақты жүйесінде 9 жыл жұмыс істеген ол, осы саланың теориялық, әдіснамалық негіздерін терең меңгеру мақсатында 1954 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) экономика факультетіне оқуға түседі. «Арман алдамайды, үміт үзілмейді» демекші, білімнің тұнық бастауынан сусындап, еңбекорлық пен табандылықтың арқасында университеттің Лениндік стипендиаты болып, 1959 жылы жоғары білім алып шығады.

Осы орайда Қаби Оқаевтың замандасы, әріптесі, белгілі ғалым-ұстаз, Қазақстанның Еңбек сіңірген қызметкері, профессор К.Бердалиевтің «Қаби Оқаевтың күнбе-күн 10-15 сағат бойы кітапханада отырып ғылымның құпия сырларын жалықпай игерген жанкештілігін біз көзімізбен көріп, көңілімізге түйіп өстік» деген жүрек жарды сөзі көп жағдайды аңғартады.

Қаби Оқаұлының белгілі ғалым-ұстаз, зерттеуші, жоғары білім жүйесінің білікті басқарушысы және ұйымдастырушысы ретінде қалыптасуына 1963 жылы Қазақстанда жоғары кәсіби білім беру саласының белгілі ұйымдастырушысы профессор А.И. Беловтың басшылығымен еліміздің ұлттық экономикасының әр түрлі салаларына аса қажетті білікті, білімді экономистер мен басқарушы кадрлар даярлауға арналған бірегей оқу орнының Алматы халық шаруашылық институтының (қазіргі Нархоз университеті) ашылуымен тығыз байланысты. Осы орайда ерекше айта кететін жағдай Қаби Оқаұлы жаңа оқу орнының ашылуына ақыл парасатын, күш-жігерін жұмсаған азаматтардың алдыңғы қатарында болды және оның қалыптасуы мен өркендей түсуіне ғылыми-педагогикалық, қоғамдық қызметінің үздіксіз 55 жылын арнап, сүбелі үлес қосты. Осы уақыт аралығында 21 жыл факультет деканы, 30 жыл бойы үздіксіз кафедра меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды.

Ол Қазақстанның экономикалық білім беру жүйесінде үлкен ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық жұмыстарды үздіксіз атқарды. Кезінде КСРО және ҚазССР-і жоғары білім беру министрлігінің экономикалық мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік бірлестігінің мүшесі болды. Отандық жоғары оқу орнының Ресей, Беларусь, Украина және басқа да шет елдердің жоғары оқу орындарымен байланысын кеңейтуге елеулі үлес қосты. ҚР Білім және ғылым министрлігінің экономикалық мамандықтар жүйесі бойынша оқу-әдістемелік бірлестігінің мүшесі ретінде оқу үдерісіне еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды енгізе отырып, нарықтық экономика талаптары мен халықаралық стандарттарға сай білікті, жаңа тұрпатты экономист және басқару жүйесінің мамандарын даярлау саласында табысты еңбек еткендігін ерекше атап өту қажет. Оның шәкірттерінің арасында есімі елге белгілі мемлекет қайраткерлері, облыс, қала әкімдері, жоғары оқу орындарының ректорлары, көрнекті ғалымдар, өндірісті ұйымдастырушылар, заман талабына сай ұлттық экономикамыздың әртүрлі жүйесінде жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер мен бизнесмендер бар. Сонымен қатар, профессор Қ.О.Оқаевтың шәкірттерін еліміздің басқару жүйесінің барлық басшылық құрылымдарынан және ТМД елдерінен де жиі кездестіруге болады.

Ғалым беделінің айнасы және оның қандай жетістіктерге жеткені, оның ғылыми ізденістерінің, еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуына, күрделі проблемаларды шешуіне қосқан үлесі арқылы анықталатыны белгілі. Осы орайда профессор Қ.О.Оқаевтың концептуалдық тұрғыдан ғылыми ізденістерінің аясы кең және ұлттық экономиканың өзекті мәселелерін дер кезінде қамтуында. Оның еңбектерінде өндірістегі негізгі қорлардың ұдайы өндірісі, шаруашылық жүргізудің экономикалық заңдылықтары, экономиканы тиімді басқару, нарықтық экономика жағдайында отанымызға аса қажет кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуын тиімді түрде ұйымдастыру, өнеркәсіп жүйелерінің экономикалық дамуының теориялық және тәжірибелік аспектілерін жан-жақты зерттеу барынша мәнді де мағыналы көрініс тапқан.

Оның 300-ден астам ғылыми еңбектері, оның ішінде 18 монография, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдары жарық көрді. Оның ішінде «Толық шаруашылық есеп және өнеркәсіптің негізгі қорлары», «Негізгі қорлар және өнеркәсіптің өндірістік тиімділігі» және басқа монографияларындағы ғылыми тұжырымдар, ұсыныстар өнеркәсіп орындарында мамандар даярлау жүйесінде кеңінен пайдалануда. Ерекше атап өтетін жәйт, профессор Қ.О.Оқаев негізгі қорлардың ұдайы өндірісі проблемалары бойынша Қазақстанда ғылыми мектептің негізін қалаушылардың бірі болды.

Профессор Қ.О.Оқаев Мәскеу, Санкт-Петербург, Киев, Минск, Ташкент, Бішкек, Таллин, Рига қалаларында және басқа да шетелдерде өткен көптеген халықаралық, бүкілодақтық және республикалық ғылыми, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, съездер, конгресстерге қатысып, баяндама жасағаны көзі қарақты жұртқа белгілі.

Ескеретін жағдай, профессор Қ.О.Оқаевтың өмірі мен еңбек жолы туралы, оның көзінің тірісінде замандастары, әріптестері және шәкірттері ғылыми және мерзімді ақпарат құралдарында өздерінің ой-пікірлерін, ұстазға деген жүрекжарды ыстық ықыластарын білдіргені мәлім. Олардың қатарында осы жолдардың авторлары да бар. Дегенмен Қ.Оқаұлының ұлтымыздың басына төнген қиын-қыстау кезеңдегі, яғни, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейінгі елдегі ұжымдағы ахуал жағдайындағы ерен еңбегі, азаматтық ұстанымы туралы әлі де болса айтылмай келеді.

Профессор Қ.О.Оқаевтың ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметтердегі ерен еңбегін еліміз бен үкіметіміз жоғары бағалап, «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет» грамотасымен, «КСРО жоғары білімінің үздігі», «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» медальдарымен марапаттады, Атырау облысының Құрманғазы ауданының «Құрметті азаматы» деген деген атақтар берілді.

Қаби Оқаұлы Оқаевтың өмірінің өзегінің негізі ретінде - өнегелі отбасының иесі, үлгілі әке, сүйікті ата болғаны көпшілікке мәлім. Оның жұбайы – Фазила Әмірғалиқызы еліміздегі химия ғылымының дамуына өзіндік үлес қосқан ғалым. Ол өзінің ақжарқындығы мен кеңпейілділігі, мейірімділігі мен аққөңілділігінің арқасында Қаби Оқаұлының барлық шәкірттерінің ерекше құрмет тұтатын анасына айналды және қамқоршысы болды. Әкесінің айтқан аманатын басшылыққа алған қыранның қос қанатындай болған Ермек пен Еркебұлан жақсы әке ғана емес іскерлік ортада сыйлы азаматтар. «Абысын тату болса – ас көп...» деген халқымыздың қанатты сөзін есіне сақтаған, тектінің көзін көріп, батасын алған, ағайынды бауырларға адал жар, аяулы ана болып отырған қос абысын – Ғалия мен Алтынайды бөліп-жара алмайсың. Оларды ешқашан келін деп атамай, ақ босағаны аттаған алғашқы сәттен бастап-ақ қызым деп маңдайынан иіскеп, жылы сөзін , ыстық ықыласын, аталық мейірімін аяған емес. Ал немерелеріне деген мейірімі мен шексіз махаббатының талай рет куәсі болдық. Сондықтан да болар немерелерінің барлығы да атасына еркелеп, қалағанын жасатып қана қоймай, айтқан ақылына да айрықша назар аударатын. Міне, осындай өнегелі өмірдің үлгісін жасай білген отағасының өсиеттерін жалғастыратын салиқалы ұрпақтарының болуы көңілге қуаныш ұялатады. Ұрпақ сабақтастығы дегеніміз осы болар.

Сөз соңында Қаби Оқаұлының бейін – беделі қандай десек, оның ата-анасының шыққан тегінен немесе табиғаттың тартуынан болар, еңсегей бойлы, шарасы үлкен, нұрлы көзі, қайратты бұйра шашы, адамдармен сұхбаттасқандағы ойлы, өрелі тұжырымдары кез-келгеназаматтардың жүрегінен орын тауып, бей-жай қалдырмайтыны дүйім жұртқа белгілі. Оның жан-жақты терең білімі, дәріс оқығандағы асықпай байыппен, құлаққа жағымды майда қоңыр даусы кез-келген адамды өзіне тартып,оның қалтқысыз сеніміне ие болушы еді. Сонымен қатар, қазақ азаматына тән қарым-қабілеті мен адалдығы, тазалығы, оны классикалық үлгідегі ұстаз ретінде танытты. Осы тұрғыдан алғанда қыры мен сыры, сан-саланы қамтитын, қиындығы мен қызығы қатар жүретін, үнемі ізденіс пен үздіксіз шығармашылық еңбекті қажет ететін, кезінде «адам жанының инженері» аталған, екінің бірінің қолынан келе бермейтін ұстаздық қызмет жағынан да Қаби Оқаұлының еңбек жолы жаңашылдық пен реформаторлық бастамашылыққа толы үлгі тұтарлық жол екенін үнемі жадымыздан шығармағанымыз абзал.

Еліміздің кез-келген түкпірінен, ал кейбір жағдайда жақын шет елдерден «Сізден дәріс алып едім», «Сіздің жақсылығыңызды ұмытпаймын» деген көптеген азаматтар мен азаматшалардың жүрек жарды естеліктерін көзіміз көріп, құлағымыз естіп жүр. Мүмкін ұстаздың қарызы мен парызының аяқталғаны, ұрпаққа аманатының жалғасы осындай болар.

Жүзінен шуақ, әр сөзінен жылылық сезіліп тұратын ұстаздың алдын көру бақыты бұйырған кез-келген шәкірттің ұстазын сағынуы, оған жүрекжарды жылы лебізін білдіруі, оның орындалмаған арманын жүзеге асыруы ұзағынан болғай.

**Алпысбай СЕЙДАХМЕТОВ,**
**Аружан СЕЙІТҚАЗИЕВА,**
**Ержан ӘМІРБЕКҰЛЫ,**
**Рақымжан ЕЛШІБАЕВ,**
**Нархоз университетінің профессорлары**




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Сот залында:*
*– Айыпталушы, сіз көршіңіздің ұлына дауыс көтеріп, қол жұмсағаныңызды мойындайсыз ба?*
*– Сот мырза, сіз мені дұрыс түсініңіз, ешқандай әке өз баласына жамандық тілемейді. Жақсы болсын деп ұрысасың ғой.*

***

*Әйелі жаңа босанған жігітке дәрігер:*
*– Балаңыз аман-есен дүниеге келді, денсаулығы жақсы, салмағы да тәуір, шамамен 3800-дей болады.*
*– Мен әйелім мен баламнан ештеңе аямаймын, бірақ біз басында 1000-ға келісіп едік қой...*

***

*Бір қария қонақта астан ауыз тимей, ет жемей отырады. Үй иесі:*
*– Сіз неге ас жемей отырсыз?*
*– Тісімді ұмытып кетіппін...*

***

*Кішкентай сайтанға әкесі түсіндіріп отыр:*
*– Балам, анау жайылып жүргенді жылқы дейді. Мінсең – тұлпар, жесең – ас.*
*– Ал анау ше?*
*– Ол – сиыр. Ішсең – сүт, жесең – ет.*
*– Ал анау екі аяқты ше?*
*– Оған мүлде жолаушы болма. Олар адамдар. Ішеді, жейді, бәрін бүлдіреді. Содан соң «сайтан түртті» деп бәрін бізге жаба салады.*

***

*Дәрігер ауыр науқасқа:*
*– Бұдан былай сіз біздің емдомға мұқтаж емессіз...*
*– Сонда мені емханадан шығарасыздар ма?*
*– Қай күні шығаратынымызды нақты айта алмаймын, молдамен ақылдасу керек.*

***

*Перзентхана терезесінің алдында. Күйеуі әйеліне:*
*– Балам кімге тартқан?*
*– Тура өзің сияқты, жөні жоқ бажылдай береді, сосын қарны тойған соң мұрны пысылдап ұйықтап қалады...*

***

*Емханада. Науқас дәрігерге:*
*– Сіздерге жақсы, ауыра қалсаңыздар өз емханаларыңыз бар...*
*– Қайдам, бұл жерде дұрыс қарамайды...*

№2 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | О | | Қ | | | | И | | А | | | К | | М |
| А | Л | М | Ұ | Р | Т | | Т | А | З | А | Л | А | Н | У |
| | Ж | А | И | | У | Ш | А | К | О | В | | Р | | Л |
| | А | И | Қ | Ы | Ш | | Р | И | Т | О | Р | И | К | А |
| А | | Н | А | Қ | А | Қ | | Н | | К | | Б | И | Т |
| С | | | | Ш | | О | Қ | А | Л | А | Қ | | І | |
| Т | О | Р | Қ | А | | П | | К | А | Д | А | Р | К | А |
| Р | | | А | М | М | А | Н | | М | О | Л | А | | Н |
| О | | | Й | | И | | О | | П | | А | Д | Е | Н |
| Н | Е | О | Н | | Р | | Т | Р | А | П | | Ж | | А |
| О | | Ж | А | З | А | Л | А | У | | | К | А | Н | Н |
| М | Е | Д | Р | Е | С | Е | | Б | И | Б | І | | А | |
| | | А | | Р | | Н | | И | | А | П | А | Л | Ы |
| Ш | А | Н | А | | Д | И | О | Н | | Б | | Қ | А | Н |
| А | | | Ш | Л | А | Н | Г | | П | А | К | Т | | Т |
| Б | Ұ | Р | Қ | | Ғ | | А | Ш | Ы | | | Ы | | Ы |
| А | | | А | М | А | Т | И | | Ш | А | Қ | Ш | А | Қ |
| Д | | А | Р | А | Р | А | | Қ | А | Р | А | Қ | А | Т |
| А | | | А | Л | А | Қ | | | Қ | А | З | А | Л | Ы |
| Н | Ұ | С | Қ | А | | А | М | О | | Т | Ы | Н | Ы | Қ |

# Жердің жасы қаншада?

Өзіміз өмір сүріп жатқан ғаламшар жайында көп біле бермейміз. Мәселен Жердің жас мөлшерін ғалымдар нақты айта алмаған. Айтса да, бәрі тек болжаммен ғана жорамалдаған. Себебі, бастапқыда пайда болған ғаламшарларда жазу болмаған, сондықтан олар да өз өмірі туралы ешқандай мәліметтерді қалдырмаған. Ал сіз Жердің жасы қаншада деп ойлайсыз? Адамзатқа бұл сұрақтың жауабын білуге атом құрылысы туралы білімі көмектескен. Шындығында Жер ғаламшарының жасы 4,5 – 4,6 миллиард жыл (50 миллион шамасы). Алғашқы өмір белгілері Жер пайда болғаннан кейін 1 миллиард жылдан соң туындағанын айтпағанда, Жер шарының бейнесі бірнеше рет өзгерген. Жердің жас мөлшерін анықтағысы келген жалғыз тіршілік иесі адамдардың өзі 50-100 мың жыл бұрын ғана пайда болған. Жердің көлемі ұлғаюы



туралы да бүгінде жорамал екіге бөлінеді. Алғашқысында ғаламшар көлемінің бірте-бірте ұлғаюы, оның массасының да бірте-бірте өсуімен байланысты делінеді. Ал екінші жорамалда Жердің дамуы барысында оның массасы қатты ұлғаймайды. Алайда планетаның ішкі өңіріне тиесілі заттар тығыздығының бірте-бірте босаңси түсуі, оның көлемдік ұлғаюына әкеледі деген. Ғаламшарымыздың жас мөлшерін анықтауда тынбай еңбек еткен ғалымдардың ашқан құпиялары негізінде бірлігей болып шыққан. Ал мына төмендегі ғұламалар Жердің жасы туралы мынадай болжам айтқан.

• Михаил Ломоносов Жер жалпы Жаһаннан бұрын жеке жасалған деп пайымдаған. • Аристотель Жер мәңгілік өмір сүрген деп ойлаған.

• Римдік ақын Лукреций керісінше, Жер Троя соғысынан аз ғана бұрын пайда болған деп сенген.

• 1862 жылы физик Лорд Кельвин есептеулер жасап, Жердің жас мөлшері 20 және 400 миллион жыл аралығын құрайды деп анықтаған. Бұл тізімді тоқтамай жалғастыра беруге болады, алайда бұл есептеулердің ортақ сипаты – олардың жалғандығына сияды.

*massaget.kz*



ПІКІР

Жазира БАЙЫРБЕКОВА:

# ӨЗ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙ АЛМАҒАНЫН МАҚТАНЫШ КӨРЕТІН НАДАНДАР ТЕК ҚАЗАҚТА ҒАНА БАР ШЫҒАР

**Тәуелсіздік алғанымызға 26 жылдан асса да, ана тілі мәселесі әлі күнге дейін шешімін таппағандай. Әсіресе жастар арасында өз тілін менсінбей, өзгенің тілінде «сайрайтындар» күн санап көбеймесе, азайып жатқан жоқ. Бұл мәселе тіл жанашырларын алаңдатып отыр. Әнші Жазира Байырбекова да қазақ тілінің мүшкіл халін ойлап күйінеді, – деп хабарлайды Stan.kz.**

Әнші Instagram парақшасында қазақ тілі жайлы пост жазып, көкейін тескен мәселе турасында сөз қозғады. Ол адамды ұлтқа бөлмейтінін, алайда кез-келген азамат өз ана тілін алдыңғы орынға қоюы керектігін атап өтті.

«10 адамның біреуі басқа ұлт болса сол бір адамның тілінде сөйлеп, ана тілімізді тіпті менсінбей қаламыз. Неге, а, неге? Мен адамды бөлмеймін. Жақсы адамдар әрбір ұлтта бар. Бірақ әр адам өз ұлтының тілін бірінші орынға қою керек қой.

Біз өз тілімізге неге сенбейміз. Өз елімізде жүріп өз тілімізден, салт-дәстүрімізден неге ұяламыз? Тіл білген жақсы ғой әрине. Бірақ өз тілінде сөйлей алмағанын мақтаныш көретін ақымақтар тек «Қазақ» ұлтында ғана бар шығар. Сөйте тұра көрші өзбек, қырғыз, тәжік елдерінен алда келеміз деп мақтанамыз. Қай жағынан алда келе жатқанымызды ойланыздаршы. Басқа ұлттың қызы болып туылғанымда ғой, бұлай ана тілім үшін жаным ауырып қиналмас едім.

Қазақ тілі қадірсіз болып, күлкі болып, әлсіреп жүргенше, барлық жерде қазақша сөйлеуге тыйым салып тастасын онда. Сонда өз тілімізге деген махаббатымыз оянатын шығар», – деп ашынды Байырбекова.

*qazaquni.kz*

КӨЗҚАРАС

**Соңғы жылдары сөз қадірін білетін азаматтардың көңіліне қаяу түсіретін, бір қарағанда өзі елеусіздеу көрінгенмен, біздің қазақи болмысымызға жат бір әдет қалыптасты. Ол – жанындағы аяулы жан-жарын, жұбайын, зайыбын, Құдай қосқан қадірменді қосағын «жолдасым» деп таныстыру немесе айту. Бұны біздің халықтың көп еліктейтін, іргеміздегі көрші елдің «товарищ» сөзінің тікелей аудармасы десек те болады.**

# ЖҰБАЙЫМЫЗДЫ «ЖОЛДАСЫМ» ДЕП АТАҒАНЫМЫЗ ДҰРЫС ПА?

Ол кезде бүкіл 15 республиканың халқы түгелімен бірін-бірі жолдас деп атады, бізде де солай қалыптасты. Алайда, оны орыстардың өзі де қабылдамады. Сол кезден «саған Тамбов «қасқыры» жолдас» деген кекесін сөз тіркесі қалды. Ал, қазақта «жолдас» сөзі уақытша серік деген мағына береді. Мысалы, жолға бірге шықтың, барар жеріңе жеткесін жөніңе кетесің. Жұмыстас әріптестер мен бірге оқитындар да бір-біріне жолдас. Олар бүгін бар, ертең жоқ. Себебі, жұмыс орынды жиі ауыстыру түк емес, оқу да сағыздай созылмайды. Бітіргесін әркім өз жөнімен кетеді. Ал, жұбайың (Құдай қосқан қосағың, жан-жарың, балаларыңның анасы, отбасыңның қамқоршысы) өзіңмен бірге өмір жолына жұптаса аттанып, өле-өлгенше жаныңда болуға серттескен адам. Сонда ол саған қалайша «жолдас» болады.

Бұл Кеңес заманынан бері келе жатқан санадағы сарқыншақ. Ол кезде, «Жаңа қоғам орнатамыз» деп тектілікті білдіретін «мырза», «ханым» деген сөздерді жойып, бәрін бырыңғай сұпсұр тобырға «жолдасқа» айналдырған.

Қазақстан ажырасудан алғашқы ондыққа кірдік деп хабарлайды «Алаш айнасы» (http://alashainasy.kz/tuit/kazakstan-ajyirasu-korsetksh-boyyinsha-algashkyi-ondyikka-krd-69853/), тағы бір газет «Мұсылман елдері арасында көш бастап тұрмыз» деп жазыпты.

Атам Қазақтың «Жақсы сөз, жарым ырыс» дегені осы болса керек.



Алланың қалауы: не ойлап, не айтсаң сол болады. Алла жақсылықты да, жамандықты да адамдардың пиғылына қарай беремін деген. Өздеріңіз көріп отырғандай, «Құдай қосқан қосағым» кезінде ешкім ажырасқан жоқ, «жолдас» болдық ажырадық.

БІР-БІРІМІЗГЕ ЖАҚСЫ СӨЗ АЙТЫП, АЛЛАДАН ЖАҚСЫ ТІЛЕК ТІЛЕЙІК!

**Мұхамбеткәрім ҚОЖЫРБАЙҰЛЫ**
*Маңғыстау облысы*

СПОРТ

## ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ҰЛТТАР ЛИГАСЫН ГРУЗИЯҒА ҚАРСЫ ОЙЫНМЕН БАСТАЙДЫ

**Европалық футбол қауымдастықтары Одағы (УЕФА) ресми сайтында Ұлттар лигасы жарысының күнтізбесін жариялады.**

Қазақстан құрамасы топтағы алғашқы ойынын Грузияға қарсы ойынмен бастайды. Бұл құраманы жаттықтыратын бапкер Владимир Вайсстың есімі қазақ спортсүйер қауымына таныс-ақ. Бұл маман осыған дейін Алматының «Қайрат» клубын жаттықтырған болатын. Қос құрама арасындағы ойын 6 қыркүйек күні Қазақстанда өтеді. Топтық кезеңдегі ойындар жыл соңына дейін аяқталады.

6 қыркүйек: Қазақстан - Грузия
10 қыркүйек: Андорра - Қазақстан
13 қазан: Латвия - Қазақстан
16 қазан: Қазақстан - Андорра
15 қараша: Қазақстан - Латвия
19 қараша: Грузия - Қазақстан

Айта кетейік, Ұлттар лигасы – Европалық футбол қауымдастықтары Одағы (УЕФА) қолға алған жаңа футбол додасы. Халықаралық футбол күнтізбесіне сәйкес, әр екі жыл сайын өтетін болады. Жарыстың мақсаты – ұлттық құрамалар деңгейінде футболдың өркендеуі мен ресми ойындардың санын арттыру. Бұл жарысқа УЕФА құрамына кіретін 55 елдің футбол қауымдастығының құрамалары қатысады. Кеше Лозаннада жеребе тарту рәсімі өтті. «D» дивизионы төрт топтан,әр топ төрт командадан тұрады. Әр топтың жеңімпазы «С» дивизионына ауысады. Сонымен қатар «Еуро-2020» жолдамасы сарапқа салынатын іріктеу ойындарына қатысады.

*massaget.kz*

«Ақ жол» демократиялық партиясы Мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұлұлына бауыры **Темірбек СМАҒҰЛҰЛЫНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Қазақ үні» республикалық газетінің ұжымы белгілі композитор Қалдыбек Құрманәлі мен филология ғылымының докторы, профессор Кәрімбек Құрманәлиевке бауырлары **ПӘРІМБЕКТІҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
*«Қазпошта» арқылы Жазылу бағасы:*
1 айға – қала – 299,29, аудан/ауыл – 317,93
3 айға – қала – 897,87, аудан/ауыл – 953,79
6 айға – қала –1 795,74, аудан/ауыл - 1 907,58
12 айға – қала –3 591,48 , аудан/ауыл - 3 815,16

ЖҰЛДЫЗДАР БАР СЫРЫН АШАТЫН «ЖҰЛДЫЗДАР ҚҰПИЯСЫ» ЖУРНАЛЫНА ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 74296
*«Қазпошта» арқылы Жазылу бағасы:*
1 айға – Алматы – 266,51, қала – 273,56, аудан/ауыл – 277,18
3 айға – Алматы – 799,53, қала – 820,68, аудан/ауыл – 831,54
6 айға – Алматы - 1599,06 қала – 1641,36, аудан/ауыл – 1663,08
12 айға – Алматы – 3198,12, қала - 3282,72 аудан/ауыл – 3326,16

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұрлан ӘБДІБЕК (қоғам)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ (8-702-931-89-86)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН (8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҮЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА (8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ (8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН (8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ (8-775-998-15-39)
Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
Оңтүстік Қазақстан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР (8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор – Әзірет ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:
Алматыда:
Асхат ТЕЗЕКБАЕВ (8-701-499-27-80); (8-777-115-13-49)
Астанада:
Көбей ЖЕТІБАЙ (8-775-665-74-10)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01.08.2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 000
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz
Кезекші редактор – Дастан ЕЛДЕС

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ., С.Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ